The strength of experimental sulfate-resistant cements after 28 days at bending is 6,7 MPa, at compression 45,4 MPa. the strength of the steamed samples 4x4x16 cm was 4,6 MPa in bending and 30,3 MPa in compression.

Various variants of technological schemes for waste disposal in relation to the plant of the wet method - Sastobe Technologies LLP and the dry method of Standard Cement LLP are considered. Limestone crushing waste can be used as a carbonate component of the raw material charge and as a mineral additive in composite cements. Coal mining waste can completely replace the aluminosilicate component of the charge and add a combustible mass to the fired sludge or flour. Lead slags can be used as a ferrous corrective additive, instead of pyrite stub delivered thousands of kilometers away, in addition, slags have an effective mineralizing effect on the processes of clinker formation.

Conclusion

The development of a new "green" ecological energy-saving technology for the production of cement clinker and Portland cement based on man-made raw materials comprehensively solves several problems:

- multi-tonnage coal mining waste, lead slag, limestone crushing waste that pollutes the environment are disposed of;

- lead slags perform a twofold task: they are a ferrous corrective additive and a mineralizer of clinker formation processes. The combined effect of the slag and territoriality the temperature of the complete process of roasting clinker is reduced to 1300-1350 °C. This will reduce fuel consumption, increase furnace performance and reduce CO₂ emissions into the atmosphere by 20-25 %;

- with the waste of coal mining, from 2 to 3,5% of coal is added to the fired charge, which will reduce the heat costs and the consumption of nozzle fuel for firing clinker;

- the results of the research were tested in pilot tests at Sastobe Technologies LLP on a rotating furnace Ø4x150 m, the firing temperature decreased by 100-110°C, the furnace capacity increased from 30 t/h to 34.5 t/h or by 15,1 %, the consumption of natural fuel decreased from 380 kg/t to 307,8 kg / t or by 19 %, the consumption of conventional fuel decreased from 271 to 219.5 kg of conventional fuel per 1 ton of clinker.

Thus, the developed low-energy resource-saving technologies and compositions of raw materials for the production of cement clinkers using man-made raw materials will increase the efficiency of cement production, reduce CO₂ emissions, reduce environmental pollution and improve the ecology of the region, create a "green" ecological technology for producing Portland cement.

References

1. Классен, В.К. Техногенные материалы в производстве цемента: монография / В.К. Классен, И.Н. Борисов, В.Е. Мануйлов; – Белгород: Изд-во БГТУ, 2008. – 126 с.
2. Таймасов Б.Т., Худякова Т.М., Жаникулов Н.Н. Комплексное использование природного и техногенного сырья в производстве малоэнергоёмких цементов. - Шымкент: Типография «Алем», 2017. - 200с.
3. Таймасов Б.Т., Классен В.К. Химическая технология вяжущих материалов: учебник / - 2-е изд., доп. - Белгород: Изд-во БГТУ, 2017. – 448с.
4. Справочный документ по наилучшим доступным технологиям обеспечения энергоэффективности. - М.: Эколайн, 2012. - 458 с.
5. Потапова Е.Н. Наилучшие доступные технологии производства цемента. Опыт разработки российского справочника. ЭКОТЕХ 2016 – Семинар (коучинг). Комплексные разрешения, нормирование на основе НДТ, применение справочников НДТ. 28 апреля 2016 г. Крокус Экспо.
6. Производство цемента, извести и оксида магния. Доклад Европейской комиссии, Института по исследованию перспективных технологий. Перевод. – М.: – 2009.
7. Классен В. К. Сравнительный анализ энергоёмкости сухого и мокрого способов производства цемента // Цемент и его применение. -2011. -№ 6. - С. 20-23.
8. Уфимцев В. М., Капустин Ф. Л., Пьячев В. А. Техногенное сырьё в производстве цемента: вчера, сегодня, завтра // Технологии бетонов. - 2012. № 1/2. - С. 22-25.
9. Taimasov B.T., Sarsenbayev B.K., Khydyakova T.M., Kolesnikov A.S., Zhanikulov N.N. Development and Testing of Low-Energy-Intensive Technology of Receiving Sulphate-Resistant and Road Portlandcement // Eurasian Chemico-Technological journal, 2017. - P.347-355.
10. Таймасов Б.Т., Жаникулов Н.Н. Малоэнергоёмкие и ресурсосберегающие сырьевые смеси для получения клинкера // Труды Международ. НПК, посвященной 65-летию БГТУ им. В.Г. Шухова «Наукоёмкие технологии и инновации» (XXIII научные чтения). - Белгород, 2019. Ч 1. - С. 153-159.

11. Таймасов Б.Т., Худякова Т.М., Жаникулов Н.Н., Хашимов А.Н. Процессы клинкерообразования в малоэнергоемких сырьевых шихтах // Цемент и его применение. 2018. №1. Санкт-Петербург. - С.170-174.
12. Таймасов Б.Т., Альжанова А.Ж., Даулетияров М.С., Жаникулов Н.Н., Сейткадиева Л.А. Подбор и исследование сырьевых материалов и отходов для получения клинкеров специальных цементов // Научные труды ЮКГУ им. М.Ауэзова. № 3 (34). 2015. – С. 31-36.
13. Таймасов Б. Т., Жаникулов Н. Н., Калтай А. Р., Косымбекова А. Минерально-сырьевые источники для энергосберегающего производства портландцементного клинкера // Комплексное использование минерального сырья. № 2. - 2016. – С.95-101.
14. Zhanikulov N.N., Taimasov B.T., Borisov I.N., Dzhanmuldaeva Zh.K., Dauletiarov M.S. Research on obtaining low energy cements from technogenic raw materials // Journal of Chemical Technology and Metallurgy. Bulgaria, 2020. №4.
15. Zhanikulov N.N., Khudyakova T.M., Taimasov B.T., Sarsenbayev B.K., Dauletiarov M.S., Kolesnikov A.S., Karshygayev R.O. Receiving portland cement from technogenic raw materials of South Kazakhstan // *Eurasian Chemico-Technological Journal* 21, 2019. P.333-340.
16. Евразийский патент №033588. Сырьевая смесь для получения портландцементного клинкера / Таймасов Б.Т., Худякова Т.М., Садуакасов Т.М., Даулетияров М.С., Жаникулов Н.Н., Абеков К.О., Серикбаева А.Т., Сабет Ж.К. опубл. 07.11.2019. – 4 с.
17. Патент на полезную модель РК №2610. Сырьевая смесь для получения портландцементного клинкера / Таймасов Б.Т., Садуакасов Т.М., Альжанова А.А., Даулетияров М.С., Жаникулов Н.Н., Абеков К.О., Хашимов А.Н., Сейтбекова Б.М.; опубл. 12.02.2018, бюл. №6. – 3 с.
18. Худякова Т.М., Таймасов Б.Т., Барбанягрэ В.Д. и др. Способ обжига низкоосновного быстротвердеющего клинкера. Патент РК на полезную модель №3159. 17.09.2018.
19. Таймасов Б.Т., Худякова Т.М., Жаникулов Н.Н. и др. Сырьевая смесь для получения портландцементного клинкера. Патент РК на полезную модель №3160. 17.09.2018.
20. ГОСТ 22266-2013 Цементы сульфатостойкие. Технические условия. Введ. 2015-01-01.- М.: Стандартинформ, 2014. – 12 с.
21. Таймасов Б.Т. Лабораторный практикум по химической технологии вяжущих материалов: учебник / - Шымкент: ЮКГУ им. М.Ауэзова, 2018. – 164с.
22. Горшков В.С., Тимашев В.В., Савельев В.Г. Физико-химические методы исследования вяжущих веществ. - М.: Высшая школа, 1981. – С. 235-242.

Түйін

Портландцемент өндірісінде Оңтүстік Қазақстанның ірі тонналық қалдықтарын шикізат, белсенді минералды қоспалар, минерализаторлар, цемент ұнтақтау интенсификаторлары ретінде ұтымды пайдалану әдістері мен экологиялық таза энергетикалық «жасыл» технологиялар ойлап табылды. Ұсынылып отырған «жасыл» технологиялар арқылы клинкерді күйдіру температурасын 1300-1350 °С-қа төмендетуге болады. Темір қоспасы ретінде қолданылатын шлагы мен тефритобазальт төмен температурада клинкер балқымасының пайда болуына ықпал етеді, оның қасиеттерін жақсартады және клинкер түзілу процестерінің аяқталуына ықпал етеді. Ленгер шахталарының көмір өндірісінің қалдықтары 20% - ға дейін көмірден тұрады, клинкер алу үшін Шикізат қоспасының алюминосиликатты компонентін толығымен алмастырады, 1 тонна клинкерді жағуға отынның нақты шығынын азайтуға көмектеседі. Зерттеу нәтижелері "Састобе Технолоджис" ЖШС-де тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарда тексерілді. Пеш жұмысының жақсаруы анықталды, бос СаО құрамы 0,5-1,5%, күйдіру температурасы 100-110 °С-қа төмендеді, пештің өнімділігі 30-дан 34,5 т/сағ-қа дейін немесе 15,1% - ға артты, отын шығыны 271-ден 219,5 кг-ға дейін төмендеді. Тәжірибелік сульфатқа төзімді цементтердің беріктігі 28 күннен кейін иілу кезінде 6,7 МПа, қысу кезінде 45,4 МПа құрайды.

Аннотация

Разработаны способы утилизации отходов Южного Казахстана в качестве сырья, активных минеральных добавок, минерализаторов обжига, альтернативного топлива в производстве портландцемента, разработаны экологичные малоэнергоёмкие «зеленые» технологии получения цементов. В разработанных технологиях температура обжига снижается до 1300-1350 °С. Свинцовый шлак, используемый в качестве железосодержащей добавки и тефритобазальт способствуют появлению клинкерного расплава при пониженных температурах, улучшают свойства, способствуют низкотемпературному завершению процессов. Отходы ленгерских шахт содержат до 20 % угля, полностью замещают алюмосиликатный компонент сырьевой смеси, способствуют снижению удельного расхода топлива на обжиг 1 т клинкера. Результаты исследований апробированы в опытно-промышленных испытаниях в ТОО «Састобе Технолоджис». Установлено улучшение работы печи, содержание СаО свободной 0,5-1,5 %, температура обжига снизилась на 100-110 °С, производительность печи увеличилась с 30 до 34,5 т/ч или на 15,1 %, расход топлива снизился с 271 до 219,5 кг усл. топлива на 1 т клинкера. Прочность экспериментальных сульфатостойких цементов через 28 суток при изгибе составляет 6,7 МПа, при сжатии 45,4 МПа.

ИНФОРМАТИКА, IT-ТЕХНОЛОГИИ
COMPUTER SCIENCE, INFORMATION TECHNOLOGIES

УДК 371.13:371.381

Г. А. Бакирова

П.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІПКЕ БАУЛУДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ**

Түйін

Мақалада студенттерді кәсіпке баулуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану жолдары қарастырылады. Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым - қатынасына ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері - жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар ақпараттық коммуникациялық технология құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы ақпараттық коммуникациялық технология құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу қызметінен байқалады. Заманауи ақпараттық коммуникациялық технология құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай - ақ, ақпараттық коммуникациялық технология құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Кілттік сөздер: кәсіптік білім беру, баға, бағалау, кейс

Кіріспе

Бүгінгі күнде кәсіптік білім беруде ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдалану жолдарын қарастыру керек. Егер педагогиканың озық технологиялары мен цифрлық технологияларды бір - бірімен жарасымды үйлестіре білсек, оларды қолдануда педагогикалық шеберлік қажетті деңгейге жеткізе алсақ, білім беру саласы қандай да болмасын бәсекеге немесе әртүрлі апаттардан келіп шығатын (бүгінгі таңдағы пандемия сияқты) кедергілерге төтеп беретіні сөзсіз.

Теориялық талдау

Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік - жалпы білім беру мақсатындағы басты басымдықтардың бірі. Өмірдің өңі өзгеріп, ақпараттық іс-әрекеттің рөлі артады, соның ішінде адам ақпаратты өз бетімен белсенді түрде өңдеп, технологиялық құралдардың көмегімен күтпеген жағдайлардан оңтайлы шешім табуға тырысады [1].

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым - қатынасына ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері - жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) пайдалану пайдалылығының критерийі келесідей: компьютерлік технология осы технологияны қолданбаған жағдайда алынбайтын оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін тиімді. Ол оқу нәтижелеріне дағдыларды әдеттенгенше машықтандыру, студенттердің қызығушылықтарын, ой белсенділігін және

жұмысқа қабілеттілігін арттыру, студенттердің әрекеттену жылдамдығын және күрделілік деңгейін бақылау, түпкілікті және аралық нәтижелерді бақылау болып табылады [2].

Компьютерді оқу әрекетінде қолданудың негізгі нұсқалары: дидактикалық материалды жасақтау, дайын бағдарламалық құралдарды қолдану, оларды студенттер мен оқытушылардың өздері дайындауы.

Сонымен қатар ақпаратты технологияларды меңгеру деңгейі әр түрлі: оқытушының жай жұмыс дағдыларынан бастап, жоғары дәрежелі тұтынушының деңгейіне дейін. Меңгеру деңгейі неғұрлым жоғары болса, педагогтың түпкілікті өнімге қосатын үлесі соғұрлым жоғары болмақ, яғни ақпараттық құзыреттілігі өскен сайын оқытушы дайын электронды өнімді «тұтынушы» деңгейінен «жасақтаушы» деңгейіне көшеді.

Тәжірибелік бөлім

Электронды материалдарды пайдаланудың әр түрлі тәсілдерін қарастырып көрейік.

1. Электронды кестелерді қолдану. Атап айтқанда, информатикамен кіріктірілген сабақтарда электронды кестелерді пайдалана отырып, Excel электронды кесте редакторының көмегімен графиктер тұрғызуға болады.

2. Интерактивті тақтаны қолдану. Оның көмегімен оқыту әдеттегі білім беру әдістеріне ұқсамайды, алайда сабақты оңтайлы өткізу негіздері бір. Интерактивті технологияларды пайдалану тиімділігі оқытушының өзіне, оның тақта мүмкіндіктерін қалай пайдаланатынына, студенттер мен өзіне қалай жол ашатынына байланысты. Оқытушының сабақта ИТ(интерактивті тақта) қолданып, жұмыс істеуінің негізгі формалары: дайын материалдарды көрнекі түрде ұсыну немесе толықтыру, студенттердің өзіндік жұмыстарының нәтижелерін көпшілік талқысына салу, алдын ала дайындалған материалдар (тест, сызбалар, суреттер) бойынша бақылауды ұйымдастыру.

3. Таныстырылымдар жасау. Бұл оқушы мен оқытушының арасында ақпараттық технологияны қолданудың кең таралған тәсілі. Сабақта оны қолдану артықшылықтары мынадай: оқушыларға алдын ала тексерілген мәтін беріледі, оған сызбалар, суреттер, фотосуреттер, анимация әсерлері оңай кіріктіріліп отырады. Сауатты құрылған таныстырылым сабақты өнімді өткізуге мүмкіндік береді. Алдын ала дайындалған бірізді кадамдық материал сабақтың жылдамдығына әсер етіп, әрбір аралық кадамға оралуға мүмкіндік береді. Егер таныстырылымға бірегей, стандарт емес материал енгізілетін болса, ол студенттер үшін қосымша білім көзі болып табылады, оларды өз бетімен зерттеулер жүргізуге, жаңа ақпаратты іздеуге итермелейді.

4. Электронды оқулықтар, құралдарды пайдалану. Электронды оқулық оқу ақпаратының мультимедиялық қайнар көзі болып табылады, ол оқытушыны толығымен немесе жартылай алмастыра алады. Компьютерлік оқулық студенттің әр «жетістігі» мен «олқылығын» есінде ұстайды [3.4].

Тестпен жұмыс істегенде дұрыс және бұрыс жауаптар белгіленеді, тақырыптарды өтуді автоматты түрде қадағалау мен тексеру жұмыстарының қызметі іске қосылған.

Электронды оқулықты үйде де қолдануға болады: өз бетімен тақырыпты талдап, материалды бекітіп тапсырма жаттықтырғышымен жұмыс істеп, өзін-өзі тексеруге мүмкіндік береді.

Электронды оқулықтың автоматтандылығын оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электронды оқулық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әртүрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық ресурстарға сілтемелер беріледі.

Электронды оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады:

- шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді;
- дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі;
- гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;

- қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды, т.с.с. (мультимедия-технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді);
- әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді;
- белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады.

Осы айтылған жетістіктерді ескере отырып 6В01450–«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге арналған «Тігін ісінің құрал-жабдығы» атты электронды оқулықты әзірленіп, оқу процесінде қолданылуда. Электронды оқулықта «Материалдарды өңдеу технологиясы» пәнінің оқу бағдарламасына сай «Тігін машиналары» бөлімінің барлық тарауларын қамтитын материалдармен жинақталған. Сонымен қатар тігін машиналары туралы алған білімдерін пысықтау мақсатында тестік тапсырмалар арнайы бағдарламамен жасалынып ұсынылған. Әрбір тарау бойынша бақылау сұрақтары көрсетілген. Әдебиеттер тізімі берілген [5].

Сонымен бірге «Тігін бұйымдарын өңдеу технологиясы» пәні бойынша виртуалды лабораториялық жұмыстар әзірленіп оқу үдерісінде қолданылуда. Виртуалды жұмыстың алғашқысы «Тігін машиналарын сабақтау» деп аталады. Онда тіке тігісті әмбебап және арнайы тігін машиналарының сабақталу жолдары теориялық тұрғыда сипатталып, анимациялық тұрғыда тігін машиналарының сабақталы барысы көрсетіледі. Содан соң студенттің өзі тігін машинасын компьютерде сабақтау жұмыстарын жасайды. Бұл виртуалды жұмыстардың жетістіктері студенттерге тігін машиналарын сабақталу процесін сабақтан тыс уақыттарда арнайы тігін шеберханасына келмей-ақ үйде өз бетінше жаттығып үйренуге мүмкіндік береді.

Тігін ісіне баулуда оқытуды ақпаратты коммуникативтік технология негізінде жүргізу мақсатында “Мойын ойындыларын әдіптеп өңдеу” тақырыбында виртуалды лабораториялық жұмыс әзірленген.

Виртуалды лабораториялық жұмыстың құрылымы жұмысты орындау үшін берілетін әдістемелік нұсқаудан, тест сұрақтарынан, тапсырмалар мен пайдалануға қажетті әдебиеттер тізімінен тұрады.

Жұмысқа берілетін әдістемелік нұсқауда мойын ойындыларын әдіптеп өңдеу үрдісі 6 кезеңге бөлініп, жұмысты орындауға қажетті теориялық мағлұматтар берілген.

Осы жұмысты орындауға қажетті теориялық мағлұматтарды студент меңгергеннен кейін 6 тест сұрағы берілген. Осы тест сұрақтарының кем дегенде 4-уін шешу арқылы оқушы тапсырмаларды орындауға рұқсат алады. Егер рұқсат ала алмай қалған жағдайда әдістемелік нұсқауды қайта қарап, әрбір кезеңді қайтадан мұқият оқып меңгеруі тиіс.

Жұмысты орындау үшін 6 тапсырмалар берілген. Тапсырманың құрылымы тапсырма номері, аты және орындауға тиісті тапсырмалар жиынтығы. Тапсырманы орындау барысында оқушы басқару базасына еніп, қажетті параметрлерді анықтайды.

Басқару базасы бойынша жұмысты орындауға қажетті параметрлерді анықтағаннан кейін алға деген батырманы басу арқылы жұмыс орындалады. Яғни анимация көрсетіледі.

Егер басқару базасына қажетті параметрлер дұрыс берілмесе процесс жүрмейді. Яғни дұрыс емес. Әдістемелік нұсқауды қайталаңыз деген сөз шығады.

Сондай-ақ тігін машиналарын меңгертуде «JANOME 419S\423S тігін машинасының кіші механизация жабдықтарымен жұмыс жасау» тақырыбында виртуалды лабораториялық жұмыс әзірлеп ұсынылды.

Жұмыстың құрылымы жұмыстың тақырыбы, мақсаты, мазмұны, керекті құрал-жабдықтары, әдістемелік нұсқау, тест, бақылау сұрақтары, тапсырмалар мен жаттығулар, пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер, авторлардан тұрады. Әдістемелік нұсқауда тігін машиналары туралы мағлұматтар, олардың түрлері, жіктелуі жайлы теориялық мағлұматтар беріледі [6].

Сонымен қатар JANOME 419S\423S тігін машинасының кіші механизация жабдықтарымен жұмыс жасаудың барысына әдістемелік нұсқау жасалады. Мұнда біз бірінші

түймелікті автоматты түрде орындайтын табанмен жұмыс жасауды, екінші жасырын тігіс орындайтын, үшінші бастырмалау тігістерін орындайтын басу табандарының жұмыс істеу принциптері теориялық тұрғыда берілген және жұмыс барысы иллюстративті суреттермен көрсетілген. Осы жұмысты орындауға қажетті теориялық мағлұматтарды студент меңгергеннен кейін 7 тест сұрағы берілген. Осы тест сұрақтарының кем дегенде 5-уін шешу арқылы оқушы тапсырмаларды орындауға рұқсат алады. Егер рұқсат ала алмай қалған жағдайда әдістемелік нұсқауды қайта қарап, әрбір кезеңді қайтадан мұқият оқып меңгеруі тиіс. Тапсырманы орындауға мүмкіндік алғаннан кейін тапсырмалар ашыла бастайды. Бұл жерде біз арнайы таблицалар беріп оған тігін машинасын жұмысқа дайындау параметрлерін жазып көрсетуді ұсынып отырмыз. Тапсырманы орындап болған соң тігін машинасында жаттығу жұмыстарын жасауға мүмкіндік алады.

Тігін ісіне баулу сабағында виртуальды жұмыстарды қолдану олардың арнайы технологиялық іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруға тікелей қызмет етпейді. Дегенімен тігін бұйымдарын әзірлеуге қажетті теориялық білімдерін қалыптастыру барысында қажетті болып табылады [7].

АКТ қоладну арқылы пәнді оқыту тиімділігі артады. Ақпараттық технологиялар ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, оқу іс – әрекетінің нұсқалылығының мүмкіндіктерін кеңейтіп, студентті белсенді және тең құқылы қатысушы деп қарайтын білім беру жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Мұның мынадай қосымша артықшылықтары да бар: уақыттың үнемделуі, көрнекілігі, бейнелілігі, материалды ұсыну түрлерінің тез алмасып отыруы, олардың электронды түрде жинақталып, сақталуы.

Тігін ісіне баулуда ақпараттық технологияларды қолданып өтетін сабақтар саны артқан сайын студенттердің ақпараттық мәдениеттілігі жоғарылап, АКТ білім беруші және кіріктірушілік маңызын түсіне бастайды, оқуға түрткі болады. Бұл студенттердің танымдық үрдісін белсендіріп, ойын (кеңістіктік, алгоритмдік, түйсіктік, шығармашылық, теориялық) дамытады, оңтайлы шешім табу, эксперименттік-зерттеушілік іспен айналысу біліктілігін қалыптастырады, оқу үрдісінің нәтижелілігін көтереді.

Қорытынды

АКТ - ның негізгі мақсаты - оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс - әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан - жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде АКТ - ны қолдану мен оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ - ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

АКТ - ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу қызметінен байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай - ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбекова С.А. Монография. Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімдерін кәсіби даярлау. Монография – Алматы: Жазушы, 2008 ж. – 330 б.
2. Коляда М. Г. Педагогическое прогнозирование в компьютерных интеллектуальных системах: Учебное пособие / М. Г. Коляда, Т. И. Бугаева. М.: Изд-во «Русайнс», 2015, 380 с.

3. Чернилевский Д.В., Моисеев В.Б. Инновационные технологии и дидактические средства современного профессионального образования. Учеб. пособ. Для студентов высш. учеб. заведений. М.: МГИУ, 2012, 305с.
4. Камалов Ю.Н. Инновационные подходы к подготовке квалифицированных кадров // Әуезов оқулары–7 Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, ОҚМУ, 2004, Б.24-25.
5. Бакирова Г.А. Тiгiн iсiне баулуда студенттердiң арнайы ептiлiктерi мен дағдыларын қалыптастырудың психологиялық ерекшелiктерi // Труды международной научно-практической конференции на тему: «Актуальные проблемы педагогического образования» посвященный 15летию Независимости РК и 5 летию образования университета. Шымкент, 2006, Т.1, Б. 298-300.
6. Бакирова Г.А. Тiгiн iсiне баулуда кейс әдiсiн пайдалану жолдары // М.Әуезов- жаңа дәуiр данышпаны атты Халықаралық ғылыми-тәжiрибелiк конференция материалдары. Шымкент, 2007, Б. 10-12.
7. Бакирова Г.А. Кредиттiк оқу жүйесi негiзiнде оқу әдiстемелiк кешен түзудiң ерекшелiктерi // Бiлiм-Образования, 2007, №1, Б.13-16.

Аннотация

В статье рассмотрены способы использования информационно-коммуникационных технологий в привлечении студентов к профессии. Формирование информационного общества стало необходимым условием обмена информацией и общения между людьми в соответствии с современными требованиями в период широкого использования и быстрого развития информационных и коммуникационных технологий. В этой связи формирование информационной культуры у молодежи - членов нашего будущего общества - главная задача, стоящая перед обществом. Благодаря использованию информационных и коммуникационных технологий в классе студенты расширяют свои предыдущие знания и самостоятельно выполняют творческие задания. возможность корректировать задачи в соответствии с уровнем сложности. Работа с современными средствами информационно-коммуникационных технологий учит студентов аккуратности, точности, эффективно выполнению задач, вниманию к основной проблеме, а также учит студентов планировать собственные действия, принимать правильные решения при работе с информационно-коммуникационными технологиями.

Abstract

The article considers ways to use information and communication technologies in attracting students to the profession. The formation of an information society has become a necessary condition for the exchange of information and communication between people in accordance with modern requirements at a time of widespread use and rapid development of information and communication technologies. In this regard, the formation of an information culture among young people - members of our future society - is the main task facing society. With the use of information and communication technologies in the classroom, students expand their previous knowledge and perform creative tasks on their own. the ability to adjust tasks according to the level of difficulty. Working with modern information and communication technology tools teaches students accuracy, precision, effective performance of tasks, attention to the main problem, as well as teaches students to plan their own actions, make the right decisions when working with information and communication technology.

А.С. Муратов, А.Х. Абдуллаева

т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,
Қазақстан

ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК АҚАУЛАР ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЕРЛЕР

Түйін

Ақпараттың қауіпсіздігі, ақпараттың жоғалмауы сияқты, қауіпсіздік жүйесін енгізумен ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған үлкен бір ғылым десек те болады. Ақпаратты қорғаудың мәселелері үлкен ауқымды алады және күрделі жұмыстарды қамтиды. Ақпараттық қауіпсіздік проблемалары техника бар барлық салаларда және ең алдымен ақпарат бар жүйелерге мәліметтерді өңдеу мен берудің техникалық құралдарының жаңаруымен үнемі ахаулар тудырып отырады. Мақалада компьютерлік жүйелер мен желілердегі ақпаратты қорғау проблемасына, ұйымдар мен мекемелерге арналған қауіпсіздік саясатын жасаудың бағыттары мен әдістеріне байланысты негізгі түсініктер қамтылған. Ақпаратты рұқсатсыз қол жетімділіктен және пайдаланудан, тұтастығын бұзудан қорғау, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығын: криптография, стеганография және фуфусациядан қорғау мақсатында трансформациялау әдістерінің мәселелерін қарастырады. Ақпаратты қорғаудың құқықтық аспектілерін қарастыру кезінде және ақпараттық қауіпсіздіктің заңсыз әрекеттері компьютерлік қылмысқа жатқызылады.


Кілттік сөздер. Аппараттық құрылғылар, ақпарат және есеп жүйелер, ионды сәулелену, бағдарламалық жасақтама, деструктивті, вирустар.

Кіріспе. Электромагниттік және иондаушы сәулелену ақпарат және есеп жүйелерінің (АЕЖ) жұмысын тұрақсыздандыратын маңызды факторлардың бірі болып саналады. Біріншісінің қайнар көздері іс жүзінде барлық құралдар болып табылады, олардың жұмыс істеуі электр энергиясын пайдалануға электромагниттік толқындарды мақсатты түрде шығаратын аппараттық құрылғылар (АҚ) негізделген (бұларға, мысалы, трансивер және басқа ұқсас радиоэлектрондық құрылғылар жатады). Жалпы алғанда кез-келген ток өткізгіш электромагниттік кедергілердің көзі болып табылады. Мұндай көздер жасанды немесе өндірістік үй шаруашылығының класына жатады. Өз кезегінде, оларды білінбейтін және қасақана деп бөлуге болады. Соңғысы Шуриктің шытырман оқиғалары туралы фильмдегі эпизодқа ұқсас жағдайларда орын алады: емтихан кезінде профессор арнаны «бітеп тастаған» генераторды қосқан[1].

Ионды сәулелену табиғи түрде де болуы мүмкін (күн радиациясы) және жасанды (уран мен торийдің изотоптары тіпті пластмасса) табиғатты шығарады.

Кедергі әсерінің АҚ-ға әсер етуінің негізгі салдары сақталған, жіберілген немесе өңделген ақпараттағы қателіктер болып табылады. Басқаша айтқанда, кедергілер функционалды сенімділікті төмендетеді.


Сырттан келетін қауіптердің мәні мен сипаттамаларын жақсы түсіну үшін деструктивті немесе зиянды бағдарламалық жасақтама (ағыл. *malware – malicious software*), сондай-ақ рұқсат етілмеген қатынасты ұйымдар үшін осындай құралдарды қолданатын адамдар (хакерлер мен хакерлер) 1 суретте қазіргі заманғы ақпараттық жүйе периметрінің мысалын көрсетеді және 2 суретте жергілікті желінің осал жерлерін схемалық түрде көрсетеді[2].



Сурет 1. Заманауи ақпараттық жүйенің (АЖ) периметр мысалы

Негізгі факторлар (қатерлер):

- 1) бұзушының әрекеті;
- 2) ақпарат көздерін бақылау;
- 3) құпия сөйлесулер мен жұмыс механизмдерінің дыбыстық сигналдарын тыңдау;
- 4) электрлік, магниттік және электромагниттік ұстап қалу өрістер, электр сигналдары және радиоактивті сәулелену;
- 5) ұйымнан тыс материалдарды тасымалдаушыларды рұқсатсыз тарату;
- 6) құзыретті адамдардың ақпаратты ашуы;
- 7) ақпараттық тасымалдаушылардың жоғалуы;
- 8) ақпаратты рұқсатсыз тарату жабдықта кездейсоқ пайда болған өрістер мен электр сигналдары;
- 9) табиғи күштердің әсері (су тасқыны, өрт және т.б.);
- 10) жинау, өңдеу және беру жабдықтарындағы ақаулар мен ақаулы ақпарат;
- 11) электрмен жабдықтау жүйесінің істен шығуы;
- 12) қуатты электромагниттік және электрлік әсер ету араласуы (өндірістік және табиғи).



Сурет 2. Жергілікті желінің ең осал жерлері

Деструктивті арқылы рұқсат етілмеген қатынас бағдарламалық қамтамасыз ету, әдетте, компьютерлік желілер арқылы жүзеге асырылады.

Зиянды бағдарламалардың жіктелуін келесідей қорытындылауға болады:

Вирустар (viruses) - бұл орындалатын файлдарға өздерінің кодтарын қосу арқылы өзін-өзі тарататын бағдарламалар; вирустар құрамында деструктивті функциялар болуы мүмкін;

Құрттар (worms) дегеніміз - бұл желіде өзін-өзі көбейтетін және вирустардан айырмашылығы, өздерін (әдетте) орындалатын файлдарға қоспайтын бағдарламалар; барлық құрттар компьютерлік ресурстарды «жейді», интернет-трафикті «қуып жетеді» және компьютерден деректердің ағып кетуіне әкелуі мүмкін;

Пернетақта анализаторлары немесе *клоггерлер (keyloggers)* - бұл пернелердің басылуын тіркейтін, жұмыс үстелінің скриншоттарын түсіретін, компьютерде жұмыс істеген кезде пайдаланушының әрекеттерін бақылайтын және осы деректерді дискідегі жасырын файлға сақтайтын бағдарламалар, содан кейін бұл файл шабуылдаушыға жетеді;

Трояндар (trojans) немесе *трояндық аттар* - пайдаланушының компьютерінен құпия ақпаратты жинайды (парольдер, мәліметтер базасы және т.б.) және оларды жасырын түрде шабуылдаушыға (олардың иесіне) желі арқылы жібереді;

Боттар (bots) - бұл қолданушылардың компьютерлеріне орнатылған зиянды бағдарламалардың кең таралған түрі (ботнет желісі) және басқа компьютерлерге шабуыл жасау үшін қолданылады;

Снайферлер (sniffers) - трафиктің желілік анализаторлары; зиянды бағдарламалық жасақтаманың бөлігі ретінде қолданушының компьютерінде жасырын орнатылған және желі арқылы жіберетін немесе алатын деректерді бақылап отыруы мүмкін;

Руткиттер (rootkits) - зиянды бағдарламалық жасақтама емес; мақсаты - басқа зиянды бағдарламалардың жұмысын жасыру (кейлоггерлер, трояндар, құрттар және т.б.) пайдаланушыдан да, бағдарламалар мен қауіпсіздік құралдарынан да (антивирустар, брандмауэрлер, кіруді анықтау жүйелері және т.б.) [3-4].

Вирустар, трояндар және басқа да деструктивті бағдарламалар вирус жұққан файл компьютердің жедел жадына (КЖЖ) жүктелгеннен кейін ғана іске қосылады.

Негізгі қауіп зиянды бағдарламалардың 4 тобын санайды: вирустар (немесе классикалық вирустар), желілік құрттар, трояндық бағдарламалар және хакерлік бағдарламалар [5].

Вирустар өздерінің «диверсиялық» жұмысын пайдаланушы белгілі бір әрекеттерді жасағаннан кейін бастайды, мысалы, белгісіз файл абайсызда іске қосылғанда. Полиморфты вирустар көптеген мәселелер туғызуы мүмкін: олардың бағдарламалық коды үнемі өзгеріп отырады, бұл оларды классикалық әдістермен анықтау мүмкін емес етеді. Мұндай вирустарды барлық вирустарға тән мінез-құлық ерекшеліктерін талдауға негізделген әдістерді қолдану арқылы ғана залалсыздандыруға болады. Желілік құрттар жергілікті немесе ғаламдық желілерде «жорғалайды» және дербес компьютерге сәтті енгеннен кейін, дербес әрекет етеді, өйткені олар жеке бағдарламалар болып табылады [6]. Трояндық ат санатына ақпарат ұрлауға арналған бағдарламалар кіреді. Хакерлік утилиталар компьютерге киберқылмыскерлер алдын ала бағдарламалаған тапсырмалар арқылы еніп кетеді. Олардың басты мақсаттарының бірі - қауіпсіздікті бұзу және хост-хакерге жәбірленушінің ресурстарына қашықтықтан қол жеткізу.

Қорытынды. Барған сайын қолданушылар кибер алаяқтыққа тап болады және басқа тегін желілер Wi-Fi көмегімен Интернетке қосылу арқылы желілік қауіптің басқа түрлері, мысалы, банктік шотты тексеру, ұялы телефонға төлем жасау, пошта жіберу және басқа әрекеттер. Тегін Wi-Fi желілерін пайдалану кезінде қауіпсіздікке қатысты бірнеше негізгі қатерлер бар:

- хакерлер ұйымдастырған желілер толығымен заңды ақысыз кіру нүктелерін елестете алады;

- осы кіру нүктесіне қосылған компьютердегі зиянды бағдарламаларды қолданатын шабуылдар;

- *сниффинг* (сниффер (ағылш. *to sniff* - иіскеу) – желі трафик анализаторы, ұстап алу және кейінгі талдауға арналған бағдарламалық жасақтама немесе аппараттық-бағдарламалық құрал немесе тек басқа түйіндерге арналған желілік трафикті талдау), мақсаты

киберкылмыскерлердің жолын кесу және талдау құпия деректердің жоғалуына әкелетін пайдаланушының Интернет-трафигі;

- «ортадағы адам» әдісімен жеке ақпаратты ұрлау, бұл шабуылдаушы өзінің қатысуы туралы білмей-ақ пайдаланушылармен алмасқан хабарламаларды оқи алатын жағдайды білдіреді[7].

Осыған байланысты Wi-Fi желілерін қолдану ұсынылмайды, егер мүмкін болса, мобильді құрылғыда сақталатын құпия ақпараттың мөлшерін азайту керек. Ең бастысы, банктік транзакциялар үшін сізге тек сенімді Интернетке кіру нүктелерін пайдалану қажет. Электрондық поштаға қол жеткізу үшін сіз http емес, https қауіпсіз протоколы арқылы Wi-Fi желісіне қосылыңыз[8].

Әдебиеттер тізімі

1. Асимметричные методы шифрования. Модуль 2. Криптографические методы защиты информации в телекоммуникационных системах и сетях: учебное пособие / Под ред. Захарченко Н.В. Одесса: ОНАС им. А.С. Попова, 2010, 148 с.
2. Ярмолик В. Н., Портянко С.С. Криптография, стеганография и охрана авторского права: монография. Минск: Изд. центр БГУ, 2007, 240 с.
3. Урбанович П.П., Шиман Д.В. Защита информации и надежность информационных систем. Минск: БГТУ, 2013, 90 с.
4. Пласковицкий В.А., Урбанович П.П. Защита программного обеспечения от несанкционированного использования и модификации методами обфускации. // Труды БГТУ. Минск, 2011, С. 173–176.
5. Пласковицкий В. А., Урбанович П.П. Шифрование кодов программ на основе ключа, задаваемого рекуррентными математическими соотношениями // Труды БГТУ. № 6: Физ.-мат. науки и информатика. Минск, 2012, С. 146–148.
6. Шутько, Н. П. Особенности и формальное описание процесса осаждения секретной информации в текстовые документы на основе стеганографии. // Труды БГТУ. № 6: Физ.-мат. науки и информатика. Минск, 2014, С. 121–124.
7. Пласковицкий В.А. Использование абстрактных синтаксических деревьев для обфускации кода. // Труды БГТУ. № 6: Физ. мат. науки и информатика. Минск, 2014, С.142–146.
8. Шутько Н.П. Математическая модель системы текстовой стеганографии на основе модификации пространственных и цветовых параметров символов текста// Труды БГТУ. № 6: Физ.-мат. науки и информатика. Минск, 2015, С. 152–157.

Аннотация

Информационная безопасность, как и потеря информации, - это великая наука, направленная на обеспечение безопасности информации посредством внедрения систем безопасности. Вопросы информационной безопасности масштабны и сложны. Проблемы информационной безопасности постоянно развиваются во всех областях техники и, прежде всего, с обновлением технических средств обработки и передачи данных в информационные системы. В статье представлены основные понятия, связанные с проблемой информационной безопасности в компьютерных системах и сетях, направления и методы разработки политики безопасности для организаций и учреждений. Рассмотрены вопросы методов защиты информации от несанкционированного доступа и использования, нарушения ее целостности, а также методов преобразования с целью защиты прав интеллектуальной собственности: криптография, стеганография и обфускации. При рассмотрении правовых аспектов защиты информации противоправные действия защиты информации относятся к компьютерным преступлениям.

Abstract

Information security, like information loss, is a great science aimed at ensuring the security of information through the implementation of security systems. Information security issues are large and

complex. Information security problems are constantly evolving in all areas of technology and, above all, with the updating of technical means for processing and transmitting data to information systems. The article presents the basic concepts related to the problem of information security in computer systems and networks, directions and methods of developing a security policy for organizations and institutions. The issues of methods of protecting information from unauthorized access and use, violation of its integrity, as well as methods of transformation in order to protect intellectual property rights: cryptography, steganography and fusion are considered. When considering the legal aspects of information protection, illegal actions of information protection refer to computer crimes.

ӘОЖ 004.9:519.8(075.8)

Е.А. Нысанов, Г.С. Қапбар

ф.-м.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ДЕРЕКТЕРДІ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ӨНДЕУ

Түйін

Мақалада Mathcad компьютерлік математика жүйесі мен Delphi ортасында эксперименталды деректерді өңдеу үшін қолайлы қолданбалы бағдарламалар құрылған. Mathcad жүйесінің қазіргі таңда математика саласында қолдану тиімді әрі қолайлы болуда. Осы тиімділікті талдау мақсатында эксперименталды деректерді аппроксимациялау әдістерімен өңдеу мәселелерін Delphi ортасында және Mathcad жүйесінде салыстырмалы түрде зерттеуге мысал кетірілді. Құрылған қолданбалы бағдарламаларда ең кіші квадраттар әдісімен сызықты және параболалық аппроксимациялау қолданылған. Екі бағдарламалау ортасының нәтижелері арасында мысалдар арқылы жан-жақты талдау жасалынған. Құрылған қолданбалы бағдарламаларда ең кіші квадраттар әдісімен сызықты және параболалық өңдеу (аппроксимациялау) қолданылған. Құрылған қолданбалы бағдарламаларды инженерлік, ғылыми-техникалық есептеулерде және «Математикалық статистика», «Сандық әдістер», «Математикалық модельдеу» пәндерінің зертханалық сабақтарында кеңінен қолдануға болады.

Кілттік сөздер: ең кіші квадраттар әдісі, сызықты аппроксимация, параболалық аппроксимация, блок-схема, регрессия, Mathcad, Delphi.

Соңғы кезде қолданбалы бағдарламалар құруда объектке бағытталған бағдарламалау орталарымен бір қатарда Mathcad компьютерлік математика жүйесі кеңінен қолданылуда. Mathcad – бұл ғылым мен техниканың, білім берудің әртүрлі салаларында күрделі математикалық есептерді шешуді автоматты жоспарлау жүйесі. Математика саласында бұл жүйенің басқа орталарға қарағанда тиімділігі байқалуда. Осы тиімділікті талдау мақсатында эксперименталды деректерді аппроксимациялау әдістерімен өңдеу мәселелерін Delphi [1-3] ортасында және Mathcad [4-6] жүйесінде салыстырмалы түрде зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып есептелінеді.

Тәжірибе барысында өлшеу нәтижелері кейбір функциялық тәуелділіктің кестесі түрінде анықталады:

x_j	x_0	x_1	...	$[a, b]$
y_j	y_0	y_1	...	y_m

Міне, осы функциялық тәуелділікті аналитикалық түрде сипаттайтын $y = \varphi(x)$ функциясын табу қажет. Мұнда, тәжірибеден алынған тәуелділіктің сипатын (сызықты,

дәрежелік, сызықты-рационал, көрсеткішті, логарифмдік, экспоненциал, гиперболалық т.б.) ескеріп, $y = \varphi(x)$ функциясының түйін нүктелеріндегі мәнінің кестедегі мәндерінен ауытқуы барынша аз (тең болу міндетті емес) болу талабы қойылады. Мұндай функцияның аналитикалық өрнегін табудың кеңінен тараған әдістерінің бірі – ең кіші квадраттар әдісі [7-9].


Есептің қойылуы: берілген $(x_0, y_0), (x_1, y_1), \dots, (x_m, y_m)$ сандар жиыны бір айнымалы x -ке, $n+1$ параметрлері a_0, a_1, \dots, a_n тәуелді және берілген $[a, b]$ аралығының (мәндер жиынында) сәйкес x_0, x_1, \dots, x_m нүктелеріндегі y_0, y_1, \dots, y_m мәндерінен айырымдарының квадраттарының қосындысы

$$S = \min \left(\sum_{i=0}^m \left[\varphi(x_i, a_1, \dots, a_n) - y_i \right]^2 \right)$$

мейлінше аз болатын

$$y = f(x, a_0, a_1, \dots, a_n)$$

функциялық тәуелдікті табу қажет. Бұл есеп функцияны ең кіші квадрат әдісімен жуықтап өрнектеу (аппроксимациялау) деп аталад




1-сурет. Ең кіші квадраттар әдісімен сызықты аппроксимациялау алгоритмінің блок-схемасы

Мысал 1. Тәжірибе барысында өлшеу нәтижелері төмендегі кесте түрінде берілген болса:

x	0,95	1,8	2,9	4,1	4,8
y	4,2	11	15	21	26

ең кіші квадраттар әдісімен сызықты жуықтаушы $y = ax + b$ функциясын табыңыз.

Delphi ортасында құрылған қолданбалы бағдарлама нәтижесі төмендегі суретте көрсетілген:




2-сурет. Delphi ортасында ең кіші квадраттар әдісімен сызықты аппроксимациялау бағдарламасының нәтижесі (Мысал 1)

Мысал 2. Тәжірибе барысында өлшеу нәтижелері төмендегі кесте түрінде берілген болса:


x	1	2	3	4	5	6
y	0,8	3,5	8	15	19	15

ең кіші квадраттар әдісімен параболалық жуықтаушы $y = ax^2 + bx + c$ функциясын табыңыз. Delphi ортасында құрылған қолданбалы бағдарлама нәтижесі төмендегі суретте көрсетілген:




3-сурет. Delphi ортасында ең кіші квадраттар әдісімен параболалық аппроксимациялау бағдарламасының нәтижесі (Мысал 2)

Mathcad ортасында эксперименталды деректерді аппроксимациялау әдістерімен өңдеудің қолданбалы бағдарламалары келесі суреттерде көрсетілген:



4-сурет. Mathcad ортасында ең кіші квадраттар әдісімен сызықты аппроксимациялау бағдарламасының нәтижесі (Мысал 1)



5-сурет. Mathcad ортасында ең кіші квадраттар әдісімен параболалық аппроксимациялау бағдарламасының нәтижесі (Мысал 2)

Табиғаттағы құбылыстардың дерлі барлығы функциялар арқылы сипатталады, Сондықтан функциялармен жұмыс істеу үшін, оның ішінде функцияларды аппроксимациялау үшін пайдаланылатын қолданбалы бағдарламалар құру және оны пайдалану ерекше орын алады. Мақалада Mathcad компьютерлік математика жүйесі мен Delphi ортасында эксперименталды деректерді аппроксимациялау әдістерімен өңдеу үшін қолайлы қолданбалы бағдарламалар құрылған. Екі бағдарламалау ортасының нәтижелері

арасында мысалдар арқылы жан-жақты талдау жасалынған. Құрылған қолданбалы бағдарламаларда ең кіші квадраттар әдісімен сызықты және параболалық аппроксимациялау қолданылған.

Әдебиеттер тізімі

1. Кудьин Н.Б. Delphi в задачах и примерах. –Спб.: БХВ-Перербург, 2005. -288 с.
2. Сухарев М. Delphi. Полное руководство. –Спб.: Наука и техника, 2010. -1040 с.
3. Фленов М.Е. Библия Delphi. 3-е изд. перераб. и доп. –СПб.: БХВ – Петербург, 2011. - 608с.
4. Дьяконов В.П. Энциклопедия Mathcad 2001i и Mathcad 11. - М.: СОЛОН-Пресс, 2004. 832с.
5. Ракитин В.И. Руководство по методам вычислений и приложения Mathcad. – М.:Физматлит, 2005.- 264 с.
6. Макаров Е. Инженерные расчеты в Mathcad. Учебный курс. -СПб.:Питер, 2005. - 448 с.
7. Заварыкин В.М., Житомирский В.Г.,Лапчик М.П. Численные методы.–М.:Наука, -1991. 208с.
8. Ракитин В.И., Первушин В.Е. Практическое руководство по методам вычислений. – М.: Высшая школа, -1998. -383с.
9. Каплан А.В., Овечкина Е. В., Мащенко М. В., Каплан В. Е., Поршнева С. В. Компьютерный
1. анализ и интерпретация эмпирических зависимостей. – М.: Корона-Принт,2010. -336с.

Аннотация

В статье разработаны удобные для использования прикладные программы для обработки экспериментальных данных методами аппроксимаций в средах Mathcad и Delphi. При этом использованы как линейные, так и квадратичные зависимости метода наименьших квадратов. Система Mathcad в настоящее время становится все более эффективной и удобной в использовании в области математики. С целью анализа этой эффективности был приведен пример сравнительного исследования задач обработки экспериментальных данных методами аппроксимации в среде Delphi и в системе Mathcad. В созданных прикладных программах применялась линейная и параболическая аппроксимация методом наименьших квадратов. Проведен сравнительный анализ между результатами этих двух сред и определена эффективная среда программирования. Разработанные прикладные программы можно применить в инженерных, научно-технических расчетах, при обучении дисциплин «Математическая статистика», «Численные методы», «Математическое моделирование».

Abstract

In the article, user-friendly application programs for data processing by approximation methods in Mathcad and Delphi environments have been developed. Both linear and quadratic dependencies of the method of least squares are used. The Mathcad system is now becoming more efficient and easy to use in the field of mathematics. In order to analyze this efficiency, an example of a comparative study of the problems of processing experimental data by approximation methods in the Delphi environment and in the Mathcad system was given. In the created application programs used linear and parabolic approximation by the method of least squares. A comparative analysis is carried out between the results of these two environments and an effective programming environment is determined. The developed applied programs can be applied in engineering, scientific and technical calculations, while teaching the disciplines "Mathematical Statistics", "Numerical Methods", "Mathematical Modeling".

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
PEDAGOGICAL SCIENCES AND HUMANITIES

ӘОЖ 81:37.016

С.С.Байменова, Р.Р.Маратова, Д.Х.Жантелі

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
студент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ЖҰМЫСТАР**

Түйін

Тіл үйренушілер грамматиканы оқып қана қоймай, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы тіл мәдениетін арттырып отырады. Тілдік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің орны ерекше. Сауатты сөйлеу арқылы тыңдаушыға өз ойын анық әрі түсінікті жеткізудің жолдарын меңгерту арқылы білім алушылардың тілдік қорын дамыту жүзеге асырылады. Қазіргі таңда білім алушылардың тілдік қарым-қатынасын дамытып қана қоймай сөйлеу мәдениетін жетілдіру жұмыстарына да көп көңіл бөлінуде. Білім алушылардың өз ойын еркін жеткізу, мәдениетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру қазақ тілі сабақтарында орындалатын тапсырмалар арқылы жүргізіледі. Дұрыс сөйлеуге, айтар ойын тиянақты жеткізе білуге үйрену – тілді оқудағы басты мақсат. Тілді оқытуда жүргізілетін жұмыстардың соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс, бай сөздік қор, айтылым мен тыңдалым тапсырмаларының жетік орындалуы білім алушылардың сауатты сөйлеуді қалыптастырудағы жетістіктері.

Кілттік сөздер: сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениеті, тілдік қарым-қатынас, сөздік құрам, қатысымдық, әдептілік.

Жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты білім алушыларды тек қазақ тілінде еркін сөйлеуіне, яғни қарым-қатынас тіліне үйретіп қана қоймай, сонымен бірге оларды сөйлеу мәдениетінің аспектілерімен таныстырып, дұрыс сөйлеуге үйрету. Осы ретте тіл маманының міндеті - студенттің қарым-қатынас қажеттілігін тудыру, оларды ізденіске ұмтылдырып, қызығушылығын ояту.

Сөйлеу мәдениеті - бұл өз ойын анық әрі нақты жеткізу, сауатты сөйлей білу, тыңдаушыларын өзіне тарта білу.

Сөйлеу мәдениеті тілдік қарым-қатынас ережелерін сақтауды талап етеді. Тілдік құралдарды орынды қолдана білу сөйлеу әрекетінің дұрыс әрі тартымды шығуына ықпал етеді. Осы ретте сөйлеу мәдениеті үш аспектіні құрайды: нормативті, қатысымдық және әдептілік.

Бұлардың маңыздысы нормативті аспект, ол тілдің дұрыстығын жарқын көрстеп қана қоймай, әдеби тілдің нормаларын қатаң сақтауды талап етеді. Тілдік қатысым кезінде сөйлеу әрекетінің құралдарын орынды қолданғанда ғана жетік сөйлеу дағдысына қол жеткізуге болады.

Тіл қолданушылар түрлі қызметтік стильдерді меңгеруі қажет, бұл тиімді тілдік құралдармен жұмыс жүргізуге алып келеді.

Білім беру бағдарламаларына сәйкес пәндердің электрондық оқу құралдарын құрудың әдістемелері мен пайдалану жақтарына елеулі әсер ететін аралас түрде оқытудың ерекшеліктерін бірнеше топтарға бөлуге болады. Қашықтық оқытумен байланысты аралас түрдегі оқыту өз ішіне төмендегілерді алады:

- икемділік және қол жетімділік – студенттер өздеріне қолайлы уақытта және ыңғайлы жерде білім ала алады;
- қашықтық - студенттер қашықтықпен шектелмейді және орналасқан жеріне қарамастан оқи алады;
- білім алушылар шеңберін кеңейту – қашықтықтан және жеделдетілген оқыту мүмкіндіктерін кеңейту, шетелдік студенттерді тарту, мүгедектер мен түрлі ауытқулары бар адамдарды оқыту мүмкіндігі;
- үнемділік – білім беру процесін ұйымдастыруға жұмсалатын шығындар айтарлықтай қысқарады.

Аралас оқыту түрінің сипаттары

Аралас оқытудың электрондық сипатымен байланысты жақтары өз ішіне төмендегілерді алады:

- технологиялылық – қазіргі заманғы бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалана отырып оқыту неғұрлым тиімді бола түседі, білім алушылардың танымдық қызметті ұйымдастырудың қазіргі заманғы технологияларын меңгеруін жеңілдетеді;
- өнімділік – оқытудың заманауи құралдарын, оқытудың жаңа құралдары мен әдістерін пайдалану, оқытудың жаңа модельдерін құру, оқыту контентінің әлеуетін неғұрлым толық пайдалануға мүмкіндік береді ;
- есеп берушілік және ашықтық – білім алушылардың оқу-танымдық қызметінің барлық кезеңдері және оның нәтижелерін бағалау электрондық тасығыштарда көрсетілген және білім беру процесінің барлық қатысушыларына қолжетімді..

Білім беру процесіне қатысушылармен байланысты аралас оқытудың ерекшеліктері білім алушылар деңгейінде өз ішіне төмендегілерді қамтиды:

- білім беру процесін дараландыру; оқуға деген ынтаны күшейту; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын, өз бетінше білім алу және өзін-өзі дамыту қабілеттерін дамыту;
- өзін-өзі тәрбиелеу мен сана-сезімді қалыптастыру; психологиялық жүктемелерді азайту, білім беру процесінің нәтижелерін бағалаудың субъективті факторын алып тастау;
- оқу процесінің интерактивтілігі негізінде оқу контентінің сапасын оңтайландыруға қатысу мүмкіндігі.

Оқыту деңгейінде білім беру процесінде оқытушы рөлінің өсуін атап өту керек, мұнда ақпараттық-коммуникациялық күзиреттілікті арттыру қажеттілігі, жұмыс уақытын оңтайлы жоспарлау мүмкіндіктерін атап өтсек болады.

Бүгінгі күннің нақты жағдайларына байланысты, аралас оқыту түріне қатысты кері жақтарына төмендегілерді келтіріп өтуге болады:

- оқу процесін елеулі техникалық жабдықтандыру, дербес компьютерлердің болуы, Интернет желісіне қосылу қажеттілігі;
- электрондық курстарды әзірлеудің жоғары еңбек сыйымдылығы;
- әзірлеушілер мен пайдаланушылардың құзыреттілігінің төмендігі;
- тиісті әдістемелік материалдардың жетіспеушілігі;
- толыққанды нормативтік базаның, бірыңғай сапа стандарттарының болмауы.

Мақалада қарастырылып жатқан аралас түрдегі білім беру түріне, электрондық оқыту құралдары мен жүйелерін пайдалану жолдарына қатысты жарияланған ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары, интернет ресурстарға талдау жасай отырып, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы көп жылдық ғылыми-педагогикалық және практикалық тәжірибе сүйене отырып, біз жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына кіретін оқу курстарын қою кезінде аралас оқытуды ұйымдастырудың үш нұсқасын бөліп көрсетіп ұсынамыз:

- оқыту дәстүрлі күндізгі оқыту түрінде жүзеге асырылады, ал студенттердің өзіндік жұмысы қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерімен қамтамасыз етіледі (бүгінде ол университетте есептеу техникасын қолдануды көздейтін пәндер бойынша оқу процесін ұйымдастыруда жиі кездеседі);
- оқыту қашықтықтан жүргізіледі, ал емтихандар дәстүрлі күндізгі формада қабылданады (бүгінгі таңда білім алушы студенттер контингенті аз болған топтар, магистранттар мен докторанттар үшін университетте оқу процесін ұйымдастыруда жиі кездеседі);
- оқыту дәстүрлі күндізгі және қашықтықтан оқытуды жеке пән деңгейінде біріктіруге негізделген, бұл ұйымдастырылған аралас оқытудың тиімділігін едәуір арттырады (тиісті оқу процесін ұйымдастырудың әдістемелік, техникалық және басқа да қиындықтарына, оны жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық тәжірибенің болмауына байланысты сирек кездеседі, алайда бүгінгі таңда COVID-19 қатысты орын алған карантиндік жағдайларға байланысты білім беру саласы оқытудың осы түрін белсенді пайдалануға көшті).

«Сандық әдістер» курсынан электронды оқу құралы

"Сандық әдістер" пәні педагогикалық, ғылыми-педагогикалық, инженерлік бағыттардағы білім бағдарламалары бойынша дайындалатын ("Математика", "Информатика", «Математикалық және компьютерлік модельдеу және т.б.) мамандықтар үшін базалық пән болып, бұл пән компьютерлік технологиялармен тығыз байланысты, оны есептеу техникасын пайдаланбай игеру мүмкін емес.

"Сандық әдістер" пәнін оқып үйренудің мақсаттары мынадай:

- студенттерде математикалық талдау, алгебра және математикалық физика есептерін ЭЕМ-де шешудің сандық әдістері туралы түсінік қалыптастыру;
- есептеу математикасының негізгі ұғымдарын, фактілерін және әдістерін меңгеру;
- қолданбалы математика саласында практикалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту.

Сондықтан «Сандық әдістер» пәні бойынша электронды курсты әзірлеу және оның негізінде қашықтықтан оқыту элементтерін қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру (дәстүрлі күндізгі және қашықтықтан оқытуды біріктіруге біртіндеп көшу) бүгінгі таңда карантинге қатысты жағдайда аса маңызды және табиғи қажеттілік екенді сөзсіз.

Визуальды программалау технологиясы негізінде әзірленген оқу-әдістемелік кешеннің негізі - құрылымдық жағынан бір-біріне тәуелсіз бірнеше бөлімнен тұратын электронды оқулық болып табылады. Электрондық оқулықта «Сандық әдістер» пәнінің мынадай негізгі бөлімдері қатмылған: «Қателіктер теориясының негіздері», «Скалярлық теңдеулерді шешудің сандық әдістері», «Сызықтық және сызықтық емес жүйелерді шешудің сандық әдістері», «Дифференциалдық теңдеулерді шешудің сандық әдістері», «Функцияларды интерполяциялау», «Сандық дифференциалдау», «Сандық интегралдау», «Қарапайым

дифференциалдық теңдеулерді шешудің сандық әдістері», «Интегралдық теңдеулерді жуықтап шешу әдістері» [9, 10]. Әр бөлімде қажетті және қосымша теориялық материалдардан басқа, өзіндік жұмыс үшін міндетті тапсырмалар бар.

Курсты игерудің маңызды элементі – «Скалярлық теңдеулерді шешудің сандық әдістері», «Сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін шешудің сандық әдістері», «Сызықтық емес теңдеулер жүйесін сандық шешу», «Орташа квадраттық жуықтаудың дискрет нұсқасы», «Әр түрлі квадратуралық формулалар бойынша интегралды есептеу», «Қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін Коши есебін сандық шешу» тақырыптары бойынша зертханалық жұмыстарды орындау.

Егер электронды оқулық, ең алдымен, стандартты дәріс түрінде оқытудың көмекші ақпараттық құралы болса, зертханалық жұмыстар толығымен "автоматтандырылған", ал тиісті есеп қашықтықтан оқыту технологиясына негізделгендігін атап өтсек болады. Қашықтықтан оқыту әдістерін қолдану курстың екі тестін орындау кезінде мүмкін. Өздік жұмыстың тиімділігін арттыру үшін тапсырмаларды шешу үлгілерін, электрондық оқу құралдары жиынтығын, деректер базасын және глоссарийді қамтитын қосымшалар енгізілген. Осы бөлімдердің мазмұндық кеңеюіне студенттердің өздері айтарлықтай үлес қоса алады.

Әзірленген электрондық оқу құралының материалдарын практикалық қолдану барысында білім беру процесінің дәстүрлі күндізгі нысаны шеңберінде қашықтықтан оқыту элементтерін пайдалану мүмкіндігі және тиісті оқыту әдістемесінің тиімділігі артады. Жоғары оқу орнының электрондық оқу порталына әзірленген электрондық оқу құралын қосу оны білім алушылармен қатар оқытушылардың оқу процесінде белсенді қолдануларына болады.

Әдебиеттер тізімі

1. И.В. Роберт, С.В. Панюкова, А.А. Кузнецов, А.Ю. Кравцова. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: учебно-методическое пособие. М.: Дрофа, 2008, 312 с.
2. Е. О. Иванова, И. М. Осмоловская. Теория обучения в информационном обществе. М.: Просвещение, 2011, 190 с.
3. Б.Я. Советов, В.В.Цехановский. Информационные технологии. М.: Изд-во Юрайт, 2019, 327 с.
4. В.П. Беспалько. Образование и обучение с использованием компьютеров (педагог третьего тысячелетия). М.: Издательство Московского психолого-социального института, 2002, 352 с.
5. Х.Зайнутдинова. Создание и применение электронных учебников (на примере общетехнических дисциплин). Астрахань: ЦНТЭП, 1999, 218 с.
6. Агапонов С.В. и др. Средства дистанционного обучения. Методика, технология, инструментарий. СПб: БХВ-Петербург, 2003, 334 с.
7. Башмаков А.И., Башмаков И.А. Разработка компьютерных учебников и обучающих систем. М.: Информационно-издательский дом "Филинь", 2003, 616 с.
8. Е.С. Полат и др. Дистанционное обучение: Учебное пособие. М.: Изд-во ВЛАДОС. 1998, 192 с.
9. В.Е. Зализняк. Основы научных вычислений. Введение в численные методы для физиков: Учебное пособие для студентов естественно-научных и технических специальностей высших учебных заведений. М.: Едиториал УРСС, 2002, 296 с.
10. Вержбицкий В.М. Основы численных методов. Учебник для вузов. М.: Высшая школа, 2020, 840 с.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы соотношения традиционных и дистанционных форм обучения в образовательном процессе в высших учебных заведениях и смешанной организации обучения на их основе. Проведен анализ причин внедрения курсов электронного обучения в учебный процесс в высших учебных заведениях страны. Выделены особенности смешанного обучения, влияющие на методику реализации данных курсов электронного обучения. В системе высшего образования предусмотрены различные варианты организации смешанной формы обучения при преподавании учебных курсов. Приведена методика реализации дисциплины «Численные методы», которая опирается на традиционные формы обучения, а также базируется на технологиях дистанционного обучения и визуального программирования и использует их возможности. В структуру электронного учебного пособия включены теоретические материалы по курсу дисциплины, образцы решения задач для повышения эффективности самостоятельной работы, совокупность электронных учебных пособий, базы данных и приложения, включающие глоссарий.

Abstract

The article discusses the issues of the ratio of traditional and distance learning forms in the educational process in higher educational institutions and the mixed organization of training on their basis. The analysis of the reasons for the introduction of e-learning courses in the educational process in higher educational institutions of the country is carried out. The features of blended learning that affect the methodology for implementing these e-learning courses are highlighted. The system of higher education provides for various options for organizing a mixed form of education in teaching courses. The methodology for the implementation of the discipline "Numerical Methods", which is based on traditional forms of education, and is also based on technologies of distance learning and visual programming, and uses their capabilities. The structure of the electronic textbook includes theoretical materials for the course of the discipline, samples of problem solving to improve the efficiency of independent work, a set of electronic textbooks, databases and applications, including a glossary.

ӘОЖ 378.14, 519.6

М.А. Султанов¹, С.Б. Кучкарова²

¹доцент, ф.-м.ғ.к., М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

²магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

МОДЕЛЬДЕУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОРТА МЕКТЕП КУРСЫНДА ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Мақалада оқытудың мақсатын, мазмұны мен кезеңдерін анықтауға мүмкіндік беретін модельдеу бойынша оқытуға талдау жасалынған. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру модельдеудің әдіснамалық білімін игеруді және мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, мамандандырылған кезеңдерде информатиканы дамыту және оқыту процесінде ақпараттық модельдерді енгізу процедураларын игеруді талап етеді. Таным және модельдеу әдістері, олардың оқытудағы өзара байланысы қарастырылған. Ойша және таңбалық модельдеу, модельдеу технологиялары ерекшеліктеріне талдау жүргізілген. Мектеп информатикасының негізгі курсы аясында модельдеуді оқытудың үш аспектісі ұсынылған. Мектептегі информатика курсының "Формальдау және модельдеу" бағытының мазмұнын модельдеудің негізгі әдістерімен толықтырудың, модельдеудегі пәнаралық байланыстарды ашудың әдістері ұсынылған. Ұсынылған толықтырулар модельдеуді оқытуда модельдеудің мәнін ашуға, зерттелетін процесі формальдау мәселелерін шешуді белсенді іздеуге, таңбалық модельдеу әдістерін игеруге және компьютерлерде бағдарламалар түрінде модельдерді енгізуге және есептеу тәжірибелерін жүргізуге мүмкіндік береді.

Кілттік сөздер: таным, модельдеу, формальдау, таңбалық модельдеу, оқыту технологиялары, модельдеу элементтері

Кіріспе

Бүгінгі күндегі еліміздегі жалпы білім беру мекемелерінде «Информатика» пәнін оқытудың негізгі міндеттері білім алушыларда қоршаған әлемді талдауға жүйелі ақпараттық тәсілді қалыптастыру, өмірлік міндеттерді шешу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану білімін, іскерлігін және дағдыларын меңгеру, зерттелетін объектінің жаңа қасиеттерін ашу үшін есептеу тәжірибелерін жүргізе білу болып табылады. Осы орайда «Информатика» пәнінің бөлігі болып келетін «Модельдеу және формальдау» бөлімі маңызды болып, мұнда зерттеу объектілері ақпараттық және компьютерлік модельдер болып табылады. Бұл бағыттың мазмұны мынадай түсініктер арқылы анықталады: модельдеу - таным әдісі, модельдеу мақсаттары, өмірлік міндет, объект, жүйе, жүйенің құрылымы, жүйелік талдау, формальдау модель, ақпараттық модель, компьютерлік модель, модельдің зерттелетін объектіге адекваттылығы және т. б. Модель және модельдеу бүгінгі таңда маманның кәсіби қызметінде аса маңызды рөл атқарады [1, 2]. Бұл жағдай модельдеуді оқытуды және туындайтын мәселелерді талдауды қажет етеді [3, 4]. Зерттеуді, біздің ойымызша, «модельдеу» ұғымының түбірінен, яғни бастауынан қарастырған жөн. Зерттелетін түсінік пен оның объективті табиғаты мен ерекшелігін түсіну үшін бұл жандасудың маңызы үлкен болады. Бұл тәсіл бізге белгілі тәсілдерден өзгеше болады және модельдеуді оқытудың бағыттары мен кезеңдерін анықтауға көмектеседі.

Таным және модельдеу

Таным – адамның айналасындағы шындық туралы білім алу процесі. Шындықты білу қабілеті адамда эволюциялық даму процесінде пайда болды және материяның шағылысу қасиетімен байланысты. Бұл қасиет сезім мүшелері мен ми сияқты ақпаратты өңдеу жүйелерінің пайда болуында көрінді [5], соның арқасында адам қоршаған әлемді ақылмен көрсете бастады, яғни санада нақты объектілердің образдарын сала бастады. Образдар қоршаған ортаны, ондағы адамды түсіну үшін құрылды және алғашқыда сенсорлық қабылдауға (ақпаратты өңдеудің визуалды-бейнелі жүйесі) және жадта есте сақтауға негізделген болды. Ойша құрылатын образдар танымның алғашқы құралдары болды деп айтуымызға болады және оларды адам құрған алғашқы модельдерге жатқызуға болады. Бастапқыда модельдеу дегенде адамның нақты әлем нысандарын бейнелеуінің табиғи механизміне негізделген объективті процедураны түсінуге болады.

Адам әлеуметтік болмыс ретінде ақыл-ой бейнелерін таңбалармен алмастыра алуы керек. Қандайда бір объектінің ойша образын оны әрі қарай зерттеу үшін таңбалар көмегімен бейнелеуін *таңбалық модельдеу* деп айтуымызға болады [6].

Ойша образды материалдық тұрғыдан фиксирлеуде екі негізгі жандасуды атап өтсек болады:

1. Натуралық;
2. Ақпараттық.

Натуралық – натуралық модель түріндегі материалдық бейнеленген модельді құру. Ақпараттық – ақпараттық модель түрінде таңбалар көмегімен өректелген образды материалдық жинақтағышта фиксирлеу. Ойша образдарды таңбалар көмегімен фиксирлеу адам үшін үлкен маңызға ие. Біріншіден, екі топ заттарының – нақты объектілер мен оларға сәйкес таңбалық образдың – өзара әрекеттесуі психиканың, сананың, ойлаудың дамуына ықпал етеді. Екіншіден, объектіні таңбалық алмастыру нәтижесінде түрлі таңбалық жүйелерден құрылған ғылыми білімдердің пәні қалыптасады. Сондай-ақ, таңбалық модельдеуде түп нұсқа объектіні сезім органдары арқылы сезінбей ақ логикалық-түсініктік механизм көмегімен білімдер алуға мүмкіндік береді, бұл арқылы танымдық шеңбері кеңейе түседі. Сонымен қатар, таным процесі таңбалық-символдық іс-әрекеттерді орындау дағдылары болуын талап етеді, оның маңызды кезеңі модельдеу болып табылады. Сондықтан таңбалық-символдық іс-әрекет оқу процессінде маңызды орын алады және модельдеу білімі мен дағдыларына, оқу модельдеу әрекеттерін орындауға негізделген болуы тиіс.

Таңбалық модельді құрған соң біз ой қорыту үшін амалдарды орындау объектісін құрған боламыз, ойша жұмыс істеуге өзімізді дайындаймыз, яғни модельді зерттейміз, талдаймыз, нақтылаймыз, өзгертеміз және с.с. Мұның нәтижесінде ой қорытудың өзі және біздің зерттеу объектіміз жайлы білімдеріміз дамиды. Мұндай танымдық алгоритм адамда эволюция процессінде қалыптасқан, күнделікті өмірде интуитивті түрде орындалады және ғылыми таным ретінде әдістер мен технологиялар түрінде таралған.

Модельдеу объекттің моделін құру және сондай-ақ, оны зерттеуде орындалатын тұтас, өзара байланысқан тәсілдер мен логикалық амалдардың (бұларға кіреді – күзету, талдау, синтез, болжамдаорды құру, формальдау, иделдау, абстрактілеу, салыстыру, аналогия, нақтылау, жалпылау, жіктеу, жүйелеу, құрылымдау, ой қорыту және т.б.) және модельдеудің практикалық іс-әрекеттерінің жиынтығы (бұларға жатады – тәжірибе, интерпретация, верификациялау және т.б.). Осы айтылғандар ойша және таңбалық модельдеудің тұтастығын білдіреді және модельдеу дағдыларын қалыптастыру тұрғысынан модельдеуді оқытудың екі бағытын анықтайды: танымның әдістері мен логикалық операцияларын орындауға үйрету және модельдеудің практикалық әрекеттерін үйрету.

Модельдеу технологиясы

Модельдеу технологиясы модельдеуді қолдана отырып, белгілі бір пәндік аймақтағы объектіні зерттеу бойынша нақты белгіленген бақыланатын және қайталанатын әрекеттер тізбегін анықтайды (мақсат, объект, модель, модельдеу құралдары анықталған). Модельдермен жұмыс модельдеудің ақпараттық сипатына байланысты информатикамен ғылымымен тікелей байланысты. Модельдеу зерттелетін объект туралы алғашқы ақпаратты ұсынудан тұрады деп айта аламыз, ол оны алуға ең қолайлы нысан туралы жаңа ақпарат беру. Модельдердің ақпараттық табиғатына көптеген ғалымдар назар аударған. Осы еңбектерде «модельдер арнайы ақпараттық орталарда құрылады және олармен зерттелетін объект жайлы жаңа білімдерді алу мақсатында тәжірибелер жүргізу мүмкіндіктерін береді» деп атап көрсетілген [7]. Информатика пәні бойынша білімдердің міндетті ең кіші мазмұнында «Модельдеу және формальдау» бағыты бар болып, ол «Ақпарат және ақпараттық процесстер» бағытымен бірге информатика базалық курсының теориялық негізі болып табылады. Көптеген информатика оқулықтары [8, 9, 10] «Модельдеу және формальдау» тарауларын қамтиды, модельдеу бойынша тапсырмалар-практикумдар әзірленген. Сонымен қатар, көптеген оқулықтарда информатиканы оқыту үшін модельдеу әдісін қолданады. Ақпараттық процесстерді, модельдерді, технологияларды зерттейтін «Информатика» оқу пәні аясында модельдеу туралы білім қалыптасады. Қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, қолданбалы Бұл білім белгілі бір пәндік саланың теориялық білімімен қатар кәсіби білім берудің іргелі біліміне жатады.

«Модельдеу және формальдау» бағытының арқасында ақпараттық модельдеудің ғана емес, сонымен қатар модельдеу негіздерінің білімі мен дағдылары қалыптасады [11]. Модельдеудің қалыптасқан негізгі білімі университетте алынған білімнің негізінде жатыр. Бірақ, бірінші курс студенттерінің көпшілігінде модельдер мен модельдеу туралы нақты түсінік жоқ және тек интуитивті көріністермен жұмыс істейді көпшілік жағдайларда белгілі болып жатады. Мұндай жағдайларды білім алушыларда жүргізілетін самалнамалар нәтижелерінен байқауымызға болады. Информатика мұғалімдері бұл тақырыпқа маңыздылығын түсінбегендіктен, Оқу уақытының жетіспеушілігінен және оны интуитивті түсінудің сәттілігіне байланысты тиісті назар аудармайды деп болжауға болады. Бұл жағдайды осы тақырыпқа қатысты ұғымдардың терең ғылыми деңгейіне байланысты туындайтын әдістемелік сипаттағы қиындықтармен де байланыстыруға болады. Оқушылар абстрактілі және жалпыланған ұғымдарды нашар қабылдайтындығына байланысты, ал мұғалімдер модельдеу тақырыбын талқылауға әрдайым дайын еместігіне байланысты, бұл бағыт «Информатика» пәнін өтуде қарастырудан қалып қоюы мүмкін. Бұл тек информатиканы (мектепте, университетте) оқуға ғана емес, сонымен қатар басқа пәндерге де әсер етеді.

Білім алушылардың модельдеу негіздерін білуі ерекше мәнге ие және тек информатика мазмұнын игеру қажеттілігімен шектелмейді.

Модельдеу білімі мен дағдыларының сапасы көптеген оқу пәндерінің, әсіресе жаратылыстану пәндерінің қалыптасқан білімінің сапасына әсер етеді. Білім алушылар бұл объектілердің қолда бар ғылыми білімді ұсыну үшін құрастырылған модельдер екендігі туралы нақты түсінікке ие болуы керек, ал модельдеу нақты әлем мен зерттелетін идеалды объектілер арасындағы байланыс ретінде әрекет етеді. Осының нәтижесінде «оларда таным процесі туралы шынайы ғылыми көзқарас тәрбиленеді» [12] және ғылыми дүниетаным қалыптасады. Оқу процесінің қажетті құрамдас бөлігі ретінде түсіндіру көбінесе модельдеуге сүйенеді, сондықтан «...кез-келген таным, сондықтан кез-келген түсінік модельдеу болып табылады» [13]. Сондықтан, модельдеудің модельдері мен оқу іс-әрекеттерін модельдеу элементтерімен оқыту технологияларының негізінде жататын маңызды дидактикалық құралдарға жатқызуға болады, ал кез келген пәндік аймақ үшін «модельдеу қабілеті теориялық білімді құру және түсіну қабілетінің қажетті бөлігі болып табылады» [13]. Модельдеудің білімі мен дағдыларының болуы студенттерге түсіндіру кезінде мұғаліммен бірге модельдеудің оқу әрекеттерін орындауға мүмкіндік береді, бұл олардың берік, терең және терең қалыптасуына ықпал етеді. Оқытуда модельдеу модельдері мен әрекеттерін қолдана отырып, барлық мұғалімдер "модель" және "модельдеу" терминдерін нақты қолдана бермейді, олардың мәні терең түсіндірілмейді, "бағдарламаларда және оқулықтарда модель және модельдеу ұғымдары жоқ" немесе түсіндірілмейді. Пәндік мәселелерді шешуге модельдік тәсілді қолдана отырып оқытуды құратын элективті мектеп курстарының арқасында жеке мұғалімдер модельдеу білімі мен дағдыларын қалыптастырады. Сондықтан білім алушылар модельдерді өздері білместен өздігінен жасау дағдыларын игереді.

Қорытынды

Модельдеуді оқытудың қажеттілігі мен әдістерін талдау нәтижесінде біз үш жаққа көңіл аудару қажет деп есептейміз.

Біріншіден, орта мектептегі «Информатика» базалық пәнінің «Формальдау және модельдеу» бағыты міндетті түрде оқып үйренуді қажет етеді.

Екіншіден, «Формальдау және модельдеу» бағытының мазмұны ақпараттық модельдеу негіздері туралы негізгі білімді қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар модельдеу білімі мен түсінігін жүйелеп, жалпылайтын мектеп курсына құра алады.

Үшіншіден, қазіргі заман маманына қажет ақпараттық модельдеудің білімі мен дағдылары модельдеу негіздері, модельдеу әдіснамасын білумен тығыз байланысты. Оларды басқа пәндерден бөлек, тек информатика пәнін оқып үйренумен қалыптастыру мүмкін емес. Олар мектепке дейінгі кезеңдерде символдық іс-әрекеттерді орындау, мектеп пәндерін оқытуда модельдермен жүйелі жұмыс жасау, информатиканың негізгі курсына жалпылануы және жоғары білім деңгейінде оқытуда нақтылануы керек.

Бұл тәсіл білім беру жүйесіне оқытудың барлық кезеңдерінде «Формальдау және модельдеу» бағытын қамтитын үздіксіз информатика курсына енгізу тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Модельдеуді оқыту ақыл-ой іс-әрекетінің процедураларын игеруден басталуы керек, мысалы, салыстыру, оқшаулау, алып тастау, топтастыру, сәйкестік және т.б., сонымен қатар бір нәрсені елестету, елестету, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырудан басталуы керек. Бұл әрекеттер дамытушылық оқыту үшін ажырамас және бейнелі, абстарктілі, логикалық ойлауды қалыптастыру мен дамытумен байланысты. Ойын, сөйлеу, сурет салуды игеру кезінде әр түрлі даму үйірмелері аясында модельдеуді оқытудың мектепке дейінгі кезеңі ақыл-ой іс-әрекетінің рәсімдерін мақсатты орындаумен байланысты болуы мүмкін.

Модельдеуді оқытудың келесі кезеңі бастауыш мектепте білім беруді дамытумен ғана емес, сонымен бірге информатиканың «Формальдау және модельдеу» бағытының мазмұндық зерттеумен де байланысты болуы мүмкін. Желі аясында танысуға болады:

- модельдеу тарихымен;

- модельдердің әртүрлі түрлері және оларды өмірде, өндірісте, ғылымда қолдану;
- табиғи модельдер мысалында модельдеу процесі;
- әр түрлі оқу пәндерінде құрылған ақпараттық модельдер.

Ақпараттық модельдерді құру және оларды дербес компьютерде іске асыру бойынша практикалық жұмыстардың маңызы үлкен. Бұл кезеңнің міндеті, ең алдымен, ойлаудың логикалық және алгоритмдік түрлерін қалыптастыру мен дамытудан тұруы керек.

Модельдеуді оқытудың негізгі кезеңі модельдеудің практикалық әрекеттерін игеруден тұрады және әртүрлі оқу пәндерінің мазмұнының модельдерімен және информатиканың негізгі курсына модельдеуді зерттеумен байланысты болуы мүмкін. Оқушылардың модельдермен жұмыс істеуі, таным әдісі ретінде модельдеу әдісін қолдану маңызды. Бұл ретте модельдермен жұмыс жасау кезінде қолданылатын негізгі ұғымдар мен процедуралардың рефлексиясы қажет. Практикалық іс-шаралар бақылау, талдау, абстракциялау, нақтылау, жалпылау, алмастыру және рәсімдеу процедураларын орындаудан басталуы керек. Модельмен жұмыс істеу оған пәндік модельдеу аймағындағы құралдарды қолдана білуді және компьютерлік тәжірибе барысында компьютерлік модельдеу процедурасын жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты өңдеу құралы ретінде компьютерді қолдану дағдыларын қажет етеді. Осындай тәжірибені жүргізу үшін ақпараттық модель компьютерлік модельге түрлендіріледі, ол модельдеудің арнайы құралдарын анықтайды – информатика курсына оқытылатын аппараттық және бағдарламалық құралдар. Біріктірілген информатика сабақтарын өткізу модельдеу туралы жүйелі білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Модельдеуді оқытудың бейіндік кезеңін белгілі бір пәндік салада модельдеудің ақпараттық технологияларын зерттеуге бағытталған мектептегі информатика бойынша мамандандырылған және интеграцияланған курстармен байланыстыруға болады. Мұндай курстардың негізгі мақсаты – білім мен модельдеу дағдыларын практикалық қолдану.

Әдебиеттер тізімі

1. Р.В. Габдреев Моделирование в познавательной деятельности студентов. Казань: Изд-во Казанского ун-та, 1983, 111 с.
2. Л.М.Фридман. Наглядность и моделирование в обучении. М.: Знание, 1984, 80 с.
3. С.Ф. Горбов, Е.В.Чудинова. Действие моделирования в учебной деятельности школьников (к постановке проблемы) // Психологическая наука и образование. 2000, №2. С.96 -110.
4. Е.М. Гуреев. Динамическое моделирование в процессе обучения математике (средняя школа). Доступно на: http://lit.lib.ru/g/gureew_e_m/text_0050.shtml (от 6.05.2010).
5. А.В. Хуторской. Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения. М.: Изд-во Моск. ун-та, 2003, 416 с.
6. Е.Е.Сапогова. Моделирование как этап знаково-символической деятельности дошкольников. Доступно на: <http://www.voppsy.ru/issues/1992/925/925026.htm> (от 6.05.2010).
7. Лозовский В.Н. Информация, информатика, реальность. СПб.: Лань, 2008. 96 с.
8. А.А. Кузнецов, С.А. Бешенков, Е.А. Ракитина и др. Непрерывный курс информатики (концепция, система модулей, типовая программа) // Информатика и образование. 2005, №1-6, С.3-11.
9. Методика преподавания информатики. Под ред. М.П. Лапчика. М.: Издательский центр «Академия», 2001, 624 с.
10. И.Г. Семакин Т.Ю. Шеина Преподавание базового курса информатики в средней школе: Метод. пособие. М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2006, 416 с.
11. И.В.Николаева, А.А.Мартынова. Теория и методика обучения информатике. Содержательная линия «Моделирование и формализация». Учебное пособие. Изд-во Владимирского государственного университета, 2013, 144 с.

12. С.Д. Смирнов. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. М.: Аспект Пресс, 1995, 271 с.

13. А.М. Сохор. Объяснение в процессе обучения: элементы дидактической концепции (Педагогическая наука – реформе школы). М.: Педагогика, 1988, 128 с.

Аннотация

В статье проводится анализ обучения моделированию, позволяющий определить цели, содержание и этапы обучения. Формирование профессиональных компетенций требует усвоения методологических знаний моделирования и освоения процедур реализации информационных моделей в процессе развивающего обучения и обучения информатике на дошкольном, начальном, базовом, профильном этапах. Рассматриваются методы познания и моделирования, их взаимосвязи в обучении. Анализируются особенности мысленного и знакового моделирования, технологии моделирования. Предложены три аспекта к обучению моделирования в рамках базового курса школьной информатики. Предложены способы дополнения содержания направления «Формализация и моделирования» школьного курса информатики основными методами моделирования, раскрытия межпредметных связей в моделировании. Предложенные дополнения дают возможность в обучении моделирования раскрыть сущность моделирования, мотивировать к активному поиску решения проблем формализации изучаемого процесса, освоению методов знакового моделирования и реализации моделей на компьютерах в виде программ и проведения вычислительных экспериментов.

Abstract

The article analyzes training in modeling, which allows you to determine the goals, content and stages of training. The formation of professional competencies requires the assimilation of methodological knowledge of modeling and the development of procedures for the implementation of information models in the process of developmental education and teaching computer science at the preschool, initial, basic, specialized stages. The methods of cognition and modeling, their interconnection in teaching are considered. The features of mental and sign modeling, modeling technology are analyzed. Three aspects are proposed for teaching modeling in the framework of the basic course of school computer science. The ways of supplementing the content of the direction "Formalization and modeling" of the school course of computer science with the main methods of modeling, disclosing intersubject connections in modeling are proposed. The proposed additions make it possible to reveal the essence of modeling in teaching modeling, to motivate to actively seek solutions to the problems of formalizing the process under study, mastering the methods of sign modeling and implementing models on computers in the form of programs and conducting computational experiments.

ӘОЖ378.14, 519.6

М.А. Султанов, А.С. Тухиева

доцент, ф.-м.ғ.к., М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАМАНУИ ТЕСТІЛЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Түйін

Мақалада білім беру саласындағы замануи тестілеу технологиялары мәселелеріне қатысты сұрақтар қарастырылған. Бүгінгі таңда білім беру саласында кеңінен қолданыс тапқан тестілеу технологиялары мен әдістері, олардың мазмұны, ерекшеліктері жан-жақты қамтылған. Сонымен қатар, мақалада педагогикалық тесттердің жіктелуі және сипаттары келтірілген. Тесттердің түрлеріне қатысты стандартталған және стандартталмаған тесттерге, олардың айырмашылық жақтарына талдау жасалған. Тесттерді стандарттау мәселесінің маңызы, оған талаптар мен қажеттіліктер көрсетілген. Білім алушылардың білімдерін өлшеу мен бағалау әдістеріне қатысты «кіріс» бақылауының маңыздылығы, оны алу мен сипатына талдау жасалған. Тесттердің жіктелуіндегі гомогендік және гетерогендік тесттер қарастырылған, олардың ерекшеліктері және айырмашылықтары келтірілген.

Сондай-ақ, тест түрлеріне қатысты полипәндік және пәнаралық тесттер, олардың сипаты, өзара қатынастары, ұқсастықтары мен мазмұнына талдау жүргізілген.

Кілттік сөздер: білім, дағды, білік, білімді бағалау, өлшеу, ақпараттық технологиялар, тест

Кіріспе

Тестілеу – тұлғаның білім деңгейін, дағдыларын, қабілеттерін және басқа да жеке қасиеттерін, сондай-ақ олардың белгілі бір нормаларға сәйкестігін сынақталатын тұлғаның арнайы тапсырмаларды орындау тәсілдерін талдау жолымен анықтауға мүмкіндік беретін ғылыми әдіс [1]. Мұндай тапсырмаларды тест немесе тестілеу деп атайды. Тест-бұл стандартталған тапсырма немесе белгілі бір түрде байланысты тапсырмалар болып, олар зерттеушіге сынақталушыда зерттелетін қасиеттердің көрініс табу өлшемін, оның психологиялық сипаттарын, сондай-ақ белгілі бір объектілерге қатысын диагностикалауға мүмкіндік береді [2]. Бұл зерттеушіге зерттелетін заттың ауырлық дәрежесін, оның психологиялық сипаттамаларын, сондай-ақ белгілі бір объектілерге қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Тестілеу нәтижесінде әдетте белгілі бір сандық сипаттама алынады, ол тұлғада зерттелетін ерекшеліктің көрініс табу өлшемін көрсетеді. Бұл мөлшерлік сипаттама сынақталушылардың осы берілген категориясы үшін белгіленген нормалармен салыстыра алатындай болуы қажет. Яғни, тестілеу көмегімен зерттеу объектісінде қандайда бір қасиеттің даму деңгейінің бар болуын анықтауға болады және оны эталонмен немесе осы қасиеттің сынақталушыда алдыңғы уақыт кезеңдеріндегі дамуымен салыстыруға болады. Тесттер әдетте сұрақтар мен тапсырмаларды өз ішіне алатын болып, оларға өте қысқа жауап беру (иә немесе жоқ), немесе келтірілген жауаптардан біреуін таңдау қажет болады.

Әдетте, тесттік тапсырмалар диагностикалық сипатта болады, оларды орындау және өңдеу көп уақыт алмайды. Сонымен қатар, дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, тесттер нақты нені анықтайтындықтарын білу аса маңызды, себебі бұл диагностикалау пәнін шатастырмау үшін қажет. Даму деңгейін анықтауға бағытталған көптеген тесттер негізінде сынақталатын тұлғаның дайындық деңгейін, оның қаншалықты ақпараттық білімділігі мен дағдыларды меңгергендігін ғана анықтайды. Ақпараттық технологиялар шеңберінде тесттер – оқытудың ақпараттық технологиялары түрі және оқытуды бақылау түрі болып келеді [3,4]. Мақалада тестілеу технологиялары мен әдістеріне талдаулар жүргізілген.

Педагогикалық тесттердің жіктелуі

Тест (ағылшын тілінде *test* – сынақ, тексеру деген мағынаны білдіреді) деп –даралық (жеке) айырмашылықтардың мөлшерлік және сапалық жақтарын анықтауға арналған стандартталған, қысқа, уақыт бойынша шектелген сынаққа айтылады [5]. Тесттерді пайдалану барысында олардың мақсаты және мазмұны бойынша жіктелуі қалыптасты:

- тұлғалық тесттер – индивидуумның эмоциональдық-жігерлік қасиеттерін бағалау үшін;
- интеллект тесттер – танымдық процесстер мен ойлау функцияларының даму деңгейін талдау үшін;
- қабілеттілік тесттер – түрлі іс-әрекеттерді меңгеру мүмкіндіктерін бағалау үшін;
- жетістіктер тесттері – олар көмегімен оқытудан кейінгі білімдер, біліктер, дағдылар бағаланады.

Стандартталған тесттердің алуан түрлерінен білім беруде жетістіктер тесттері пайдаланылады. Олар білім алудың түрлі түрлі сатыларында оқыту нәтижелерін тексеру үшін, оқыту бағдарламалары мен оқыту процессінің тиімділігін өлшеу құралы ретінде құрылған. Жетістіктер тесттері әдетте, қабылеттілік тесттерге қарама-қарсы қойылады. Қабылеттілік тесттері жалпы интеллект тестерден және арнайы қабылеттік тесттерден тұрады. Қабылеттілік тесттері оқыту тиімділігін салыстырмалы түрде бақыланбайтын және

белгісіз шарттарда (жағдайларда) анықтайды, ал жетістіктер тесттері болса оқытудың тиімділігін жартылай белгілі және бақыланатын жағдайларда анықтайды.

Тесттерді құру жағынан оларды стандартталған және стандартталмаған тесттер деп бөлуге болады. Ақпараттық облыстағы стандарттау - бұл бағалауды жоспарлау, бағалауды жүргізу және баллдарды қою бойынша процедуралардың реттелген тізбегі [6]. Стандарттау мақсаты барлық сынақталушы білімгерге бағалаудан өту үшін бірдей жағдайлар жасау болып табылады, яғни олардың бағалары дұрыс бағалануы және түрлі әсерлер ықпалына түспеуі қажет. Бұл - бағалаубілім алушылар немесе бірнеше адамдар топтарынсалыстыру үшін пайдалануда жоспарланғанда маңызды болатын процедура.

Білім беру саласында стандартталмаған тесттермен шешілетін бірқатар мәселелерді атап өтуге болады. Соның бірі - оқыту барысында ағымдық білімді бақылау. Бірақ білімгерлерді қорытынды аттестациялауда тек қана стандартталған тесттер пайдаланылады. Тесттер ұсыну жағынан мынадай болады [7, 8, 9]:

- бланкілік (машина оқи алатын бланктер, тесттік дәптерлер);
- пәндік (материалдық объектілермен манипуляция реакция тездігі мен іс-әрекеттердің анықтығына есептелген);
- аппаратуралық (арнайы аппаратураны пайдалану - сигналдарды фиксация жасау үшін датчиктер);
- практикалық (лабораториялық жұмыстардың аналогы, бірақ тапсырмалардың тесттік шарттарымен);
- компьютерлік (дербес жағдай - адаптивті);
- Іс-әрекеттер сипаты бойынша тесттер бөлінеді:
- вербальдық;
- вербальдық емес.
- Жетекші бағыты бойынша тесттер бөлінеді:
- жылдамдыққат тесттер;
- нәтижеге тесттер;
- аралас тесттер.
- Есептердің біртектілігі деңгейі бойыншатесттер бөлінеді:
- гомогендік, бұл тесттермен құрылымы бойынша біртекті тапсырмалар бойынша бір сапаны (бір пән бойынша дайындық деңгей) өлшеу (анықтау) мүмкін болады;
- гетерогендік (көп өлшемді) - оқушылардың бірнеше оқу пәндері бойынша және (немесе) тұлғалық қасиеттері бойынша дайындық деңгейін өлшеу (анықтау).

Гетерогендік тесттер полипәндік және пәнаралық болады. Полипәндік тесттер жекеленген пәндер бойынша гомогендік субтесттерден тұрады. Оқушылардың субтесттер бойынша нәтижелері барлық полипәндік тест бойынша қорытынды баллдарды есептеу үшін біріктіріледі. Пәнаралық тесттер тапсырмаларын орындау үшін жалпыланған, пәнаралық, интегралданушы білімдер мен біліктер қажет болады. Пәнаралық тесттер әрқашан көпөлшемді болады, оларды құру берлігендерді талдаудың факторлық әдістеріне, көп өлшемді шкала құрудың математикалық және статистикалық әдістеріне және т.б. жүгінуді қажет етеді,

Сондай-ақ, отандық білім беру жүйесінде «кіріс» бақылауда тестілеу де жиі кездеседі. Кіріс бақылауда педагогикалық тестілеу көмегімен мынадай сұрақтарға жауаптар алуға болады – білім алушылар қаншалықты базалық білімдер, біліктер және дағдыларға ие, оның көмегімен олар жаңа материалдарды қаншалықты игере алады, сонымен қатар жаңа материалды оны оқып үйренуден алдын қай деңгейде игергендігін анықтауға болады.

Оқушылар түрлі дайындыққа ие, олардың қабілеттері әртүрлі және мотивациялық жақтарымен де айырмашылық етеді. Осы жағдайда жеке тұлғалық бағыттағы оқытуды мынадай жандасуда жүзеге асыру мүмкін болады. Алдымен кіріс тестілеуді жүргізіп алу

кажет, оның көмегімен оқушыларды екі топқа бөліп алуға болады. Бірінші топқа білімдері күшті оқушылар кіреді. Екінші топқа кіретін оқушылар үшін алғашқы кезеңде олардың оқуды жалғастыру үшін базалық білімдердің қандай бөлімдері жеткіліксіз екендігін анықтау және оны түзетудің қандай амалдарын қолға алу маңызды. Білім алушылардың бастапқы және соңғы жағдайларын салыстыру білімдер өсімшесінің артуын бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Тестілеу білім беру мекемелерінде білім алушыларды қорытынды және аралық аттестациялаудағы маңызды кезең болып табылады. Бұл диагностикалау әдісі ең бір сенімді және объективті әдіс болып келеді. Әдістің объективтілігіне тестті стандарттау жолы арқылы және тапсырмалар мен тесттердің сапалық көрсеткіштерін тексеру бүтіндей жүзеге асырылатындығымен қол жеткізіледі. Өзінің көп жақты қызметтерін (бақылау, диагностикалық, үйретушілік, болжамдық, дамытушылық және тәрбиелік) орындаумен қатар, тесттік бақылау оқу процессінің тиімділігі мен өнімділігін арттырады. Оқу нәтижелерін өлшеу мен бағалау жүйесінің құрамдас бөлігі болған тестілеу дәстүрлі бақылау және бағалау әдіс-тәсілдерімен қатар оқу процессін ішкі және сыртқы мониторингінде де пайдаланылады. Тестілеудің әртүрлі түрлі бір-бірін толықтырады және жалпы жағдайда білім беру сапасын көтеруге ықпал жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ожерельева Г.А. Развитие методов тестирования //Перспективы науки и образования, 2013, №6, С. 20-28.
2. Нейман Ю. М., Хлебников В. А. Педагогическое тестирование как измерение. М.: Центр тестирования МО РФ, 2002, 217 с.
3. Цветков В.Я. Использование оппозиционных переменных для анализа качества образовательных услуг // Современные наукоемкие технологии, 2008, №1, С. 62-64.
4. Кулагин В.Л., Найханов В.В., Овезов Б.Б. Роберт И.В., Кольцова Г.В., Юрасов В.Г. Информационные технологии в образовании. М.: Янус-К, 2004. 248 с.
5. Равен Д. Педагогическое тестирование: проблемы, заблуждения, перспективы. М.: Когито-Центр, 1999, 144 с.
6. Цветков В.Я. Стандартизация информационных программных средств и программных продуктов. М.: МГУГиК, 2000, 116с.
7. Цветков В.Я., Гурский Р.А. Подготовка тестовых заданий, составление тестов, проведение тестирования студентов. Учебное пособие для профессорско-преподавательского состава кафедр университета. М.: МИИТ, 2008, 24 с.
8. Кулагин В. П., Цветков В. Л. Модели многоуровневого тестирования //Информатизация образования и науки, № 3, 2013, С. 95-101.
9. Цветков В.Я. Извлечение знаний для формирования информационных ресурсов. М.:Госинформобр, 2006, 158с.

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы современных технологий тестирования в сфере образования. Всесторонне освещены технологии и методы тестирования, их содержание, особенности, которые сегодня нашли широкое применение в сфере образования. Кроме того, в статье приведена классификация и характеристика педагогических тестов. Проведен анализ стандартизированных и нестандартизированных тестов в отношении типов тестов, их отличительных аспектов. Показано значение проблемы стандартизации тестов, требования и потребности к ней. Проведен анализ значимости, характера и получения «входного» контроля в отношении методов измерения и оценки знаний обучающихся. Рассмотрены гомогенные и гетерогенные тесты в классификации тестов, приведены их особенности и различия. Также проведен анализ полидисциплинарных и

междисциплинарных тестов, касающихся типов тестов, их характера, взаимосвязи, сходства и содержания.

Abstract

The article deals with the issues of modern testing technologies in the field of education. The technologies and methods of testing, their content, and features that are widely used in the field of education are comprehensively covered. In addition, the article presents the classification and characteristics of pedagogical tests. The analysis of standardized and non-standardized tests in relation to the types of tests, their distinctive aspects is carried out. The significance of the problem of standardization of tests, requirements and needs for it are shown. The analysis of the significance, nature and receipt of "input" control in relation to the methods of measuring and evaluating students' knowledge is carried out. Homogeneous and heterogeneous tests in the classification of tests are considered, their features and differences are given. The analysis of multi-disciplinary and interdisciplinary tests concerning the types of tests, their nature, relationship, similarity and content is also carried out.

ӘОЖ 51 (072)

Т.С.Сұлтанбек¹, А.Е.Бекен²

ф.-м.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ РЕФОРМАЛАРЫ АЯСЫНДА ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ОҚЫП-ҮЙРЕНУДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Түйін

Бұл мақаламызда мектеп математика курсының негізгі тақырыптарының бірі теңсіздіктер және теңсіздіктерді оқып-үйренудің негізгі принциптері туралы баяндап отырмыз. Алдымен заманауи білім беру реформаларының айрықша белгісі бейіндендіруге түсінік бере отырып, жалпы білім беру бағдарламасын меңгерудің талап етілетін деңгейлерін көрсетіп, содан кейін орта мектеп математика курсына теңсіздіктерді оқытудың принциптер жүйесін көрсетіп өттік. Теңсіздіктерді оқытудың дидактикалық принциптері мен білім беру реформаларының тенденцияларының өзара байланысын, атап айтқанда білім беруді ізгілендіру мен жас ерекшелік және деңгейлік саралау, жоғары сыныптарды бейіндендіру мен бейіндік саралау, жүйелі-әрекеттік тәсіл мен іргелендіру, оқушылардың зерттеушілік және жобалық әрекетінің негіздерін қалыптастыру мен зерттеу әрекетін модельдеу сәйкестігін көрсеттік. Сонымен қатар теңсіздіктерді зерттеу, теңсіздіктерді оқытудың дидактикалық принциптерін зерттеудің математикалық білім беруде маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отырмыз.

Кілттік сөздер: бейіндік білім беру, теңсіздік, зерттеу әрекеті, бірізділік принципі, жүйелілік принципі, ғылымилық принципі, белсенділік принципі, қолжетімділік принципі, қызығушылық,

Заманауи педагогика құзіреттілік деп білім алушының даму деңгейіне қойылатын талаптардың белгілі жиынын, оның потенциалды белсенділігін, дайындығы мен белгілі бір әрекет түріне ұмтылуын түсінеді. Құзіреттілік тұлғаның біріктірілген қасиеті, құзіреттілікті орындау бойынша әрекетті жүзеге асыру тәжірибесі ретінде түсіндіріледі. Осылайша, А. В. Хуторскойдың пікірінше, құзіреттік әдіс «білім берудің тұлғалық және әлеуметтік мағынасын» біріктіреді [1], соның нәтижесінде білім алушы ақпараттың белгілі көлемін ғана меңгеріп қоймай, сонымен қатар әрекет етудің қажетті тәсілдерін игереді. Академик В. И. Загвязинский: «Құзіреттік әдісті ретпен және толық жүзеге асыру – мәдениеттану концепциясын жүзеге асыру тәсілдерінің бірі, себебі құндылықтық-мотивациялық, білімділік, әрекеттік құраушылары біріктіретін, әрекетке, өмірдің әртүрлі салаларына белсенді қатысуға дайындықты қарастырып, өмірлік жеңістің негізін қалайтын» екенін атап көрсетеді [2].

Заманауи білім беру реформаларының айрықша белгісі жоғары сыныптарды бейіндендіру болып табылады. Жалпы мектептің жоғары буынын бейіндік саралау жалпы білім беру стандартымен реттеледі, ол жалпы білім беру бағдарламасын меңгерудің пәндік нәтижелері үшін келесі үш деңгейді талап етеді: біріктірілген, негізгі және бейіндік. Біріктірілген деңгейде пәндік нәтижелер негізінен «жалпы білім берудің дүниетанымдық, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін, оқушылардың жалпы мәдениетін қалыптастыруды» жүзеге асыруға бағдарланса, негізгі деңгейде пәндік нәтижелер интеллектуалды дамуға және оқудың білім беру мақсаттарына жетуге көбірек бағытталады. Ал бейіндік деңгей сәйкесінше тағайындалған білім беру міндеттерін математика құралдары көмегімен шешуді талап етеді. Басқаша айтқанда негізгі деңгейде де, бейіндік деңгейде де оқушылар өздеріне күнделікті өмірлерінде, оқуын әрі қарай жалғастыру үшін және болашақ кәсіби қызметі үшін қажет біліктер мен дағдыларды меңгереді. Алайда математиканы оқытудың негізгі деңгейінде негізінен оның аппаратын жеке ғылымда қолданудың терең математикалық фактілерді меңгеру мен пайдалануды талап етпейтін біліктерімен біріктірілген болса, бейіндік оқыту деңгейінде математика танымның өзіндік мақсатына, бітірушінің әрі қарайғы өмірінің ажырамас бөлігіне айналады.

Бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасында: «бейінді оқыту – кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау, олардың кәсіптік бейімі үшін жағдай жасау, оқушылардың бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру процесінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, жоғары сынып оқушыларының оқуын даралау мен саралап жіктеудің педагогикалық жүйесі», - делінген [3]. Басқаша айтқанда жоғары сыныптарда оқытуды бейіндеу жоғары сынып оқушыларының көпшілігінің білім беру және өмірлік қағидаларына сәйкес келеді, ал жоғары сыныптарда бейіндік оқыту жалпы білім беру жүйесін білім беру «неғұрлым дараланған, функционалды және тиімді болуын» талап ететіндей жаңарту идеясын жүзеге асырады. [4].

Білім беру реформаларының аталған бағыттарынан орта мектеп математика курсында теңсіздіктерді оқытудың принциптер жүйесін атап өтейік.

Заманауи білім берудің стратегиялық бағдары озық даму мақсатына сәйкестік ретінде берілгендіктен, осы мақсатқа жетуге бағытын озық принципіне бағындырған дұрыс. Бұл принцип педагогика мен психологияда кең танымал, Л.С.Выготскийдің оқытудың дамуға қатысты жетекші ролі туралы ережесіне негізделіп, тұлға дамуының қоғам, техника мен технологияның дамуы деңгейінен маңыздылығында болып табылады. Біздің ойымызша, озық даму принципі қазіргі кезде әлеуметтік тапсырыс принципіне түрлендіру дұрыс болып саналады. А.М.Новиков жасаған кәсіптік білім беруге қатысты «мамандарды кәсіби даярлаудағы қоғамның болашақтағы қажеттіліктерін озық қанағаттандыру, қалыптастыру және болжауы» [5], мектептегі білім беруге ауыстырыла алады. Математикалық білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар контекстінде озық әлеуметтік тапсырыс принципі педагогтардан білім беру процесінің болашағын көріп, оның нәтижесін болжап қана қоймай, сонымен қатар қоғамда болып жатқан өзгерістердің көкжиегінен шығып, олардың мектепке жасайтын ықпалын да болжауы керек. Жалпы орта мектептерде теңсіздіктерді математиканың ең маңызды салаларының бірінде оқыту көрсетілген талаптарды жоққа шығара алмайды.

Білім беру жүйесіне ықпал жасайтын маңызды фактор оның іргелендірілуі болып табылады. Бұл оқытудың іргелілігі принципін түсінуге алып келеді. Бұл принципке сәйкес кез келген пәндік сұрақ (бұл жағдайда математикалық теңсіздіктерге қатысты) жеке, оқшаулануды доғарып, басқа математикалық білімдер спектріне қосылып, танымның жалпы ғылымдық әдістерін қолдану мүмкіндігін тауып, әртүрлі қосымшалармен бекітіледі.

Жалпы орта мектепте іргелілік принципін жүзеге асыру теңсіздіктерді оқып-үйрену мемлекеттік стандартпен анықталатын және «рационал және иррационал, көрсеткіштік, дәрежелік, тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер, олардың жүйелерін шешудің стандартты тәсілдері, дайын компьютерлік бағдарламаларды қолдану және бағдарламаларды

аталған теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің жолдарын іздеу үшін және олардың шешімдерін бейнелеу үшін қолдануды» меңгеруге бағытталған білім мөлшерін ғана қоймайды, сонымен қатар заманауи ғылыми жетістіктерге, өзекті мәселелерге жататын мәліметтерді де қамтиды. Теңсіздіктердің мазмұндық желісін нақты пәндік әрекеттерді қалыптастырудан басқа зерттеу оқушыларды сәйкес эвристикалық тәсілдермен таныстыруды, оларды жас ерекшеліктеріне сәйкес нақты зерттеу әрекетіне тартуды талап етеді. Бұл жағдайда оқушылар өздері алып жатқан білімдерінің ақиқаттығы мен ғылымилығына көз жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік нормалар мен қоғамдық тәртіп дағдыларын белсенді түрде меңгереді.

Мектеп математика курстарында теңсіздіктерді оқытудың іргелілік принципі қосарланған болмысын айқындайды. Бір жағынан «теңсіздік» бұл математиканың көптеген тарауларында (сандар теориясы, дифференциалдық және интегралдық есептеулер, ықтималдықтар теориясы және т.б.) пайдаланылатын іргелі ұғымы. Екінші жағынан теңсіздіктердің аппаратының қосымшалары қолданбалы зерттеулерде қажет. Теңсіздіктер көмегімен математиканың классикалық тұжырымдарын тиімді зерттеп, жалпылап, дамытуға, сонымен қатар оның жаңа тарауларына (автоматтар теориясы, кодтау теориясы, экономикалық амалдарды зерттеу, сызықты емес бағдарламалау) ықпал жасауға болады. Іргелілік принципінің мұндай көрінісі математикалық білімдердің және оның қолданатын әдістерінің әмбебап табиғатын ерекшелеп көрсетуге көмек береді, математиканың басқа ғылымдармен және практикамен байланыстарын айқындауға ықпал жасайды.

Жас ерекшелігі, деңгейлік және бейіндік саралау принциптері оқытудың оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерінің сәйкестік деңгейіне сәйкестігін талап етеді. Жас ерекшелік саралау негізінде білім алушының дамуының бірнеше жас ерекшелік кезеңдерін айқындайтын сезімталдықтың психологиялық теориясы жатыр. Ал деңгейлік саралау оқушылардың материалды меңгеру қабілетігі пәндік жетістіктері, сәйкес кәсіби білім алуға бағдары сияқты әртүрлі жеке ерекшеліктерін ескереді.

Жас ерекшелік және деңгейлік саралауға қарағанда бейіндік саралау математиканы оқытудың басқа деңгейімен байланысқан және жалпы орта мектептің жоғары буынында көрініс табады. Бейіндік оқытуды қазіргі уақытқа дейін сәйкес пәнді тереңдетіп оқытумен теңестіргенімен, олардың арасында түбегейлі айырмашылықтарды атап көрсетуге болады. Л.В.Федяеваның ойынша бұл айырмашылықтар мыналар болып табылады:

– дамудың әртүрлі парадигмаларымен шарттасуы («тереңдетіп оқыту <...> парадигмасына құрылса, бейіндік оқыту оқушыларға оқудың таңдау бөлімін таңдау мүмкіндігін, ал мұғалімге оқытудың құралдарын, әдістері мен формаларын таңдау еркіндігін беретін заманауи парадигмаға кірістірілген [6]);

– оқытуды әртүрлі тәсілдер контекстінде жобалау (тереңдетіп оқыту – «білімге-бағдарланған тәсіліне сәйкес», ал бейіндік – тұлғаға бағдарланған тәсіл негізінде) [6]). Осыған байланысты бейіндік оқыту тереңдетіп оқытуға қарағанда оқушылардың тұлғалық потенциалының дамуына, интербелсенді зерттеушілік компоненттерін меңгеруге, әрбір оқушы үшін жеке білім беру траекторияларды құрастыру мен ой еңбегі мен өз бетінше білім алуды ұйымдастыру дағдыларын дамытуға бағытталады.

Осылайша, математиканы тұлғаға бағдарланған бағытта бейіндік оқыту математиканы тереңдетіп оқытудан өзінің мақсаттарымен, пайдаланылатын әдістерімен, оқытудың құралдары мен формаларымен ерекшеленеді екен. Олай болса математиканы тереңдетіп оқытудың бейіндік те, тереңдетілген де курстары тереңдетілген курсты бейіндік оқытудың бір бөлігі ретінде жобалауды жоққа шығаратын жеке өзіндік бағдарламалары бар болуын талап ету орынды. Бұл алайда бейіндік оқыту аясында сәйкес мәселелерді тереңдетіп оқытуды жоққа шығармайды.

Теңсіздіктерді зерттеу саралап оқытудың әртүрлі түрлерін жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Оларды оқушылардың бастапқы деңгейін анықтауға негіздей отырып ұйымдастыру мұғалімнің оқытылып отырған тақырып мазмұнын сауатты түрде іріктеу,

қиындығы әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар жиынтығын құрастыру мен оқу-педагогикалық әрекеттің формалары мен әдістерін, оның қосымша қолдау құралдарын анықтау, оқытуға зерттеу әдістерін мөлшерлеп енгізу мен оқушыларда өз бетінше білім алу іскерліктері мен қабілеттерін дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Енді А.В.Ястребов болашақ педагогтарды оқытуға қатысты қалыптастырған зерттеу әрекетін модельдеу принципін [7] көрсетейік.

Қазір зерттеу әрекетінің түрлері білім беру стандартымен реттелетіндіктен, оларды педагогикалық практикада пайдалану қажет. Келесі ережелерді басшылыққа алатын боламыз:

- 1) зерттеу әрекетіне тарту оқу орнының бейініне, оқитын пәннің ерекшеліктеріне және білім алушылардың даму деңгейіне сәйкес келуі керек;
- 2) зерттеушілік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру барлық оқушыларды олардың қабілеттері мен оқытылатын пәннің деңгейіне қарамастан қамтуы тиіс;
- 3) зерттеушілік әрекет оқушының бүкіл оқу кезеңінде қатар жүруі тиіс;
- 4) зерттеу жұмысының компоненттерін оқу процесіне жасанды жолмен енгізу қажет емес, оларды оқу кезінде пайдалану барынша «табиғи» болуы қажет.

Осы аталған ережелер оқушыларға зерттеу әрекетін оның әртүрлілігімен рет-ретімен және жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Педагог өз кезегінде оқушыларға олардың әрекеттерін бағыттай және дұрыстай отырып, сонымен бір мезгілде мотивация мен танымдық белсенділіктерін қолдай отырып жетекшілік жасауы керек. Басқарудың бұл тәсілі оқушы немесе студентке өзінің жеке зерттеу әдебінің моделін құруға мүмкіндік береді.

А. В. Ястребов оқушылардың зерттеу әдебін анықтай отырып зерттеу іскерліктері мен дағдылары «... тұлғаның математикалық мәдениетте «өмір сүруіне» қажетті қасиеттерінің» негізін қалыптастыратынын айтады [7].

Бұл көзқарас математиканы оқудың құндылықтық нәтижелері туралы білімді белгілі бір жиынтығын игеру ретінде ғана емес, сонымен бірге осы үдерісті қолдайтын қызмет ретінде қарастырады, сонымен қатар оны мәдени орта ретінде түсініп, математиканың гуманитарлық әлеуетін атап көрсетеді.

Теңсіздіктерді оқытудың көрсетілген принциптері заманауи білім берудің кілттік үрдістерін бейнелейтін тұтас жүйесін құрайды. Бұл тезистің негіздемесін төмендегі кестеден бастайық. Көрсетілген принциптердің барлығы оқушыларға оқу мазмұнын іріктеуге, оны ұйымдастыру әдістемесіне байланысты заңдылықтарды әртүрлі бейнелейді, алайда нақты педагогикалық процесте олар бір-бірімен байланыста, оқытудың әрбір кезеңінде көрініс табады. Дидактикалық принциптердің мұндай байланысын Ю.К.Бабанский тиімділік принципі ретінде анықтады [8].

Жоғарыда құрылған жүйе осы талапқа жауап беретінін көрсетейік.

Дидактикалық принциптердің сипатталған жүйесі минималдылық қасиетке ие екенін ескерейік, себебі тіпті бір принциптің болмауы білім беру реформасының концепциясын толық ашуға мүмкіндік бермейді. (Кесте 1 қараңыз).

Кесте 1. Теңсіздіктерді оқытудың дидактикалық принциптері мен білім беру реформаларының тенденцияларының өзара байланысы

<i>Білім беру концепциясы / тәсілі</i>	<i>Ең жақын дидактикалық принциптер</i>
Білім беруді іргелендіру	Іргелілік
Білім беруді ізгілендіру	Жас ерекшелік және деңгейлік саралау
Жоғары сыныптарды бейіндендіру	Бейіндік саралау
Қүзіреттілік тәсілі	Озық әлеуметтік тапсырыс
Жүйелі-әрекеттік тәсіл	Іргелендіру
Оқушылардың зерттеушілік және жобалық әрекетінің негіздерін қалыптастыру	Зерттеу әрекетін модельдеу

Сонымен қатар теңсіздіктерді оқытудың мақсаттары математиканы оқыту мақсаттарына байланысты қойылды, ал құрылған дидактикалық принциптерінің жүйесі оқушылардың дамуының барлық желілерін (мәдени, зияткерлік, шығармашылық, рухани-адамгершілік және эстетикалық) кешенді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл құрылған дидактикалық принциптер жүйесінің математика саласының бірқатар мамандардың оның ережелерінің толық емес екендігін «... көптеген әдістемелік есептерді тек математиканы оқыту теориясы аясында ғана шығару мүмкін емес» деп атап өтуіне қарамастан, толық екендігі туралы айтуға мүмкіндік береді[9]. Дидактикалық принциптер жүйесінің толықтығы туралы айтқанда біз оның математиканы оқыту бағытының тұтастығына, қамтылуы мен қызметіне бағдар ұстаймыз және бұл қасиетті аксиоматикалық теорияны құрудағыдай қарастырмаймыз. Осы тұста жоғарыда аталған принциптердің сипаттамаларын түсіну дидактикадағы дәстүрлі принциптермен байланысын айқындайды. Дидактиканың дәстүрлі принциптерінің бірнешеуін көрсетейік.

Бірізділік принципі (іргелілік, жас ерекшелік бойынша саралау принциптерімен тікелей байланысты) «оқыту мазмұны сәйкес логикалық реттілікте тараудың кейбір сұрақтарын осы тараудың басқа сұрақтарын қарағанда немесе басқа тарауды немесе кейінірек оқылатын басқа пәндерді қарастырғанда да қайта оралу мүмкіндігі болатындай етіп құрылуы тиіс» [10].

Жүйелілік принципі (іргелілік принципімен байланысты) теңсіздіктерді оқыту математиканың оның басқа тарауларымен байланысындағы бірлігі идеясына бағынатынын талап етеді. Бұл осы тақырыпты меңгеру мықтылығын, оны қабылдау тұтастығын қамтамасыз етеді. Жүйелілік принципіне негізделі отырып оқушылар жалпыматематикалық әдістердің күшін көрсетіп, білім, іскерлік пен дағдыларын бекіту мен жетілдіру бойынша оларды қалыптастыруға уақытты көбейте отырып тұрақты жұмыс жүргізу қажет.

Мектеп математика курсына теңсіздіктерді жүйелі оқытуда мысалы Г.А.Киричек келесі аспектілерді атап көрсетеді[11]:

– теңсіздіктер мен олардың жүйелері аппараты ұсынатын құралдар көмегінсіз заманауи математикалық модельдеудің мүмкін емес екенін білдіретін *қолданбалы бағыт*;

– теңсіздіктерді зерттеудің көп деңгейлі негіздемесі болып табылатын *теориялық-математикалық бағыт* (бір жағынан теңсіздіктердің, олардың жүйелерінің негізгі кластарын қарап, екінші жағынан теңсіздіктер сызығына жататын және берілген тарауды құру логикасын реттеуге мүмкіндік беретін жалпыланған ұғымдарды қалыптастыру);

– математика курсының мазмұнымен байланысты орнатуға бағыт (әсіресе курстың сандық, функциялық және алгоритмдік желілерімен байланысты).

Ғылымилық принципі (бұл талап сипатталған жүйенің барлық принциптерінде сәйкесінше ескерілген) жалпы орта мектепке қатысты теңсіздіктерді оқып-үйрену процесінде дұрыс математикалық терминология мен символдарды пайдалануды, түсіндірудің нақтылығы мен толықтығына, оның ұғымдарн заманауи тұрғыда айту, дәлелдеулердің қатандығына ұмтылуды білдіреді. Мектепте теңсіздіктерді ғылымилық принципі негізінде оқытуды жобалау түсіндірілетін материалдың қолжетімділігімен сауатты үйлесуіне, негізделуі, міндетті оқу бағдарламасына жалпы білім беретін маңызы бар дидактикалық тұрғыда өңделген ғылыми білімдерді қамтуы, оқытудың дедукциялық әдістерін мөлшерлеуі, оқытылатын материалды талдау және оларды жалпылау дағдыларын қалыптастыруға назар аударуы тиіс.

Саналылық және белсенділік принципі (оқушылардың зерттеу әрекетін модельдеу принципімен тығыз байланысты) білім беру процесінің оқушылардың белсенді ойлау әрекетін қамтамасыз етуді талап етеді. Математикалық білімнің белсенді табиғаты баршаға мәлім. Оқушыларды әртүрлі есептерді шығаруға тартып, пайымдау тәсілдеріне үйретіп, оларды жаңа фактілерді шуға итермелеп, олардың пәнге деген танымдық қызығушылықтарын ынталандырып, қолдап отырса ғана қажетті білім беру әсеріне қол жеткізуге болады. Мұнда оқытушының маңызды міндеті әрбір оқушының жеке оқу ынтасын айқындау және сапалы білім беру нәтижесіне түрленетін қажетті құралдарды іздеу болып

табылады. Белсенді іздеу жағдайлары, ойлау қабілеті, қарама-қайшы тұжырымдармен соқтыққанда жеке өзінің ойын қалыптастыру қажеттілігі оқушыдан тұлғалық қасиеттерді көрсетуді талап етеді, ал танымдық қызығушылықтардың жүйелі және саналы дамуы оның пәнге деген оң көзқарасының негізі ғана емес, сонымен қатар оның тұлғалық тұрақты қасиеті де болады.

Қолжетімділік принципі жас ерекшелік, деңгейлік және бейіндік саралау принципімен байланысты. Оған байланысты теңсіздіктерді оқыту оқушылардың ақыл-ой және жас ерекшелік дамуына бара-бар деңгейде жүргізілуі тиіс. Қолжетімділік принципінің ерекшеліктері оның ғылымилық принципімен, жас ерекшеліктеріне байланысты саралау, деңгейлік саралау принциптерімен үйлесе отырып тараудың абстрактілі математикалық мазмұнын әртүрлі құралдармен (табиғи, символдық немесе графикалық бейнелермен, тәжірибелік-эксперименталдық мәліметтер, т.с.с.) нығайтатын көрнекілікті белсенді пайдалануда көрініс табады. Бұл тізімді, мәселен теңсіздіктер дамуының заманауи деңгейіне сәйкес пәндік облыс ретінде, біріктіру, таңдау принциптерімен, оқу материалында дамыту әлеуетінің бар болу принципімен әрі қарай жалғастыруға болады [10].

Сонымен, теңсіздіктерді зерттеу, теңсіздіктерді оқытудың дидактикалық принциптерін зерттеу математикалық білім беруде маңызды рөл атқаратынын айтуымызға болады. Олардың оқушының тұлғалық дамуы үшін маңызы кең мазмұнды материалдан, практикалық қолданудың кеңдігінен, пәнаралық байланыстардан және оны іздеу және зерттеу қызметін жүзеге асыруда қолдану мүмкіндіктерінен көрінетінін де атап өту қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Хуторской А. В. Ключевые компетенции как компонент личност-но-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. № 2. – С. 55-61
2. Загвязинский В. И. О стратегических ориентирах реформирования образования // Научные основы развития образования в XXI веке: 105 вы-ступлений членов Российской академии образования в СПбГУП / сост., ред. А. С. Запесоцкий, О. Е. Лебедев. – СПб.: СПбГУП, 2011. – С. 256–263
3. Муканова С.Д. Проектирование рабочих учебных планов профильного обучения в 10-11 классах общеобразовательных учебных заведений . - Алматы, 2005 (методическое пособие)
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартын «Негізгі ережелер» (МЖБС 2.003. – 2002)
5. Новиков А. М., Новиков Д. А. Структура системной теории развития профессионального образования // [Электронный ресурс] URL: <http://www.anovikov.ru/> (дата обращения 28. 01. 12)
6. Федяева Л. В. Элективные курсы философской направленности по математике как средство развития познавательного интереса учащихся клас-сов математического профиля: Дис. ... канд. пед. наук. – Омск, 2008. – 236 с.]
7. Ястребов А.В. Научное мышление и учебный процесс – параллели и взаимосвязи: Монография. Ярославль: ЯГПУ им. К. Д. Ушинского, 1997. – 137 с.
8. Цит. по Педагогика: Учеб.пособие для студентов высших педагогических учебных заведений / В. А. Слостенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В. А. Слостенина // [Электронный ресурс] URL: http://www.p-lib.ru/pedagogika/slastenin/slastenin_index.html (дата обращения 5. 05. 13)
9. Клековкин Г. А. Современные тенденции развития методики обучения математике // Вестник ВятГГУ. Педагогика и психология. – 2009. – № 2 (3). – С. 105–111
10. Калинин С. И. Обучение студентов математическому анализу в условиях фундаментализации высшего педагогического образования. – Ки-ров: Изд-во ВятГГУ, 2008. – 353 с.

11. Киричек Г. А. Индивидуальный подход к учащимся при уровневой дифференциации изучения темы «Неравенства» в курсе алгебры основной школы: Дис. ... канд. пед. наук. – Тольятти, 2002. – 258 с.

Аннотация

В этой статье мы рассматриваем одну из основных тем школьного курса математики - неравенства и основных принципах изучения неравенств. Сначала давая объяснение профильному образованию как отличительной черты современных образовательных реформ, показав требуемый уровень усвоения общеобразовательной программы, мы показали систему принципов обучения неравенствам в математике в старших классах. Мы показали взаимосвязь между дидактическими принципами неравенства в обучении и тенденциями реформы образования, том числе гуманизация образования и возрастная и уровневая дифференциация, профильное обучение и профильная дифференциация старших классов, системно-действенный подход и обоснование, формирование основ исследовательской и проектной деятельности учащихся и моделирование исследовательской деятельности. Наряду с вышеуказанным показываем, что изучение неравенства, изучение дидактических принципов обучения неравенству играет важную роль в математическом образовании.

Abstract

In this article, we consider one of the main topics of the school mathematics course - inequality and the basic principles of studying inequalities. First, giving an explanation of specialized education as a distinctive feature of modern educational reforms, showing the required level of mastering the general education program, we showed a system of principles for teaching inequalities in mathematics in high school. We have shown the relationship between didactic principles of inequality in learning and trends in educational reform, including the humanization of education and age and level differentiation, profile training and profile differentiation of senior classes, a systemic-effective approach and rationale, the formation of the foundations of research and project activities of students and modeling of research activities. Along with the above, we show that the study of inequality, the study of the didactic principles of teaching inequality plays an important role in mathematical education.

ӘОЖ 373.3:004.85

Р.А. Таймбетова¹, С.М. Сихимбаева¹, Н.Т. Қатбай²

¹магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹б.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²бастауыш сынып мұғалімі, М. Әуезов атындағы №96 жалпы орта мектебі, Шымкент, Қазақстан

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Мақалада шағын жинақты бастауыш мектептердің қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелері мен шешу жолдары қарастырылған. Зерттеу нысаны шағын жинақты бастауыш сыныптарда жаратылыстану пәнінен сабақ ұйымдастырудың дидактикалық ерекшеліктері мазмұндалады. Шағын жинақты бастауыш мектепте оқу-тәрбие үрдісін кіріктіре оқытудың әдістерімен қоса, ұжымдық оқыту, деңгейлік оқыту, дидактикалық бірлікті ірілендіру технологияларын басым қолданылса стандартқа сай нәтижеге қол жеткізуге болатындай әдістері талданып, зерттелген. Жаңа білім беру жүйесінің талаптарының бірі ортақ тақырыпта оқыту қағидатын қолдануды ұсынады. Жаңа сабақты барлық сынып оқушыларына түсіндіру кезеңі бір мезетте ұйымдастырылады. Жаратылыстану оқулығындағы зерттейік, анықта айдарларында берілген тапсырмалар желісінде видеотүсірілімдер нұсқаларын дайындап ұсыну жоғары жетістікке жеткізетіні келтіріледі. Жаратылыстану пәнінің табиғаттағы нысандарымен етене танысу үшін виртуалды экскурсия технологиясын ұтымды деп ұсынады.

Кілттік сөздер: Шағын жинақты, жаратылыстану, ортақ тақырып, интеграциялық, ұжымдық, деңгейлік оқыту технологиясы.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында шағын жинақты мектептерді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы [1] және Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [2] көрсетілген орта білім беру жүйесінің үш басымды міндеттерінің бірі «шағын жинақты мектеп сапалы білім беруді қамтамасыз ету» деп жеке арнайы көрсетілгені жайдан жай емес.

«Ауыл - бұл халық өмірінің бейнесі, мәдениеті, дәстүрінің, салты мен рухани өмірінің қайнар көзі. Тек қана осы факторлар жиынтығы біздің ауыл мәселелеріне, соның ішінде оның мектебіне өте сергек қарауды талап етеді» деп нықтап айтқаны бар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың [3]. Ауыл мектептерінің ішінде еш күрмеуге келмейтін өзіндік өзекті мәселесі жетерлік шағын жинақты мектептер жайы тіптен ерек. Жоғарыдағы Елбасы пікірінің үзіндісі сонау 2001 жылы айтылған болса, қазіргі еліміздің бүткіл білім беру саласы жаңартылған мазмұнды оқу бағдарламасымен жұмыс жасау кезеңінде тіптен құндылығын жоймай тұрғанын айтар едік.

Қандай жағдайда болмасын шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімдерінің алдында нақты мақсат – статусына, әлеуметтік қиындықтарына қарамастан бүткіл жеке пәндердің жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнына сай білім беру болып қала береді. Әйтседе, шағын жинақты бастауыш мектептердің бұл мақсаттарға қол жеткізулеріне қауқарлары жетпей жатары анық.

Шағын жинақты бастауыш мектептерде оқытудың дидактикалық ерекше мазмұнына осы мектептерге арналған оқу-әдістемелік және басқа оқыту құралдарын толық қанды заманауи үлгідегі талаптармен қамтамасыз етілуі мен оны қолдану әлеуеттері саналады.

Теориялық талдау. Шағын жинақты мектептердің туындауы шалғай жерлерде қоныс тепкен, яки көбі көп орталық жайларға қоныс аударып елде шағын ғана халық тұрғындарының тұрақтанып қалуынан толық комплектілі талапқа сәйкес келмеу салдарынан пайда болады. Әйтседе, мұндай сынды мектептердің тарихы сонау Л.Толстой, К.Д.Ушинский өмір сүрген кезеңнен бастау алады. Қазақстан топырағында ондай мектептің пайда болуы Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметімен тікелей байланысты XVIII ғасырдың 60 жылдарында дүниеге келді. Оларды алғашқылары және ең белгілілері Бөкей ордасындағы мектептер, Орынбор шекарасы жанындағы мектептер, «Мамания» мектебі, Ы.Алтынсарин үлгісімен ашылған мектептер т.б. екенін айта кеткен жөн [4,266.].

Ғылыми еңбектердің бірінде бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартына сай оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге мынадай кедергілер бар екендігі айқын көрсетеді. Онда: педагогикалық мамандықтар даярлайтын жоғары оқу орындары мен колледждерде арнайы шағын жинақты бастауыш мектептердегі оқу үдерісін ұйымдастыру мен басқару, оқыту әдістемесін меңгерген маман даярланбайтыны, педагогтарды қайта даярлау және біліктіліктерін жоғарылату курсына да шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған арнайы білім беру бағдарламалар бойынша жүргізілмейтіні және заманауи техникалық оқу құрал-жабдықтармен толық жабдықталмауы, сонында осындай сынды мектептің мұғалімдерін ынталандыру мен әлеуметтік қолдау көрсету, еңбекақы төлеу жүйесінің сәйкессіздігі секілді аспектілер күрмеулі қалпында жыл өткен сайын жаңаруда.

Әйтседе, сапалы білім мен тәрбие беруде нағыз педагогтар қол қусырып отырмақ емес, өздерінің бар мүмкіндіктерін сарп етіп, дидактикалық жетілуін тоқтатпай жан- жақты әлсіз болса да дамытып отыруда. Шағын жинақты бастауыш мектеп педагогтарының дидактикалық құзыреттіліктерін жетілдіруге көмек қолын созуды ғалымдар мен педагог - әдіскерлер теңізді толтырар тамшыдай ғылыми -әдістемелік зерттеу нәтижелерін ұсынуды жүргізіп келеді. Оның ішінде шағын жинақты мектепте оқу- тәрбие үдерісін ұйымдастырудың инновациялық бағыттарын, әдістемелік көмекші құралдар, ғылым-әдістемелік идеялар мен жобаларын жариялауын айтар едік. Ғылыми әдістемелік басылымдарды зерттеу барысында осы секілді деректермен таныстық.

Шағын жинақты бастауыш мектепте оқу-тәрбие үрдісін кіріктіре оқытудың әдістерін тиімді пайдалана отырып өткізу басым кездеседі. Кіріктірілген сабақтардың әр кезеңінің мәні

бар, мәселен, алдымен, үй тапсырмасын тексеру бір мезгілде екі сыныпта жүргізу тиімді келесі, өткен сабақты бір сынып бекіту кезінде, екінші сыныпқа жаңа тақырып бойынша өз бетінше жұмыс жүргізу тапсырылады, ал үшіншіде бекіту кезеңінде түрлі тесттермен жұмыс жасау дағдысы дамытылады.

Кіріктірілген сабақтарда оқушыға өзі өмір сүретін орта туралы, құбылыстар мен заттардың байланысы жайында ауқымды және айқын түсінік беріледі. Мұнда негізгі басымдылық қандай да бір білім көлемін игеруге емес, бейнелі ойлауды дамытуға беріледі. Шағын жинақталған мектепте кіріктіріп оқытудың бұл ерекшеліктері алдыңғы алған білімін қайта жаңғыртуға көмектеседі [5]. Бұл байланыс оқыту барысында нақты жаттығулар мен тапсырмалар арқылы нығая түседі.

Шағын жинақты мектептер құрылымы жағынан 2 топқа бөлінеді:

-Біріктірілген сынып-комплектілі мектептер.

-Сынып-комплектісі аз, оқушы саны аз мектептер [2,246.].

Біріктірілген сыныптарда мұғалім бір мезгілде екі сыныпқа қатар сабақ өткізеді. Осыған байланысты әр сыныпқа жаңа сабақты түсіндіру кезінде мұғалім сабақ уақытының белгілі бір бөлігін ғана жұмсай алады. Мұндай біріктірілген сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру - кез-келген мұғалімнен, әсіресе жас мамандардан шығармашылық ізденісті, кәсіби жоғары шеберлікті талап етеді. Мұның өзі шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында сабақ өткізуде мұғалімдерге көмекші болатын әдістемелік құралдардың қажеттілігін туындатады.

Заманауи электрондық ресурстардың жетістіктерінің әлеуетіне орай шалғайдағы шағын жинақты бастауыш мектептерге қашықтықтан электрондық түрдегі әдістемелік көмек беру, семинарлар, біліктіліктерін жетілдіру курстарын жоспарлы түрде, үздіксіз ұйымдастырып отыру мүмкін болуда. Шағын жинақты мектепте жаратылыстануды біріктіре оқыту тұлғаның жан-жақты қабілеттерін: фантазиялық еркіндігін, зерттеу жүргізу дағдысын қалыптастырып, шығарма шылығын дамытады. Сондықтан бұл технологияның да өзіндік дидактикалық ұтымдылығы жоғары дей аламыз.

Жаңартылған білім беру жағдайында 1-4 бастауыш сыныптардың барлығына дерлік жеке жаңа пән ретінде жаратылыстану енгізілгені белгілі. Жаратылыстану пәнінің мазмұнына химия, биология, физика, география ғылымдары кіріккен, ол жаратылыстану ғылымының концепциясында да айтылады, жаратылыстану ғылымы бүткіл дүниені құраушы компоненттердің арасындағы заңдылықтарды қамтиды [6]. Ол заңдылықтар адам мен табиғат арасындағы тіршілік заңы деп түсіндіріледі. Табиғат пен қоршаған әлемде болып жатқан процестер, құбылыстар, түрлі реакциялар бір ғана ғылым деңгейінде түсіндіруге шамасы жетпейді. Ол әрине жүйелі түрде қоршаған әлемді құраушы компоненттердің атомдық құрылымынан, дене, заттық түрлері мен күйлерінің, олардың бір түрінен екінші түріне, яки бір күйінен екінші күйіне ауысуын түсіндіретін заңдылықтарды түрлі ғылымдардың жеке нысанындағы деректер арқылы ғана түсінуге болады. Бастауыш сыныпта жаратылыстану пәнін меңгеру барысында осы аталған ғылымдардан білім беріледі.

Тәжірибелік бөлім. Жаратылыстану пәнінің оқу бағдарламасын, оқу жоспары мен оқулықтар талдау барысында жаратылыстану ғылымдарының интеграциялық мазмұнынан білім беруді көзделетіні анықталды. Шағын жинақты бастауыш мектептің өзіндік спецификасына орай жаратылыстану сабақтарын ұйымдастырудың дидактикалық ерекшеліктеріне сәйкес жаңаша әдістемесін зерттелді. Пәннің оқу бағдарламасындағы оқыту нәтижелеріне сапалы қол жеткізуде ешбір аспектілердің кедергісі есепке алынбайды. Тек бастауыш білім беру стандартында көрсетілген нәтижелермен балалардың білім, білік, дағды деңгейлерінің сәйкестігіне қол жеткізу көзделу шарт.

Қазіргі білім беру мазмұнындағы жаңаша талаптың бірі ортақ тақырыптар негізінде оқыту қағидаты бойынша ұйымдастыру шағын жинақты бастауыш сыныптарда қисынға келетін дүние. Оқу бағдарламасындағы берілген жүйеде жаратылыстану пәнінің құрылымдық мазмұны мынадай 5 бөлім бойынша: «Мен – зерттеушімін», «Тірі табиғат»,

«Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және Ғарыш», «Табиғат физикасы» жүзеге асырылатыны белгілі [6]. Бұл бөлімдер өзгерместен сыныптан сыныпқа көшкен сайын шиыршық қағидатына сәйкестеніп қайталанып, күрделеніп отырылады. Сондықтан орта мерзімді жоспарын бір тақырып ұстанымына сәйкес құрастырып жүйелеп алса болғаны. Осыған орай шағын жинақты бастауыш мектепте жаратылыстануды ұжымдық оқыту технологиясы, деңгейлік оқыту технологиясы, дидактикалық бірлікті ірілендіру технологиясы басым қолданылса болғаны, нәтиже сөзсіз жоғары боларына көзіміз жетті.

Зерттеу барысы жаратылыстануды оқытуда топтық жұмыс әрекеттерін басым қолдануды талап ететіні байқалды. Мұнда интербелсенді, зерттеушілік әдістері арқылы өзара қатынасқа түсу арқылы өз бетімен білім игеру жұмыстарын ұйымдастыруға жөн. Топтық жұмыс орындау барысы Б.Блум таксономиясына негізделген білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау секілді мақсатты етістіктерін бағытқа алып, нәтижеге жетудің қадамдары орындалады. Әрине оқушылардың өз бетімен жасалған танымдық қызметін басқарып, жетелеп отыруды көздейтін әр таксономия деңгейіне сәйкес келетін сұрақтарға дұрыс жауап беруге машықтанудан тұрады. Сонда ғана баланың даму дейін таразылай білуге мүмкіндік туады. Айталық: «білу»-мақсатына сәйкес: қалай? қашан? қай жылы? қайда?; «түсіну»-мақсатына жету үшін берілетін сұрақтар түрі: неге? неліктен? себебі? түсіндір, бірнеше тәсілмен шеш, тексер-деген мақсатты жүзеге асырады, ал «талдау»-мақсатына жету үшін ұғымдарды салыстырады, айырмашылығы неде, ұқсастығы неде екенін басты идеясын бөліп шығарады, «жинақтау»-тапсырмаларын орындату кезінде оқушылардың өздеріне күш салып, бір-бірінен туындайтын тығыз байланыстағы сұрақтарға жауап алу арқылы диалог жүргізуге әрекеттенеді.

Жалпы бұрыннан белгілі шағын жинақты бастауыш мектепте сабақтың екі кезеңі анық: мұғалім басшылығымен жұмыс және өздігінен орындалатын жұмыс. Бұл екі кезең «үлкен сабақтың» өн бойында бірнеше рет қайталанып отырады. Енді осы сабақтардың ұйымдастыру барысына тоқталайық: ортақ тақырыптық қағиданы ұстанғандықтан белгілі бір тақырыпты барлық сыныпқа бір мезгілде өткізуге болады. Ал, жаңа сабаққа байланысты жаттығулар мен тапсырмаларды жас ерекшеліктеріне қарай әрбір сыныпқа лайықтап, саралап, әрқайсысына жеке орындатуға болады [5,336.].

Нәтижелер мен талқылау. Жаратылыстану-өте қызықты, ерекше, жан-жақты кіріктірілген пән. Бұл пәнді оқытудың өзіндік дидактикалық ерекшеліктері бар. Бастауыш сыныпта оқылатын аталған пән орта буыннан басталатын жаратылыстануды оқытудың бастапқы курсы болып есептеледі. Жаратылыстану сабағын тиімді ұйымдастыру арқылы практикалық бағытталған ұстаным іске қосылады, бала бойында өмірге қажетті кең ауқымды дағдылары қалыптасатын болады. Тұлға бойындағы жаңа ғасыр дағдыларын қалыптастыруға құзыреттілігі жоғары жаратылыстану пәні тектен текке енгізілмегені осыдан байқалады.

Қазіргі сандық дәуірде шағын жинақты бастауыш мектептің жұмысын сапалы ақпараттық қамтамасыз ету үшін ақпараттық қор құрған дұрыс, ол келесілерді қамтиды: виртуалды зертхана, мәліметтер базасы, кеңес беру қызметі, электронды кітапхана, оқыту, диагностикалық бағдарламалар түріндегі, компьютерлік ойындар, конструкторлар және өзге де оқу-әдістемелік құралдар түріндегі медиатека. Әсіресе, жаратылыстану оқулығын дағы «зерттейік», «анықта» айдарларында берілген тапсырмалар желісінде видеотүсірілімдер нұсқаларын алдын ала дайындап ұсынуды келтіруге болады. Сөзіміздің айғағы ретінде қашықтан оқыту форматына педагогтың дайындығы электрондық ресурстардың бар мүмкіндіктеріне сай жаңаша дидактикалық материалдар дайындауы: виртуалды экскурсия, үй жағдайында демонстрация жасап түсіру, табиғи материалдардан көрнекіліктер дайындау процестерінің түсірілімдері, видеосабактар, видеоэксперимент түсірілімдері секілді электрондық өнімдер пән бойынша білімдері мен қоса практикалық қабілеттерін, креативтіліктерін дамытуға әсер етері сөзсіз. Жаратылыстану сабағында табиғаттағы нысандарымен етене танысу үшін виртуалды экскурсия технологиясын ұтымды деп ұсынамыз.

Қашықтан оқыту форматы жағдайында шалғай ауылдардармен байланыс жасау мүмкіндіктері шешімін тапқандай. Интернет қуатының әлсіздігі болмаса, тікелей әдістемелік байланыс жасау мүмкіндігінің шеңбері кеңейе түсті. Нәтижесінде еркін түрде түрлі вебинарларға, ғылыми -практикалық конференцияларға, видеотүсірілімдерді алмасу, кеңес беру іс жүзінде орындалуда.

Шағын жинақталған мектептің бастауыш сыныптарында жаратылыстануды оқытуда функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында көп мәрте қайталау, міндетті түрде кезең сайын бақылау, ірі блоктармен оқыту, ойындарды қолдану, жеке тұлғаға бағытталған тәсіл, мәжбүрлемей оқыту, шиеленіссіз оқыту, оқыту мен тәрбиені ұштастыру секілді принциптер ұстанады[7]. Осыған орай мұғалім құзыреттілікке тірек белгілері негізінде оқытса көптеген қасиеттерге ие болады. Жаратылыстану оқулығының өзінің құрылымы тірек сызбалар арқылы құрастырылған, сондықтан оқытуды ұйымдастыруда да сол әдісті үйлестіре қолдану ұтымдылығын нақты көрсете аламыз.

Қорытынды. Шағын жинақты бастауыш мектептердегі білім сапасының жалпыға міндетті білім беру стандартына сай екендігіне тағы бір көздерінізді жеткізуге тырыстық. Қазіргі заманауи технологиялар осы жаратылыстану сабақтарына қажетті дидактикалық материалдарды алдын ала электрондық нұсқада дайындап қойып, топтық, жұптық білім алу, тапсырма орындау, өздігінен іздену әрекеттерімен белсенді айналысу үшін таптырмас қор болып саналады. Қазіргідей қашықтан оқыту жағдайында педагогтар электрондық ресурстармен жұмыс жасай алу құзыреттіліктерінсіз құрдымға жетелер жол екендігін түсінді. Сондықтан жаратылыстанудан сапалы білім бере отырып, креативтілікке баулу үшін педагогтың дидактикалық дайындығы жоғары болуы шарт екені практика өзі дәлелдеуде.

Жалпыға міндетті жаңартылған бастауыш білім беру стандартындағы міндеттеріне сай сапалы білім берудің қайнар көзі, арнайы заманауи сандық ресурстардың қызметтерін меңгеру, қажетті электрондық өнім даярлау, қолдана білу тетіктерін меңгеру талабы алдыға озық шықты.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында шағын жинақты мектептерді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы Жобасы Мына сілтемеде: <http://kk.convdocs.org/docs/index-107671.html?page=3> (20 желтоқсан 2020 ж.).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы, Астана, 2010 жылғы 7 желтоқсан Мына сілтемеде: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118> (20 желтоқсан 2020 ж.).
3. Назарбаев Н.Ә. Заманның сыншысы да, тарихшысы да – бүгінгі жастар. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың білім және ғылым қызметкерлерінің съезіне қатысушылардың алдында сөйлеген сөзі (Алматы, 2 ақпан 2001 жыл). //Егемен Қазақстан, 2001, Б. 1-2
4. Астамбаева Ж.Қ., Уәйісова Г. И. Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы. Алматы: Жазушы, 2010, 85б.
5. Баймолдаев Т.М. және т.б. Шағын жинақталған мектептерде пәндерді оқытуда жаңа педагогикалық әдістерді пайдалану жолдары. (Әдістемелік нұсқау). Алматы: Жазушы, 2002. 72 б.
6. Жаратылыстану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2016, 33б.
7. Майбасова Ү.А. Шағын жинақты мектептегі білім мазмұнын жаңартудың мағызы / «Шағын жинақталған мектептің педагогі: білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуының мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық on-line конференция материалдар жинағы. Алматы: «Өрлеу»БАҰО»АҚ ПҚБАИ, 2016, 19б.

Аннотация

В статье рассмотрены актуальные проблемы и пути решения малокомплектных начальных школ на современном этапе. Объектом исследования являются дидактические особенности организации уроков естествознания в малокомплектных начальных классах. Наряду с методами интегрированного обучения учебно-воспитательному процессу в малокомплектной начальной школе изучены методы коллективного обучения, уровневого обучения, укрупнения дидактических единиц. Одно из требований новой системы образования предполагает применение принципа обучения на сквозную общую тему. Объяснения нового материала проводится в одновременно со всеми классами. В рубриках исследования, определения в учебнике естествознания приводится, что подготовка и представление вариантов видеосъемок в сети заданных заданий приводит к высоким успехам. Рациональным представляется технология виртуальных экскурсий для ознакомления с объектами естествознания в природе.

Abstract

The article discusses current problems and ways of solving small elementary schools at the present stage. The object of the research is the didactic features of the organization of natural science lessons in small elementary grades. Along with the methods of integrated teaching of the educational process in a small elementary school, the methods of collective teaching, level teaching, and the enlargement of didactic units were studied. One of the requirements of the new education system involves the application of the principle of teaching on a general topic. In the headings of research, definitions in the textbook of natural science, it is stated that the preparation and presentation of video filming options in a network of assigned tasks leads to high success. The technology of virtual excursions for acquaintance with natural science objects in nature seems to be rational.

ӘОЖ 37.015.3:008

А.М. Усенова, Д.А. Кәдірбек

PhD, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАР ҮДЕРІСІНДЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Түйін

Мақалада мәдени іс-шаралар үдерісінде жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту жолдары тақырыбы зерттелген. Кіріспе бөлімінде жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың қазіргі уақыттағы өзектілігі айқындалған. Теориялық бөлімде «белсенділік», «әлеуметтік белсенділік» сынды негізгі ұғымдар талдап көрсетілген. Сонымен қатар, кілттік сөздерге берілген анықтамалар жан-жақты ашып көрсетілген. Әртүрлі ғылым салаларының ғалымдары тарапынан «әлеуметтік белсенділік» түсінігіне берілген анықтамалар жүйеленіп талданған. Тәжірибелік бөлімде тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің артуына әсер ететін факторлар қарастырылған. Сондай-ақ, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың жолдары қарастырылған. Мәдени іс-шаралардың жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудағы рөлі анықталған. Нәтижелер мен талқылау бөлімінде мақаладағы негізгі ойларды жинақталған. Қорытынды бөлімде, мақаланың негізгі ойын айқындайтын қорытынды берілген.

Кілттік сөздер: мәдени іс-шаралар, үдеріс, белсенділік, әлеуметтік белсенділік, жоғары сынып оқушылары, дамыту, белсенді іс-әрекет, белсенді өмірлік ұстаным, құндылықты қарым-қатынас

Кіріспе. Соңғы жылдары әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жеке тұлғаның әлеуметтену деңгейіне жоғары талаптар қояды. Қоғамның тез өзгергіштігі адамның белсенді өзара әрекеттесуі мен өзгеруінің қажеттілігін тудырады. Еліміздің еуропалық білім беру кеңістігіне кіруі, бүкіл әлемде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық

және саяси жағдай оқу-тәрбие үрдісіндегі басымдықтарды өзгерту қажеттілігін көрсете отырып, білім беру сапасын жақсарту міндетін ғана емес, сонымен қатар баланың қоршаған ортаға бейімделу мәселесін шешуде мектептен арнайы педагогикалық күш-жігерді талап етеді. Тиісінше, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз етуді міндеттеп көрсетуі мәдени іс-шаралар үдерісінде жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың өзектілігін айқындай түседі [1].

Әлеуметтік белсенділік туралы алғашқы зерттеулер ғылымда ХХ ғасырдың 50-ші жылдарында Ресейлік ғалымдардың еңбектерінде пайда болды. Ғылым жүйесіндегі "белсенділік" және "әлеуметтік белсенділік" категорияларын қарастырудың негізі философиядан бастау алып, ары қарай психологияға, содан кейін педагогикаға ғылыми білімнің әртүрлі салаларында "белсенділік" және "әлеуметтік белсенділік" ұғымдары әртүрлі жолмен кеңірек қарастырыла түсті. Алайда, философиядан бастау алған жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру мен дамыту мәселесін жан-жақты зерттеу бір ғана ғылым саласында емес, ғалымдар педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарының өзара әрекеттесуімен байланыста зерттеді. Себебі, бұл құбылыс қоғам мен жеке тұлғаның ерекшеліктерімен тығыз байланысты болып табылады.

Теориялық талдау. Педагогикалық теорияда әлеуметтік белсенділік дамып келе жатқан тұлғаның қоршаған шындықты түрлендірудегі қасиеті мен қажеттілігі, оның ішінде өзін - өзі дамытудың сыртқы қажеттілігі мен ішкі қажеттілігі деп түсініледі. Бұл дегеніміз – әлеуметтік белсенділік тек белгілі бір қасиеттер мен қабілеттіліктерден тұрып қана қоймай, сонымен бірге жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту шарты болып табылады. Әлеуметтік белсенділік әр түрлі іс-әрекеттерде көрінеді, сондықтан "әлеуметтік белсенділік" - бұл іс-әрекеттің сапасы. Жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігі тәжірибелік іс-әрекет үдерісінде адамның азаматтық жетілуіне әсер ететін әлеуметтік қажеттіліктер мен мүдделермен анықталады [2].

Жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің маңызды көрсеткіштеріне қазіргі уақытта мыналар кіреді: әр түрлі іс-шараларға белсенді қатысу қажеттілігіне деген сенімділік, оған белсенді қатысуға дайын болу, ол үшін тиісті білімді, дағдылар мен біліктерді игеруге деген ұмтылыс, тұлғааралық қатынастарда белсенді ұстанымның көрінісі; қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі перспективалық және ағымдағы міндеттерін түсінуге байланысты жоғары сана, қызығушылықтың жоғары болуы жатады. Тұлғаның бойында әлеуметтік белсенділіктің дамуына немесе оның төмендеуіне айналадағы микро және макро орталар, әртүрлі сипаттағы өмірлік жағдайлар мен белгілі бір тәрбиелік әлеуетке ие адамның дүниетанымын, ерік-жігерін өзгерте алатын барлық нәрселер жатады.

Ғалымдар, сонымен қатар әлеуметтік белсенділіктің өсуіне ықпал ететін мынадай педагогикалық факторларды атап өтеді:

- ұжымның қоғамдық қызметін ұйымдастыру;
- жауапкершілікті тәрбиелеу және оған көмектесуге дайын болу;
- жеке тұлға мен ұжымның табиғи мотивтерін пайдалану;
- ұжымда өзін-өзі басқарудың болуы және оның бастамасы;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру.

Тұлғаның бойында әлеуметтік белсенділігін дамыту бір уақытта бір ғана емес, бірнеше, соның ішінде еңбек, қоғамдық-саяси, танымдық, физикалық, коммуникативті, ғылыми, азаматтық, көркем және шығармашылық және басқа да бағыттарда жүзеге асатын күрделі үдеріс болып табылады [3].

Ғалымдар тарапынан әлеуметтік белсенділікті тұлға бойында дамытудың жас ерекшеліктеріне байланысты екі түрлі пікір қалыптасқан, ол әлеуметтік белсенділіктің адам есейгенге дейін немесе оның бүкіл өмірінде қалыптасады деп саналуы. Біз осы тұста, екінші көзқарасты ұстанамыз, яғни әлеуметтік белсенділіктің дамуы жеке тұлғаның өмірінде қандай

да бір шектеулермен белгіленбейді, сол себепті әлеуметтік белсенділікті дамыту барысында әр жастың жас және дара ерекшеліктерін білу маңызды. Өйткені, бұл біз таңдап алған жас кезеңдерінде тұлғаның іс-әрекеттерін жоспарлауға, кәсіби іс-әрекетті мақсатты, жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік белсенділік - бұл адамның әлеуметтік-мәдени ортада материалдық және рухани мәдениеттің байлығын игеру негізінде өзі және қоршаған орта үшін әлеуметтік маңызды өзгерістер жасау қабілеті. Ол шығармашылықта, ерікті актілерде, қарым-қатынаста көрінеді. Мұнда адамның іс-әрекетінің маңызды сипаты оның идеялық принциптерінде, дәйектілігінде көрінетін адамның белсенді өмірлік ұстанымы болып табылады. Сонымен қатар, өз көзқарастарын білдіре отырып, сөз бен іс-әрекетінің бірлігін көрсетеді [4].

Л.В. Мардахаев әлеуметтік белсенділікті - әлеуметтік жағдайларды қажеттіліктерге, мүдделерге, мақсаттар мен идеяларға сәйкес өзгертуге, әлеуметтік инновацияларды ұсынуға және жүзеге асыруға, өзіне қажетті әлеуметтік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған әдістер мен әрекеттердің жиынтығы ретінде қарастыруға болады деп тұжырымдайды [5].

Аталған мәселеде ғалымдардың еңбектеріне теориялық талдау жасай келе, төмендегі кестеде «әлеуметтік белсенділікке» әр түрлі ғылым саласында ғалымдар тарапынан берілген анықтамаларды көрсеттік.

Кесте 1 – «Әлеуметтік белсенділік» ұғымына берілген түсініктемелер

Ғылым саласы	Түсініктеме	Ғалым
Әлеуметтану	Белгілі бір тарихи кезеңде қоғам, тап, әлеуметтік топ алдында тұрған міндеттерді шешуге саналы түрде бағытталған адам қызметі формаларының жиынтығы	Зерчанинов Т.Е.
Әлеуметтік педагогика	Білім беру үдерісінде қалыптасқан тұлғаның әртүрлі сипаттамаларын біріктіретін сапа танымдық, коммуникативті, белсенділік пен шығармашылық белсенділіктің көріністерінің жиынтығы ретінде	Мудрик А.В. Воронин А.С.
Әлеуметтік психология	Субъектінің оның қызметінде жүзеге асырылатын әлеуметтік-психологиялық, құндылық, кәсіби көзқарасы.	Андреева Г.М.
Философия	Адамның тиісті іс-әрекетімен байланысты және өнімділіктің жоғары деңгейімен сипатталатын белсенділіктің жоғары формасы	Фролов И.Т. Каган М.С.
Педагогика	Адамның әлемге белсенді қатынасы, адамзаттың тарихи тәжірибесі негізінде материалдық және рухани ортаның әлеуметтік маңызды өзгерістерін жасау қабілеті, шығармашылық қызметте, ерікті актілерде, қарым-қатынаста көрінеді	Бехтерев В.Ф.
Этика	Адамның қоғам өміріне белсенді қатынасы, онда ол нормалардың, принциптер мен идеалдардың немесе тұтас қоғамның немесе белгілі бір таптың, әлеуметтік топтың белсенді тасымалдаушысы және жетекшісі ретінде әрекет етеді	Кон И.
Экономика	Мақсаты әлеуметтік қажеттіліктермен анықталатын іс-әрекеттің ішкі қажеттілігін түсінуге негізделген қызметкерлердің	Юрьева Т.В.

	әлеуметтік трансформациялық іс-әрекетінің өлшемі.	
Мәдениеттану	Адамның саналы іс-әрекеті, оның барысында ол айналасындағы әлеуметтік жағдайларды өзгертеді, өзіне қажетті жеке қасиеттерді тәрбиелейді.	Штомпель О.М. Ануфриев Е.А.

Тәжірибелік бөлім. Біздің зерттеуіміздің аясында "әлеуметтік белсенділік" ұғымы әлеуметтік қасиеттерді дамытуда және өз өмірін саналы түрде жобалау қабілетінде, әлеуметтік ортада сәтті өмір сүру қабілетінде көрінетін жоғары сынып оқушысы тұлғасының динамикалық қасиеттерін сипаттайды. Осы тұста, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту жайында П.П. Блонский, А. С. Макаренко, Т. Н. Мальковская, Л.И. Новикова, Е.И. Титова, А.П. Шпон және т. б. ғалымдар өздерінің зерттеулерінде қарастырып өткен. Сондай-ақ, олар бала өскен сайын белсенділік табиғи қабілет ретінде мүдделер мен қажеттіліктердің әлеуметтік жүйесіне айналатынын атап өткен болатын.

Бұл үдеріс өзіне төмендегілерді қамтиды:

а) қатынастардың пәндік жағын құрайтын қоғамдық құбылыстарды, қоғамның әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарын ұғындыру;

б) жеке тұлғаның әлеуметтік әлеуетін дамытудың негізін құрайтын әлеуметтік қасиеттері мен қабілеттерін дамыту;

в) тәжірибелік қызметке қосу, жаңа әлеуметтік рөлдерді игерту.

Әлеуметтік белсенділіктің сипаттамаларын анықтау ғалымдар тарапынан ерекше қызығушылық тудырды. Әр түрлі авторлар бұл сипаттамаларды іс-әрекетті, уақытты, бастамашылдықты және тәуелсіздікті, жауапкершілікті және қарқындылықты жүзеге асыруда жеке тұлғаның шығармашылық көзқарасы негізінде анықтады. Демек, жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің маңызды сипаттамасы - өзін-өзі дамытуға ынталандыру, басқасын қабылдау және басқа адамдарға өз қызметінде көмектесу. Әлеуметтік белсенділіктің сипаттамасы әдетте жоғары сынып оқушыларының жас кезеңдерінде қарқынды қызметі болып саналады, атап айтқанда:

- субъектінің әртүрлі қызмет түрлеріне қатысуы және мақсатқа қол жеткізуге жоғары деңгейде дайындығы;

- қызметте жеке қасиеттердің көрінісі;

- қызмет нәтижесінде алынған материалдық немесе рухани өнімнің әлеуметтік маңызы

[6].

Осы тұста, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытуда мәдени іс-шаралардың маңыздылығын айтып өткен жөн. Әртүрлі мәдени іс-шараларда жоғары сынып оқушылары әртүрлі бағыттар мен формалардағы іс-әрекеттерде өздерінің әлеуметтік белсенділіктерін дамытуға мол мүмкіндікке ие болады. Соған сәйкес, төменде мәдени іс-шаралар барысында тұлғаның бойында дамитын әлеуметтік белсенділіктің бірнеше бағыттарын көрсеттік.

Кесте 2 – Мәдени іс-шаралардағы іс-әрекет түрлеріне байланысты әлеуметтік белсенділіктің формалары

№	Әлеуметтік белсенділіктің формасы	Өзіндік ерекшеліктері
1	танымдық белсенділік	- тұлғаның танымдық қабілеттерін дамытуға негізделген;
2	қарым-қатынас белсенділігі	- адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алуға бағытталған;
3	мәдени белсенділік	- рухани және материалдық құндылықтарды жасауды, игеруді, сақтауды, таратуды және одан әрі дамытуды қамтамасыз етеді

4	шығармашылық белсенділік	- бұл сапалы жаңа нәрсені тудыратын және өзіндік маңыздылығымен ерекшеленеді;
5	еңбек белсенділігі	- еңбек қызметі үдерісінде жұмыс күшінің зияткерлік және физикалық әлеуетін іске асыруда көрінеді;
6	азаматтық белсенділік	- қоғамдық мәселелерді шешуде, азаматтық, отансүйгіштік қасиеттерді арттыруға бағытталады;
7	іскерлік белсенділік	- белгілі бір салаға байланысты қабілеттерді шыңдайды;
8	саяси белсенділік	- саяси қызмет саласында іске асырылады.

Осылайша, мәдени іс-шаралар жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділіктерін дамытуға төмендегідей өз ықпалын тигізеді:

- жасөспірімдердің жеке қабілеттерін жан-жақты ашуға ықпал етеді, себебі оларды оқу іс-әрекетінде әрдайым қарастыруға болмайды;

- қажетті тәжірибелік дағдыларды игеруді қамтамасыз ете отырып, оқудан тыс жұмыстың әртүрлі түрлеріне қосу арқылы жасөспірімдердің жеке тәжірибесін байытады;

- жасөспірімдердің әр түрлі іс-шараларға деген қызығушылығын, өнімді, қоғам мақұлдаған іс-шараларға белсенді қатысуға деген ұмтылысын, өз қызметін дербес ұйымдастыруға ықпал етеді.

Оқудан тыс мәдени іс-шаралардың әртүрлі формаларында жасөспірімдер өздерінің жеке ерекшеліктерін көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге ұжымда өмір сүруді үйренеді, яғни, бір-бірімен ынтымақтасу, жолдастарына қамқорлық жасау, өзін басқа адамның орнына қою. Басқаша айтқанда, сабақтан тыс мәдени іс-шаралар жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасаудағы негізгі іс-әрекеттердің бірі болып табылады.

Д. В. Шувалов білім алушылардың осындай оқудан тыс іс-әрекет үдерісінде алған мынадай дағдылары мен біліктерін ерекше атап көрсетеді:

- "өз бетінше білім алу";

- әр түрлі әлеуметтік топтарда қарым-қатынаста болуға, өзгермелі өмірлік жағдайларға икемді болуға үйрену;

- әр түрлі мәселелерді шешу үшін білімдерін іс жүзінде қолдану;

- әр түрлі ақпаратпен жұмыс істеу, талдау, жалпылау, дәлелдеу;

- өз бетінше сыни тұрғыдан ойлауға, проблемаларды шешудің ұтымды жолдарын іздеуге дағдылану [7].

Нәтижелер мен талқылау. Осылайша, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігі жеке қасиеттер мен қабілеттердің өзара байланысын, әлеуметтік белсенділік критерийлерін, оның көріну дәрежесін, даму шарттары мен факторларын сипаттайды. Оның себептері осы жаста орын алатын қарым-қатынас, өзін-өзі тану және өзін-өзі растау, қалыптасу, әлеуметтік маңызды іс-әрекетте, өзін-өзі жүзеге асыруда, қол жеткізуде, тануда, көмек көрсетуде, білім алуда, назар аударуда, беделде көрінетін қажеттіліктермен түсіндіріледі.

Қазіргі таңда, сабақтан тыс тәрбие жұмыстары арқылы жүргізілетін әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы жоғары сынып оқушыларының бойында әлеуметтік белсенділікті дамытуға толықтай жағдай жасай алмайтынына көз жеткіздік. Себебі, тұлғаның әлеуметтік белсенділігін дамыту үдерісі біржақты жүзеге аспайды. Яғни, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту тек мектеп шеңберінде қалып қоймай, қосымша білім беру мекемелеріне, қосымша үйірмелерге басымдылық беріле отырып, бұл үдеріске ата-аналарды да қосу арқылы мақсатты жүргізілгенде ғана өз нәтижесін беретіні анық.

Қорытынды. Қорытындылай келе, әлеуметтік белсенділікке деген қажеттілік — жоғары сынып оқушыларының жас кезеңіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Аталған мәселе жайында, Е. А. Аркин: "бала ұжымдық өмір ағымына енген кезде, оның жеке басының аспектілері пайда болады, ал бұл басқа жағдайларда пайда бола алмайды немесе

анықталмайды. Өз атына лайықты ұжымда бала абдырамайды, керісінше, өзінің жақсы жақтарын анықтауға және көрсетуге жағдай табады» деп тұжырымдайды. Демек, бұл дегеніміз аталған мәселе алдағы уақытта да тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

5. Кулалаева И.В., Кренева С.Г. Синергия финансовых инструментов и финансовых рисков // Инновационная наука.- 2016.- № 11.- С. 113-115.
6. Левин В.С., Матвеева Т.А. Классификация производных финансовых инструментов // Финансы и кредит.- 2011.- № 39 (471).- С. 914.
7. Шаева Т.И., Сафонова Ю.Д. Финансовые инструменты. Учет и оценка финансовых инструментов // Контентус.- 2015.- № 6.- С. 63-66.

Түйін

Қазіргі экономика кәсіпорындардың инвестициялық қызметін ұйымдастыруда қаржы нарығының құралдарын елеусіз пайдаланумен сипатталады. Әлемдік практикада қор нарығының құралдары неғұрлым кеңінен пайдаланылатындықтан және кәсіпорындардың инвестициялық қызметінің дамуына оң әсер ететіндіктен, Қазақстан экономикасында бұл мәселеге барынша назар аудару керек. Осыған байланысты отандық кәсіпорындардың инвестициялық қызметін реттеу кезінде кәсіпорынның инвестициялық жобаларын модельдеу және оның өндірістік және инвестициялық қызметін теңдестірудің барлық аспектілерін технологияландыру үшін негіз ретінде кәсіпорындардың инвестициялық қызметін қаржыландыру үшін қаржы құралдарын пайдалану қажеттілігі туындайды.

Abstract

The modern economy is characterized by the insignificant use of financial market instruments by enterprises in the organization of their investment activities. Since the stock market instruments are used more widely in the world practice and have a significant positive impact on the development of investment activities of enterprises, this issue should be paid more attention in the economy of Kazakhstan. In this regard, when regulating the investment activities of domestic enterprises, there is an urgent need to use financial instruments to finance the investment activities of enterprises as a basis for modeling the investment projects of the enterprise and technologizing all aspects of balancing its production and investment activities.

ӘОЖ 343.237

Ж.Б. Акшатаева, Т.Н. Абдуллаев

з.ғ.к., қауым.профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

**ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОПТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

Түйін

Мақалада ұйымдасқан қылмыстық топтардың сипатын, белгілерін, түрлерін қарастырады. Қазіргі таңда қылмыстық ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым жасайтын ауыр, аса ауыр қылмыстар қатары көбейіп келеді. Аталған қылмыстық топтармен күресудің тиімді жолдарын қарастыру, оларды қолдану қажеттігі де сәйкесінше қажет болып отыр. Мақалада қылмыстық ұйымдасқан топтардың жіктелуі, халықаралық құқық нормаларында олардың қарастырылуы туралы айтылған. Кез-келген ұйымдасқан топ адамдардан тұрады, ол әлеуметтік топ ретінде жіктеліп, әлеуметтік жүйе ретінде танылады. Екі немесе одан да көп қылмыскерлердің алдын-ала сөз байласпай қылмыс жасауы - қылмыстық топтың қарапайым, жай түрі болып табылады. Заң қылмыстық топ мүшелерінің ең аз санын - екі қылмыскер деп белгіледі. Сандық ерекшелік екі қылмыскердің тобын элементарлы жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін интегралды функцияның қалыптасуына әкеледі, қылмыс жасау процесінде екі қылмыскердің бірігуі арқылы жасалған қылмыс бір адам болып жасағаннан сапалы, әрі оңай болуымен ерекшеленетін жаңа қасиеттерге ие.

Кілттік сөздер: қылмыс, ауыр қылмыс, аса ауыр қылмыс, ұйымдасқан топ, топбастаушы, қылмыстық қоғамдастық, сыбайлас қатысу.

Қазіргі уақытта қылмыстық құқықта ұйымдасқан қылмыстылықтың құрылымын адамдар тобы, ұйымдасқан топ және қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) ретінде анықтайтын негізгі ұғымдар бар. Жүйелік талдау - қылмыстылықтың теріс әлеуметтік жүйе ретіндегі қазіргі көзқарастарымен олардың өзара ажырамас байланысын анықтауға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының тиімді қызмет етуіне кедергі келтіретін кейбір тұжырымдамалық кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ұйымдасқан топ - бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатында алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы болып табылады [1].

Қылмыстық қоғамдастық - бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірлесіп жасау, сол сияқты осы қылмыстық ұйымдардың кез келгенінің бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды өз бетінше жасауына жағдайлар жасау үшін сөз байласқан екі немесе одан да көп қылмыстық ұйымның бірігуі [1].

Кез-келген ұйымдасқан топ адамдардан тұрады, сондықтан ол әлеуметтік топ ретінде жіктеліп, әлеуметтік жүйе ретінде танылады. Екі немесе одан да көп қылмыскерлердің алдын-ала сөз байласпай қылмыс жасауы - қылмыстық топтың қарапайым, жай түрі болып табылады.

Заң қылмыстық топ мүшелерінің ең аз санын - екі қылмыскер деп белгіледі. Бұл сандық ерекшелік екі қылмыскердің тобын элементарлы жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін интегралды функцияның қалыптасуына әкеледі, өйткені қылмыс жасау процесінде екі қылмыскердің бірігуі арқылы жасалған қылмыс бір адам болып жасағаннан сапалы, әрі оңай болуымен ерекшеленетін жаңа қасиеттерге ие.

Қылмыс жасаған адамдардың қарапайым тобын сипаттай отырып, заң шығарушы топтың сандық құрамы (екі немесе одан да көп қылмыскерлер) және осы жүйенің элементтері арасындағы байланыс (олардың арасында алдын-ала келісімнің болмауы) сияқты жүйелік белгілерді көрсетеді [2].

Сандық құрамы бойынша емес, элементтердің (бөліктердің) өзара әрекеттесу деңгейі тұрғысынан алғанда адамдар тобының алдын-ала сөз байласуы күрделі құбылыс.

Алдын ала сөз байласып ұйымдасқан топта қатысушылардың жоспарланған қылмыстың жүзеге асырылуын егжей-тегжейлі талқылауы және оны орындауы арқылы байланыс қарым қатынастары артады. Егер сыбайлас қатысушылардың барлығы бірлесіп орындаушылар болса, онда бұл келіспеушілік тудырмайды. Бірақ өзара функцияларды қылмыстық топтың лидері болмаған жағдайда шектеу қажет болса олардың арасында келіспеушіліктердің туындауы мүмкін. Ал, оларды шешу үшін жоғары деңгейдегі психологиялық үйлесімділік қажет.

Күрделілігі бойынша өзінің тұрақтылығымен ерекшеленетін қылмыстық ұйымдасқан топ, яғни функциялары анықталған нақты бекітілген құрамы бар және осы функцияларды орындайтын тұрақты жеке бөлімдердің болуы.

Құрылымның ұйымдастырушылық күрделілігі жүйені басқарудың пайда болуымен байланысты. В.В. Казаневскаяның айтуынша «басқару» ұғымы мен «жүйе» ұғымы арасындағы байланысты ажырамас деп атап өтті, себебі жаңа құрылған жүйелерде басқарудың алғашқы белгілері көрініс табады дейді [3]. Осыған сүйене отырып, басқару құбылысы тек басқару жүйесінің даму деңгейімен ғана ерекшеленетін қылмыстық топтардың барлық түрлерінде бар екенін мойындау керек.

Ұйымдасқан топта басқару көбінесе дербес функция болып ерекшеленеді. Қылмыстық ұйымдасқан топтың топбастаушысы жекелеген қылмыстарды жасауға қатысуы мүмкін, бірақ бұл салыстырмалы түрде шағын топтарда болады. Қазіргі кезде ұйымдасқан қылмыстық топтардың және олардың құрамына біріккен қатысушылар санының көбеюінен ұйымдасқан қылмыстық топтың топбастаушысы тек ұйымдастырушылық функциялармен шектеледі.

Топбастаушы жағдайына ие адам - ұйымдасқан топтардың (қылмыстық ұйымдардың) басшылары қылмыстық әрекеттерді үйлестіру жөнінде өкілеттіктер берген адам не топ мүшелері өздерінің мүдделерін қозғайтын және олардың қылмыстық әрекетінің бағыты мен сипатын айқындайтын, неғұрлым жауапты шешімдерді өз мойнына алу құқығын танытын адам [1].

Жүйелік көзқарас теориясына сәйкес ұйымдасқан қылмыстық топ қылмыстық ұйымның барлық белгілерін қамтиды, ол «жалпы мақсатқа (мақсаттарға) қол жеткізуге бағытталған орындайтын функционалдық міндеттері өзара бөлінген әлеуметтік топ» деп түсініледі [4].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 31-бабында:

«1. Егер қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп орындаушы алдын ала сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

2. Егер қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

3. Егер қылмысты ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерлендірілген құралым жасаса, ол қылмыстық топ жасаған қылмыс деп танылады.

4. Қылмыстық топ құрған не оған басшылық еткен адам осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда қылмыстық топты ұйымдастырғаны және оған басшылық еткені үшін, сондай-ақ егер қылмыстар оның пиғылында болған болса, қылмыстық топ жасаған барлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады.

5. Қылмыстық топтың басқа қатысушылары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда, оған қатысқаны үшін, сондай-ақ өздері дайындауға немесе жасауға қатысқан қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықта болады» делінген [1].

Бұлайша жіктеу негіздері ретінде - сандық белгісі, ұйымдасу дәрежесі, қылмыстық топ мүшелерінің субъективті байланысының сипаты ескерілген.

Мұндай жіктеу негізін ұйымдасқан топтың сандық ерекшелігі ретінде ұйымдасқан топта 2 адамнан кем бола алмайды деп санайды. Бірақ кейбір ғалымдар ұйымдасқан топта кемінде 3 адам (топбастаушы және екі адам) болуы қажет деп есептейді. Мұндай пайымдаудың теориялық негізі БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Конвенциясының 2-ші бабында айтылған [5].

Халықаралық құқықта қабылданған ұйымдасқан топ тұжырымдамасын талдау оның келесі қажетті жүйелік белгілерді қамтитындығын көрсетеді:

- 1) 3 немесе одан көп адамнан тұратын топтың сандық құрамы;
- 2) өзара қарыс өатынас пен байланыстың белгілі бір уақыт аралығында тұрақты болуы;
- 3) іс-әрекеттердің келісімділігі (басқару органы мен оның құрамындағы бөлімдерінің арасындағы байланыс);
- 4) БҰҰ Конвенциясына сәйкес ауыр, аса ауыр қылмыстар деп танылған бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау мақсатының болуы;
- 5) тікелей немесе жанама түрде қаржылық немесе басқа да материалдық пайда табу мақсатының болуы [6].

Халықаралық анықтамада «ұйымдасқан қылмыстық топ дегеніміз - белгілі бір уақыт аралығында кем дегенде тұрақты үш адамнан тұратын, нақты құрылымы бар жүйе» деп көрсетілген. Жүйе объектілері арасындағы байланысты «бірлесіп әрекет ету» термині біріктіреді. Бұл жүйелік бөліктердің бірлескен әрекеттері арқылы ғана жүзеге асырылатын, ажырамас функцияның пайда болуын қамтамасыз ететін алдын-ала өзара келісілген іс-әрекеттердің бірлестігі [7].

Қажетті нәтиже немесе қарастырылып отырған жүйенің түпкі мақсаты тікелей немесе жанама түрде қаржылық немесе басқа да материалдық пайда табу болып табылады. Қорыта айтқанда, түпкі мақсатқа жету тәсілі (ұйымдасқан топтың тікелей мақсаты) бір немесе бірнеше ауыр, аса ауыр қылмыстар жасау.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2020.30.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz>
2. Комиссаров В.С. Уголовно-правовое и криминологическое исследование организованных форм соучастия в Республике Казахстан / В.С. Комиссаров, Г.Б. Енсебаева // Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. — 2015. — Т. 9, № 4. — С. 807–827. — DOI : 10.17150/1996- 7756.2015.9(4).807-827.
3. Казаневская В.В. Философско-методологические основания системного подхода. Томск: Изд-во Томского ун-та, 1987, 232 с.
4. Токманцев Д.В. Признаки преступного сообщества // Уголовное право. 2016. № 5. С. 69 – 77.
5. Агапов П.В. Основы противодействия организованной преступной деятельности: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. М., 2013, 60 с.
6. Токманцев Д.В. Признаки преступного сообщества // Уголовное право. 2016. № 5. С. 69 – 77.
7. Конвенция Организации Объединенных Наций против транснациональной организованной преступности (Принята резолюцией 55/25 Генеральной Ассамблеи от 15 ноября 2000 года) https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orgcrime.shtml

Аннотация

В статье рассмотрены сущность, особенности и виды организованных преступных группировок. В настоящее время растет число тяжких и особо тяжких преступлений, совершаемых организованной группой, преступной организацией, преступным сообществом, транснациональной организованной группой, транснациональной преступной организацией, транснациональным преступным сообществом, террористической группой, экстремистской группой, бандой или незаконным военизированным формированием. Необходимо рассмотреть эффективные способы борьбы с этими преступными группировками. В статье рассматривается классификация организованных преступных группировок и их рассмотрение в международном праве. Любая организованная группа состоит из людей, поэтому она классифицируется как социальная группа и признается социальной системой. Совершение преступления двумя или более преступниками без предварительного сговора - это простой вид преступной группы. Закон устанавливает минимальное количество членов преступной группы как двух преступников. Это количественное различие приводит к формированию интегрированной функции, позволяющей рассматривать группу из двух преступников как элементарную систему, поскольку в процессе совершения преступления путем объединения двух преступников появляются новые особенности, которые качественно и легко совершаются одним человеком.

Abstract

The article examines the essence, features and types of organized criminal groups. Currently, the number of grave and especially grave crimes committed by an organized group, criminal organization, criminal community, transnational organized group, transnational criminal organization, transnational criminal community, terrorist group, extremist group, gang or illegal paramilitary group is growing. It is necessary to consider effective ways to combat these criminal groups. The article deals with the classification of organized criminal groups and their consideration in international law. Any organized group is made up of people, so it is classified as a social group and recognized by the social system. The commission of a crime by two or more criminals without prior conspiracy is a simple type of criminal group. The law sets the minimum number of members of a criminal group as two criminals. This quantitative difference leads to the formation of an integrated function that makes it possible to consider a group of two criminals as an elementary system, since in the process of committing a crime by combining two criminals, new features appear that are qualitatively and easily committed by one person.

ӘОЖ 343.85

Ж.Б. Ақшатаева, А.М. Ақылбек

з.ғ.к., қауым.профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін

Пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың түсінігі мен сипаты кешегі Кеңес одағына кіргенелдердің пенитенциарлық жүйедегі қылмыстық ортаға мейлінше ұқсас болып келетіні. Көптеген ғалымдар мұнда аталған жүйеде қылмыстық ортақ«заңнын»белең алғандығын, бұған әрі ұлттық қарым-қатынас та себеп болып жататындығын ескертіп өтеді. Бұларды біріктіретіні– қылмыстық әлемнің түсініктері. еліміздің пенитенциарлық жүйесіндегі бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыстық топтар жазасын өтеп отырғандарға кері ықпал тигізе отыра, қылмыстық түсінікке жүгінулерін талап етеді. Профилактикалық әдістердің осы тұста қажеттігілі байқалады. Ұйымдасқан қылмыстылық қоғам үшін аса қауіпті құрылымдардың бірі болып табылады. Ұйымдасқан қылмыстық топтар өз әрекеттерін алдын ала, қасақана ұйымдастырып, сол арқылы пайда табу мақсатын көздейді. Сөз жоқ, әлемдік деңгейде ұйымдасқан қылмыстық топтарға қарсы күресті жетілдіру бойынша үлкен жұмыстар атқарылуда. Пенитенциарлық мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстық топтар басқа ұйымдасқан қылмыстық топтардан өзіндік өзгеше табиғатымен ерекшеленеді.

Кілттік сөздер: Пенитенциарлық жүйе, ұйымдасқан қылмыстық, профилактикалық, қауіпсіздік.

Қазақстан Республикасы қоғамының қауіпсіздігіне және пенитенциарлық жүйенің дұрыс қызмет атқаруына, жазаны өтеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қауіп төндіретін ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресу қазіргі таңда маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтар көп және олармен жасалынып жатқан қылмыстар күрделі зардап келтіріп отыр. Сипаттама беретін болсақ, ұйымдасқан қылмыстық топтарды ең бастысы екіге бөлуге болады. Біріншісі бұл бір қылмыс жасаудың мақсатында бірнеше адамның қылмыс жасауға ұйымдасып жасаған әрекеттері болса, ал екіншісі бұл қылмыстарды жасаудың арқасында пайда көру және қылмыстық ортаның салт-дәстүрімен жүретін ұйымдасқан қылмыстық топ құру болып табылады. Екінші түрге бөлінген ұйымдасқан қылмыстық топтар мемлекет пен қоғамға және пенитенциарлық жүйесіне аса күрделі зардабын тигізуде.

Ұзақ мерзімге құрылатын ұйымдасқан қылмыстық топтардың көбісі жазаны өтеу мекемелердегі ұйымдасқан қылмыстық топтармен байланыстары бар. Себебі ұзақ мерзімге құрылған және кәсіби қылмысқа арналған ұйымдасқан қылмыстық топтар, қылмыстық ортаның салт-дәстүріне сүйенеді. Сондықтан ұйымдасқан қылмыстық топтардың түбегейлі пайда болу және басқару саясатының негізі пенитенциарлық жүйенің жазаны өтеу мекемелерінде болып табылады.

Қазіргі таңға дейін біздің құқық қорғау органдары ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің жолын жетілдірудің мақсатында көптеген зерттеу мен іздену жұмыстарын жүргізуде. Бірақ пенитенциарлық жүйенің түзеу мекемелерінде сотталғандардың қатарынан құрылып жатқан ұйымдасқан қылмыстық топтарға жеткілікті көңіл бөлініп жатқан жоқ десек қателеспейміз. Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу үшін, ең бірінші осы күрделі мәселенің жазаны өтеу мекемелерінде бар екенін мойындау қажет. Яғни ұйымдасқан қылмыстық топтардың пенитенциарлық жүйемізде бар екенін мойындап, оларды терең зерттей отыра, күресу жолдарын жетілдіру бағытын құруға болады [1].

Қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құқық қорғау органдары қылмыстардың алдын алу шараларын жүргізіп отыру қажет. Сондықтан құзырлы органдардың арнайы іс-шараларды өткізіп тұру үшін, олардың пенитенциарлық жүйедегі жазаны өтеу мекемелерне кіруге рұқсат қағаздары берілуі қажет. Соңғы жылдары пенитенциарлық жүйеде Әділет министрлігінің қарамағында болған кезде жазаны өтеу мекемелеріне құқық қорғау органдарының қызметкерлері кіріп шығулары өте қиын болған және дәлелді себептермен кіріп шығу үшін жоғарғы тұрған басшыларының атынан арнайы хат талап етілетін. Ал арнайы хатты жазып алып келгенше, жазаны өтеу мекемесінен орын алып жатқан қылмыстың ізі суып кетіп жатты. Сондықтан жергілікті құқық қорғау органдарының қызметкерлері жазаны өтеу мекемесіне келіп, арнайы іс-шараларды өткізу саны ең төмен дәрежеге түсіп кетті. Бұл жағдай пенитенциарлық жүйенің жазаны өтеу мекемелерінің мемлекеттің ішінде арнайы бір мемлекет сияқты, ал сотталғандар сол мемлекеттің кіші қоғамы ретінде қалыптасып кетті. Сондықтан сотталған азаматтар біріншіден кішігірім қылмыстар жасап, өздерінің жазасыз қалып жатқандарын көріп, жазаны өтеу мекемесі тәртібінің тепе-теңдігі бұзылған болатын.

С.Б.Ларин өзінің «жазаны өтеу орындарында ұйымдасқан қылмыстық топтардың көшбасшылары мен мүшелері жасаған қылмыстарды алғашқы тергеу жұмыстарын жүргізудің мәселелері» атты еңбегінде жазаны өтеу орындарында қылмыстың алдын алу мен оларды дер кезінде әшкерелеу бойынша өте үлкен кедергілердің түрлерімен кездесеміз деп атаған. Кедергілердің біреуі бұл жазаны атқару мекемесіндегі сотталған адамдар арыз шағым жасауына және қылмыстың куәсі бола тұра жауаптарын бермеуі болып табылады. Ал екінші

кедергі бұл қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен жергілікті құқық қорғау органдарының бірге жұмыс атқару деңгейі жеткілікті дәрежені қажет етеді.

Пенитенциарлық жүйені ізгілендірудің нәтижесінде тепе-теңдікті сақтап қалуды ұмытқан екенбіз. Сотталғандардың әрбір арыз шағымдарына прокуратура мен адам құқықтары бойынша ұйымдар асыра қолдау көрсетті десек қателеспейміз. Біздің мемлекет толық зерттемей тұрып, басқа дамыған мемлекеттерінде сияқты пенитенциарлық жүйені ӘМ қарамағына берді және бұл әрекетіне 9 жылдан кейін өкінді.

Әрине пенитенциарлық жүйені бір министрліктен екінші министрлікке бергенімен оның кадрлық аппаратының 80 пайызы өз орнында қалды, тек жұмыс істеу тәртібі өзгерді. Сондықтан пенитенциарлық жүйені ӘМ беруден бұрын олардың басқа да құқық қорғау органдарымен қарым-қатнастарын реттеу қажет. Себебі пенитенциарлық жүйе ұйымдасқан қылмыстылықпен күресуде үлкен рөл атқаратынын ұмытпауымыз қажет.

Бұл мәселе бойынша заң ғылымдарының докторы, профессор З.С.Тоқыбаев Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесі қылмыстылықпен күресудегі ең маңызды рөл атқарушы органдардың бірі болып табылады деп атап өткен. Себебі сотталғандарды қайта тәрбиелеп, дұрыс жолға түсіру және қайта тәрбиелеу еліміздің пенитенциарлық жүйенің тікелей міндеті болып табылады [2].

АҚШ-ның пенитенциарлық жүйе Әділет министрлігінің қарамағында және олардың жұмысы өзін ақтап жатыр. Себебі, олардың пенитенциарлық жүйесі басқа да құзырлы органдарымен өз-ара байланысы өте жоғары деңгейде келеді. Олардың пенитенциарлық жүйеге қарасты жазаны өтеу мекемелеріне басқа да құқық қорғау органдары іс-шараларын өткізуге кедергілері жоқ және олардың жазаны өтеу мекемелері Қазақстан Республикасының пенитенциарлық мекемелеріне қарағанда, қызметкерлері жоғары деңгейде қаруландырылған. Сондықтан жазаны өтеу мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу және оның алдын алу бойынша пенитенциарлық жүйенің қызметкерлеріне жеткілікті жағдайлар жасалынған [3].

Қазақстан Республикасы пенитенциарлық жүйені ізгілендіру бойынша көп жұмыстар жүргізді және бұл қадамды көптеген дамыған мемлекеттер қолдады. Әрине пенитенциарлық жүйені ізгілендіру дұрыс, бірақ біздің пікірімізше, пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу жолдарын төмендетпей, оны жетілдіріп отыру қажет. Себебі, жазаны өтеу мекемелерінде қоғамның көзқарасынан тыс қалып жатқан қылмыстар өте көп және ол қылмыстардың салдарынан сотталғандардың денсаулығына, қылмысқа итермелеу, жыныстық қатынасқа түсуге зорлау мен ар-намысын таптау сияқты қылмыстар жасалуда.

Пенитенциарлық жүйедегі қылмыстарды ашу мен олардың алдын алу Батыс мемлекеттерінде қолға алу тәжірибесі дамып келеді. Олардың мекемесінде адамның санасына сіңбейтін ұзақ мерзімді жазалары қылмыскерлерді қатты ойландыруға бағытталған. АҚШ-ның пенитенциарлық жүйедегі мекемелерде ұйымдасқан қылмыстық топтардың бар екені және олармен күресу жолдарын күшейту өз нәтижесін беріп келеді.

Жеке (арнайы) превенция – қылмыс немесе құқық бұзушылықты жасаушы адамды жазалаудың арқасында, өзінің қайтадан жазалану қаупін түсінуі арқылы оны қайтадан қылмыс пен құқық бұзушылық жасаудан бас тартқызу болып табылады [4].

Жазаны өтеу мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың қылмыспен айналысу тәжірибесі мен әдісі ең қауіпті зардаптарға әкелуде. Бұл мекемелердегі ұйымдасқан қылмыстық топтар өздерінің қылмыстық тәжірибесі бар тұлғалардан тұратын және оларды қылмыстық ортаның салт-дәстүрі біріктіріп отырады. Қоғамда әрекет етіп жатқан қылмыстық ортаның ұйымдасқан қылмыстық топтарының барлығы, жазаны өтеу мекемелерімен тығыз байланысып келеді. Сондықтан пенитенциарлық жүйесінің ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу жолындағы маңызды рөл атқаратынына адам құқықтарын қорғау ұйымдарының көзқарасын өзгерту қажет. Пенитенциарлық жүйенің жергілікті құқық қорғау органдарымен өз-ара қарым-қатнастарын жетілдіру керек. Сонда

ғана біздің пенитенциарлық жүйенің адам құқықтарын бұзбай, ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу бойынша жоғарғы деңгейге көтеріледі [5].

Жүргізілген зерттеулер бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі қызметкерлерден және сотталғандардан сұхбат алу шараларының нәтижесі бойынша пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу мәселесі ең бірінші сатысы болып арнайы контингент арасындағы әлеуметтік жағдайларын реттеуге байланысты болып табылады. Сотталғандарды ақылы әлеуметтік жұмыстармен қамтамасыз ету, ұйымдасқан қылмыстық топтардың ықпалына түсу және оларға еліктеудің бірден-бір себептерінің бірі бұл қоғамдағы жас азаматтарымыздың санасына ҰҚТ беделді адамдары «қылмыстық ортаның авторитеттері, заңдағы ұры» туралы көрсетілетін (роликтер, клиптер) көрсететін кейбір ақпарат құралдарының ықпалдары өзінің теріс әрекетін беруде. Бейне фильмдердегі кейіпкердің қылмыстық іс-әрекеттері арқылы үлкен жетістіктерге жетуі, қымбат автокөлік, әдемі өмір сүру бейнесі және сол қылмыстары үшін жазаланбайтын кейіпте түсірілген фильмдер тұрмысы төмен жағдайдағы жастарды қате жолға түсуге итермелейді.

Пенитенциарлық жүйе қазіргі таңда профилактикалық жұмыс атқару кезінде жаңадан келген сотталғандардың әкімшілік қызметкерлері олардың қате жолға түспеуі жайында тәрбиелік мағынадағы жұмыстары кезінде сотталғандардың қызметкерлерге деген көзқарастарының теріс екені және қызметкерлермен жасалып жатқан жұмыстарға құлақ аспайды. Көбінесе қылмыстық-атқару мекемесіне жаңадан келіп жатқан сотталған азаматтар айдауылдау көлігінен түспей жатып, заңды талаптарды орындамайтынын ашық түрде айтып жатады және әкімшілікке қарсылық білдіріп жатқан сотталған азаматтардың көбісі қылмыстық ортаға немесе қылмыстық бабы бойынша криминалды ортаға ешқандай қатысы жоқ болып келеді[6].

Сондықтан қоғамның жастар бөлігімен мектеп, колледж, университет және т.б., оқу орындардың қатарында оқып жатқан азаматтар мен ұйымдасқан қылмыстық топтар «воры в законе» мен «авторитеттер» жайлы әлеуметтік профилактикалық жұмыс жүргізіп отыру қажет. Жастармен жоғарыда аталған әлеуметтік жұмыстарды жүргізу барысында қоғамда қылмыстың төмендеуіне ғана емес қылмыстық ортаның мектебі ретінде есептелетін пенитенциарлық жүйенің мекемелеріндегі отырған ұйымдасқан қылмыстық ортаның қолдаушы күшінің әлсіреуіне әкеліп соғады.

Қазіргі таңда көптеген мемлекеттердің ғалымдары пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің тиімді жолдарын іздеуде. Ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша қылмыстық-атқару мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресудегі профилактикалық жұмыс жүргізу барысында көптеген қиындақтарға ұшырауда. Себебі, зерттеу тарихына назар аударсақ, қылмыстық-атқару мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың өздерінің жазылмаған заңдарымен бекініп отырып, қылмыстық шеберліктерін жетілдіру бойынша бір орында тұрмайтыны дәлелденген. Осы мәселеге сәйкес Қазақстан Республикасының Елбасы, Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару саясатын жетілдірудің 2007 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасында, қылмыстық-атқару жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен және қылмыстық субмәдениетті түбегейлі жою туралы стратегиясын жасауды тапсырған болатын. Елбасының бұл стратегияны құрастыру үшін 8 жыл берген себебі, бұл қылмыстық субмәдениеттің бір ғасыр бойы қылмыстық-атқару мекемелерінде сіңіп отырғанына байланысты күрделі әдісті қолдану болып табылады. Бұл құбылыстың күрделілігі, тақырыптың маңыздылығын айқындап келеді[7].

Елбасы Жарлығының 3-бөлігіндегі негізгі мақсаты мен міндеттерінің бірі болып, халықтың әлеуметтік криминалға қарсы иммунитетін қалыптастыруға және бас бостандығынан айыру орындарының криминалдық субмәдениетін өзгертуге ықпал ету болса, 4.2. бөлімінде қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін одан әрі жетілдірудің, 11-тармағында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қылмыс әлемі салтының таралуына қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайын жетілдіру шеңберінде

қылмыстық ортада беделі бар сотталғандар тобына тиімді түзету ықпалы бойынша шаралар қабылдау болып табылады [1].

Бұл ретте, қылмыстық ортаның «авторитеттері» және ҰҚТ көшбасшыларының құқыққа қарсы қызметтерімен байланысты сотталғандардың жекелеген санаттарының іс жүзінде қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл қылмыстық-атқару саясатын жетілдіру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өзі осы мәселені жетілдіру стратегиясын құрастыруды талап еткені, осы мәселенің күрделі сатыға көшкенін білдіреді.

Аталған мақсаттарға сүйене отырып, теориялық тұрғыда пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстық топтармен, олардың «авторитеттерімен» беделді адамдардан туындап жатқан зияндарды зерттеу барысында отандық және Ресей ғалымдары, пенитенциарлық жүйедегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудегі криминологиялық және қылмыстық мәселелері бойынша зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектеріне де назар аударып өттік.

Жазаны өтеу мекемесіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтар ауыр және аса ауыр қылмыстар жасайды, бірақ осы күнге дейін жазаны өтеу мекемесінде ұйымдасқан қылмыстылықтың қатысымен жасалған қылмыстары үшін сотталғандардан тұратын ұйымдасқан қылмыстық топ жазаланбаған.

Қорыта келе, жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, сотталғандар тергеу изоляторынан түрме заңдарын үйренуге тырысады. Олардың мекемеге келгенде, дұрыс жол таңдауы бойынша біршама қиындықтарға ұшырайды. Мекеме әкімшілік қызметкерлер тарапынан тәрбиелік немесе тәртіптік іс-шаралар арқылы дұрыс жолға бағыттау тәсілі керісінше, теріс нәтиже беруде. Мекемеге келген сотталған азаматтың 90 пайызы ең бірінші келгенде, мекеме әкімшілігінің тәрбиелік мағыналық сұхбаттарынан өздері оң нәтиже шығармайды. Қателігін түсінген уақытында сотталғанның өзі үшін кеш болып табылады. Сотталғандар мекеменің ішінде қаншама сотталғандармен араласқанымен олар мекеме ішінде өздері «семейники» болып бөлінеді және өздерінің арасында сырларымен, өмірінде жасаған қателіктерімен бөліседі.

Ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстық ортаның беделді адамдары қатарында болған және дұрыс жолды таңдаған адамдар өздерінің беделінің бір бөлігі сақталып қалады және ол адамдардың сөзі сотталған азаматтардың санасына тез сіңіп кетуі мүмкін. Аталған профилактикалық жұмыс атқаратын сотталғандарға және олардың сөздеріне еліктеп, дұрыс жолды таңдап жатқан сотталған азаматтарға көтермелеу шараларының түрлерімен көтермелеп отыру қажет. Көтермелеу шаралары сотталғандарға отбасымен ұзақ мерзімді кездесу, отбасымен телефон арқылы сөйлесу, жеңілдетілген жаза түріне ауыстыру және т.б., көтермелеу шараларымен қолдап отыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі №906 «Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару саясатын жетілдірудің 2007 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000906_\(26.10.2013\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000906_(26.10.2013)).
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығы // [http://adilet.-zan.kz/kaz/docs/U090000858_\(18.11.2013\)](http://adilet.-zan.kz/kaz/docs/U090000858_(18.11.2013)).
3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің 2011-2015 жылдар аралығына берілген статистикалық мәліметтері. – Астана, от 22.11.2015. – 12 б.
4. Организованная преступность 2 / отв. ред. А.И.Долгова, С.В. Дьяков. – М.: Криминолог. Ассоц., 1993. – 328 с.
5. Абдиров Н.М. Казахстан в зеркале проблем организованной преступности и коррупции // Проблемы борьбы с коррупцией и организованной преступностью: сб. науч. тр. – Караганда, 1998. – С.58-67.

6. Нурғалиев Б.М. Организованная преступность: от признаков к определению // Проблемы борьбы с преступностью и коррупцией: сб. науч. тр. – Караганда, 2000. – С.19-22.
7. Скаков, А. Б. Повышение эффективности уголовно-исполнительной политики Казахстана и России в сфере исполнения наказаний, альтернативных лишению свободы, и социальной адаптации / А. Б. Скаков // Человек: преступление и наказание. – 2018. – Т. 26(1–4), № 2. – С. 154–161.

Аннотация

Понятие и природа организованных преступных групп в пенитенциарной системе очень похожи на криминальную среду в пенитенциарной системе бывшего Советского Союза. Многие ученые отмечают, что в этой системе существует общий уголовный «закон», который также связан с национальными отношениями. Их объединяет концепция криминального мира. В пенитенциарной системе страны организованные преступные группы в пенитенциарных учреждениях негативно влияют на отбывающих наказание и требуют от них применения концепции преступности. В связи с этим необходимы профилактические меры. Организованная преступность - одна из самых опасных структур для общества. Организованные преступные группы стремятся получить прибыль, заранее и сознательно организовывая свою деятельность. Конечно, ведется большая работа по улучшению борьбы с организованной преступностью в мире. Организованные преступные группы в пенитенциарных учреждениях отличаются от других организованных преступных групп по своей природе.

Abstract

The concept and nature of organized criminal groups in the penitentiary system is very similar to the criminal environment in the penitentiary system of the former Soviet Union. Many scholars point out that in this system there is a general criminal "law", which is also associated with national relations. They are united by the concept of the criminal world. In the country's penitentiary system, organized criminal groups in penitentiary institutions negatively affect those serving sentences and require them to apply the concept of criminality. In this regard, preventive measures are needed. Organized crime is one of the most dangerous structures for society. Organized criminal groups seek to make a profit by organizing their activities in advance and deliberately. Of course, a lot of work is being done to improve the fight against organized crime in the world. Organized criminal groups in prisons are different from other organized criminal groups in nature.

ӘОЖ 343.3/.7

Ж.Б. Акшатаева¹, Ә.Ж. Байдалы²

¹з.ғ.к., қауым.профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

² магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігінің 7 тарауындағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипатын, саралау ерекшеліктерін қарастырады. Қазіргі таңда ақпараттандыру мен байланыс құралдарының қарқынды дамуы түрлі қылмыстық құқық бұзушылықтардың пайда болуына, дамуына әкеліп соқты. Компьютерлік жүйелердің қауіпсіздігі саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар және олардың келтірген зияны қазіргі уақытта есірткі сату мен өнер туындыларын ұрлаудан кейінгі орында. Сондықтан мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшеліктерін зерттеу мен күресуді қажеттігі туындап отыр.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар аз зерттелген және сонымен бірге өте қауіпті болып саналатын соңғы уақыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірі болып табылады. Компьютерлік технологияларды ұйымдасқан қылмыстық

топтар мен трансұлттық қылмыстық қауымдастықтардың қолдануына қатысты елеулі тенденциялар бар. Компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтар жекелеген мемлекеттердің шекараларын кесіп өтіп, халықаралық қауымдастықтың мүдделеріне, мемлекеттерге, халықтарға және әр түрлі салада белгілі бір адамдарға сонымен қатар, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, экономика саласындағы қызмет, халықаралық қауіпсіздікке қол сұғады.

Кілттік сөздер: ақпараттандыру, байланыс саласы, компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылық, электронды ақпарат.

Экономикада ақпаратты құру, тарату, өңдеу және пайдалану процестері мен құралдарын қамтитын қоғамдық өндірістің жаңа саласы пайда болуда. Еңбекке қабілетті халықтың өсіп келе жатқан бөлігі біртіндеп осы салаға тартыла бастады. Ақпараттық қоғамның қалыптасуы ақпараттандыру процесінде жүреді. Осыған байланысты барлық қажетті жағдайларды жасау мақсатында Президенттің 08.01.2013 ж. Жарлығымен бекітілген «Ақпараттық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «**Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік**» атты Қазақстан халқына жолдауы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасауға негіз болды [1].

Ақпараттандыру барысында ақпараттық технологиялар мен құралдарды белсенді дамыту және адам қызметінің барлық салаларына енгізу жүзеге асырылуда. Ақпараттық және ақпараттық ресурстар жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің дамуының шешуші факторларының біріне айналуда. Компьютерлер мен ақпараттық технологиялардың кең мүмкіндіктері мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, қорғаныстық және басқа да қондырғылар мен жүйелердің мониторингін және басқаруын автоматтандыруға, осы процестер туралы ақпаратты кез-келген қажетті жылдамдықта және кез келген мөлшерде қабылдауға, жинақтауға, өңдеуге және беруге мүмкіндік береді. Әрине, мұның бәрі ақпараттандыру адамзат дамуында шешуші оң рөл атқара бастайды, бұл шын мәнінде объективті түрде ақпараттық қоғам болатыны сөзсіз. Алайда, ақпараттық қоғам тек дұрыс дамуды ғана емес, белгілі бір проблемаларды да әкеледі.

Қазіргі заманғы қылмыстылықты сипаттайтын сапалық көрсеткіштер оның техникалық прогресс пен жаңа ақпараттық технологиялардың жетістіктерін белсенді түрде игеріп, қолданатындығын көрсетеді. Ақпараттандыру мен байланыс құралдарының қарқынды дамуы адам қызметінің барлық салаларына кеңінен еніп жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың жаңа түрінің - ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың немесе оларды көбіне компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтар деп атап жүрген қылмыстық құқық бұзушылықтардың пайда болуына әкелді. Компьютерлік жүйелердің қауіпсіздігі саласындағы мамандардың пікірінше, компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар және оның келтірген зияны қазіргі уақытта есірткі сату мен өнер туындыларын ұрлаудан кейінгі орында. Сонымен бірге жүргізілген зерттеулер компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны қолданыстағы компьютерлер санының және оларды пайдалануды игерген адамдардың жалпы санының өсуіне пропорционалды түрде өсіп отырғандығын көрсетті.

Қазақстандағы қазіргі қылмыстық ахуалда ақпарат саласындағы жоғары технологиялармен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар Батыстың жоғары дамыған елдерімен салыстырғанда мұндай ауқымды сипатқа ие емес екенін атап өткен жөн. Бұл көбінесе компьютерлендіру процесі әлі де қоғамдық өмірдің барлық салаларын жеткілікті түрде қамтымағандығына байланысты. Осыған қарамастан, жоғары ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар қазіргі Қазақстанда шындыққа айналды.

Ел Президентінің Қазақстан халқына 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан - 2030. Өркендеу, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту» атты Жолдауында ұлттық қауіпсіздік ұзақ мерзімді басымдық ретінде айқындалды, оның

құрамдас бөліктерінің бірі - ақпараттық қауіпсіздік. Ақпараттық қауіпсіздік Қазақстанда ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады, бұл Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 06.01.2012 жылғы Заңында көрсетілген [2].

Қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі ақпараттық технологиялардың даму динамикасы ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін шешуге жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оны қорғау мақсатында адам мен азаматтың ақпарат алу саласындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға қабілетті ұйымдастырушылық, техникалық, бағдарламалық, әлеуметтік тетіктерді қамтитын кешенді тәсілді қолдануда Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымы, егемендігі мен аумақтық тұтастығы, саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық, заңдылық пен құқықтық тәртіп, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзара тиімді халықаралық ынтымақтастықты дамытуды талап етеді.

Қазақстандық қоғамның қазіргі даму кезеңі құқықтық мемлекет құрудың стратегиялық бағытымен сипатталады. Елде түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізілуде, яғни қоғамдық өмірдің барлық жақтарын демократияландыру процесі жүріп жатыр, сондықтан заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтпай, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сенімді қорғауды қамтамасыз ету мүмкін емес. Жаңа қазақстандық қылмыстық заңнамаға жаңа бірқатар құқық бұзушылықтар енгізілді, ҚР Қылмыстық кодексінің 7-тарауы «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталған тарауға 205-213 баптар компьютерлік ақпараттарды қорғауға бағытталған нормалар енген [3].

Компьютерлік ақпараттарды (яғни Электрондық жеткізгіштегі заңмен қорғалатын ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникациялар желісінде) пайдалануға байланысты зиян үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеу қажеттілігі көптеген қызмет салаларында компьютерлердің маңыздылығы мен кең қолданылуынан туындайды. Сонымен қатар компьютерлік ақпараттың айталық, қағазға түсірілген және сейфте сақталатын ақпаратпен салыстырғанда осалдығы жоғары. ҚР Қылмыстық кодекстің 7-тарауында көрсетілген қылмыстың заты - компьютерлік нысандағы кез келген ақпарат емес, тек заңмен қорғалған ақпарат бола алады. Қылмыстық кодекстің шеңберінде заңмен қорғалған, заңға сәйкес қол жетімділігі шектеулі компьютерлік ақпарат болады.

«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 32 бабына сәйкес «Электрондық ақпараттық ресурстар меншік нысаны бойынша – мемлекеттік және мемлекеттік емес, қолжетімділік дәрежесі бойынша жалпыға бірдей қолжетімді және қолжетімділігі шектеулі болып табылады»-делінген [4].

Меншік иесі немесе иеленушісі қол жеткізу немесе пайдалану шарттарын көрсетпей беретін немесе тарататын электрондық ақпараттық ресурстар, сондай-ақ еркін қол жеткізуге болатын және берілу нысаны мен таратылу тәсіліне байланысты болмайтын мәліметтер жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында қолжетімділігі шектелген не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда олардың меншік иесі немесе иеленушісі қолжетімділігін шектеген мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстар болып табылады. Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын және құпия электрондық ақпараттық ресурстар болып бөлінеді.

Қолжетімділік - ақпаратты жою, өзгерту, көшіру немесе иелену әрекеттерін бір немесе бірнеше орындау мүмкіндігі. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы N 349-І Заңына сәйкес «мемлекеттік құпиялар - таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық,

қарсы барлаушылық, жедел-іздігірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер» болып табылады [5].

Сонымен қатар аталған Заңда «мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурс – электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық жеткізгіште, мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалған ақпараттық жүйелерде қамтылған ақпарат» делінген, демек мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды құру, алу, жинақтау, қалыптастыру, тіркеу, сақтау, өңдеу, жою, пайдалану, беру, қорғау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 18 бабында «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар [6].

Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі» делінген. Бұл құқықты шектеуге заңмен тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіпте ғана жол беріледі. Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар жалпыға бірдей қолжетімді дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарға және қолжетімділігі шектелген дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарға бөлінеді.

Мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсеткен кезде дербес деректерді ақпараттық жүйелер арқылы жинауға және өңдеуге дербес деректер субъектісінің келісімі электрондық құжат нысанында не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау әрекеттерінің элементтерін қолдана отырып өзгеше тәсілмен беріледі. Дербес деректер субъектісі дербес деректерді жинауға және өңдеуге "электрондық үкіметтің" веб-порталында тіркелген өзінің ұялы байланыс абоненттік нөмірі арқылы, сондай-ақ бір реттік парольді беру жолымен немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқаша мәтіндік хабарды жіберу жолымен келісім беруге құқылы.

Ақпаратты қызметтік және коммерциялық құпияға жатқызу үшін оны құжаттандыру қажет емес, бұл ақпараттың келесі шарттарға сәйкес келуі жеткілікті: «Үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат азаматтық заңдармен қорғалады» [7].

Сонымен қатар, кәсіби қызметке байланысты әртүрлі ақпарат (дәрігерлік, нотариаттық, адвокаттық құпиялар және т.б.) заңдармен қорғалады; тергеу және сот ісін жүргізу құпиясын құрайтын мәліметтер, бала асырап алу құпиясы және т.б. Бұл мәліметтердің барлығы электронды тасымалдағышта, ақпараттық жүйеде немесе ақпараттық-коммуникациялық желіде жазылса не жарияланса ҚР Қылмыстық кодекстің 7-тарауында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі бола алады. Заңмен қорғалмаған компьютердегі кез-келген басқа ақпараттар қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты болып табылмайды. Қылмыстық кодекстің 7-тарауы ЭЕМ мен компьютерлік бағдарламаларға авторлық құқықты емес, ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттарды қорғауға бағытталған [3].

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес Авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады. Компьютерлік бағдарламалар әдеби қор сияқты, ал мәліметтер базасы жинақ ретінде құқықтық қорғаумен қамтамасыз етілген. Зияткерлік меншік құқығын бұзу ҚР Қылмыстық

кодексінің 198 бабымен (Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу) қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыруы мүмкін [8].

Электрондық жеткізгіштегі заңмен қорғалатын ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникациялар желісіне азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан қасақана құқыққа сыйымсыз қол жеткізсе, электрондық жеткізгіште сақталатын, ақпараттық жүйеде қамтылатын немесе телекоммуникациялар желісі бойынша берілетін, заңмен қорғалатын ақпаратты қасақана құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру, сол сияқты ақпараттық жүйеге көрінеу жалған ақпарат енгізу, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса ҚР Қылмыстық кодексінің 7-тарауында көзделген баптармен қорғалады.

Компьютердегі ақпараттың кез-келген өзгерісі - бұл модификация. Модификация түпнұсқалық ақпаратты басқасына ішінара ауыстыру арқылы да, түпнұсқаға жаңа ақпарат қосу арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Сондай-ақ, өзгертулер ақпараттың алдыңғы түрінің әр түрлі бұзушылықтары болады, мысалы: құжаттағы бөліктердің (беттер, абзацтар, жолдар), кейбір құжаттардың басқа құжаттардың мазмұнына енетін бөліктерінің ретін өзгерту, өзара бұзушылық құжаттарды мәліметтер базасында орналастыру, құжаттар элементтерінің мәтініне бөгде адамдарды енгізу.

Көшіру дегеніміз - компьютерлік ақпараттарды электронды тасымалдағышқа жазу немесе осы ақпаратты компьютерге басып шығару. Заң әдебиетінде ақпараттың көшірмесін оны таратумен және жария етумен теңестіретін көшіру тұжырымдамасына да кеңірек көзқарас бар. Қылмыстық кодексте қолданылған «көшіру» ұғымының мазмұнын ашу үшін авторлық құқықтан «көбейту» және «тарату» ұғымдарын пайдалану ақылға қонымсыз сияқты, өйткені Қылмыстық кодекстің 198-бабы «Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу» бойынша авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері болып табылады, ал ҚР Қылмыстық кодекстің 7-тарауындағы баптардың объектілері басқа болып табылады. Қылмыстық кодекстің 7-тарауында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын заң шығарушы материалдық құрам ретінде қарастырады. Қылмыстық құқық бұзушылық көрсетілген зиянды салдар пайда болған сәттен бастап аяқталған деп есептеледі.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъективтік жағынан қасақана жасалған іс-әрекеттер болып табылады, өйткені ҚР Қылмыстық кодекстің 7-тарауындағы баптардың диспозициясында айқындалған. Ақпаратқа қол жеткізуге тырысатын адам ақпаратқа еркін қол жетімділіктің шектеулі екенін білуі және оның бұл ақпаратқа қол жеткізуге құқығы жоқ екенін білуі шарт. Компьютер экранында ескерту хабарламаларын көрсетіп, тыйым салынғандығы туралы ауызша хабарламалар, ақпараттарға қол жетімділікті қорғау үшін рұқсат етілмеген ақпаратты (кодтар, парольдер және т.б.) қорғауға бағытталған тосқауылдарды ескермей ақпаратқа қол жеткізу қасақаналық болады.

Келтірілген зиянды салдарға қатысты кінә қасақаналықта, абайсыздықта түрінде болуы мүмкін. ҚР Қылмыстық кодекстің 22-бабында «Егер қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде заң бойынша неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын және адамның пиғылында болмаған ауыр зардаптар келтірілсе, мұндай зардаптар үшін қылмыстық жауаптылық, егер адам олардың туындау мүмкіндігін алдын ала болжап білген болса, бірақ бұған жеткілікті негіздерсіз менмендікпен оларды болдырмауға болады деп есептеген немесе егер адам бұл зардаптардың туындау мүмкіндігін алдын ала болжап білмеген, бірақ алдын ала болжап білуге тиіс және біле алатын болған жағдайларда ғана туындайды. Тұтас алғанда, мұндай қылмыстық құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылады» делінген. Жалпы, мұндай қылмыстық құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылады [3].

Қылмыстық кодекстің 7-тарауында көзделген баптар бойынша іс-әрекеттерді дұрыс саралау үшін заңмен қорғалатын ақпаратқа заңсыз қол жеткізуді жүзеге асырған адамды жетелеген ниет пен мақсат маңызды, өйткені ниет пен мақсат қол сұғушылықтың объектісіне тәуелді болуы мүмкін. Осылайша, мемлекеттік құпия болып табылатын ақпаратқа заңсыз қол жетімділік және оны көшіру ҚР Қылмыстық кодексінің 175 бабымен «Мемлекетке опасыздық жасау» болып, осы Кодекстің 22 бабына сәйкес аяқталмаған қылмыс ретінде, егер мақсаты мемлекеттік құпияларды шет мемлекетке, халықаралық немесе шетелдік ұйымға не олардың өкілдеріне беру болса ҚР Қылмыстық кодексінің 24 бабына сәйкес қылмысқа дайындалу және қылмысқа оқталу деп саралануы мүмкін [3].

Егер мұндай мақсат болмаса қорғалатын ақпаратқа рұқсатсыз қол сұғу іс-әрекетін ұрлық (ҚР ҚК 188 бабы) деп саралануы мүмкін.

Егер кінәлі адам бөтеннің мүлкін алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен иелену мақсаты болса, оның жасаған іс-әрекеті ҚР ҚК 190 бабының 2 бөлігінің 4 тармағымен «ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен» жасалған алаяқтық деп танылады. Сондай-ақ, Қылмыстық кодекстің ескі нұсқасында (Қылмыстық кодекстің 227-бабы «Компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату») заңмен қорғалатын компьютерлік ақпаратқа заңсыз қол жеткізген жағдайда «ақпаратты бұғаттау» ұғымы болған, кейіннен алынып тасталды [9].

Ақпаратты бұғаттау дегеніміз - бұл белгілі бір уақыт аралығында оның заңды қолданушысына ақпаратқа қол жетімділіктің мүмкін еместігі, ал ақпараттың өзі электронды тасымалдаушының жадында сақталады. Ақпаратты бұғаттан шығару басқа біреудің әрекеті нәтижесінде де, белгілі бір уақыт өткеннен кейін де автоматты түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ақпаратты бұғаттау белгілі бір уақыт аралығында жалғасуы керек, бұл ақпаратты пайдаланушылардың қалыпты қызметін бұзу үшін жеткілікті немесе осы әрекеттің бұзылу қаупін тудырады. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтың бұл түрі қазіргі экономикалық бәсекелестіктің күшеюі және компьютерлік технологияларды кеңінен қолдану жағдайында немесе әскери-өнеркәсіптік кешен саласында құқық бұзушылардың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін айтарлықтай бұзуға әкеп соқтыратын ақпаратқа қол жетімділігін бұғаттау кездеседі. Бұл саралаудың белгісін заң шығарушы қате алып тастады, өйткені ол Қылмыстық кодекстің 7-тарауындағы диспозицияда толық қамтылмаған.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар аз зерттелген және сонымен бірге өте қауіпті болып саналатын соңғы уақыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірі болып табылады. Компьютерлік технологияларды ұйымдасқан қылмыстық топтар мен трансұлттық қылмыстық қауымдастықтардың қолдануына қатысты елеулі тенденциялар бар. Компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтар жекелеген мемлекеттердің шекараларын кесіп өтіп, халықаралық қауымдастықтың мүдделеріне, мемлекеттерге, халықтарға және әр түрлі салада белгілі бір адамдарға сонымен қатар, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, экономика саласындағы қызмет, халықаралық қауіпсіздікке қол сұғады.

Әдебиеттер тізімі

1. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/>
2. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. <https://adilet.zan.kz/>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07. 2014 ж. № 226-V ЗРК. <https://adilet.zan.kz/>
4. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы Заңы (2021.02.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <https://adilet.zan.kz/>

5. Мемлекеттік құпиялар туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы N 349-І Заңы. <https://adilet.zan.kz/>
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 ж. <https://adilet.zan.kz/>
7. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 27.12.1994 ж. № 268-ХІІІ. <https://adilet.zan.kz/>
8. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы. <https://adilet.zan.kz/>
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 16.07.1997 ж. № 167. 03.07. 2014 жылғы № 226-V ҚР Кодексімен күшін жойған. <https://adilet.zan.kz/>

Аннотация

В статье рассмотрены сущность и особенности классификации уголовных правонарушений в сфере информатизации и связи (глава 7 Особенной части Уголовного кодекса Республики Казахстан). Сегодня быстрое развитие информационных и коммуникационных средств массовой информации привело к появлению и развитию различных уголовных правонарушений. Уголовные правонарушения в области защиты компьютерных систем и их повреждения теперь находятся на втором месте после незаконного оборота наркотиков и хищений произведений искусства. Следовательно, существует необходимость изучения специфики таких уголовных правонарушений и борьбы с ними.

Уголовные правонарушения в области информатизации и связи - одно из самых недавно изученных и в то же время очень опасных уголовных преступлений. Существуют значительные тенденции в использовании компьютерных технологий организованными преступными группами и транснациональными преступными группами. Компьютерные уголовные преступления пересекают границы отдельных государств и ущемляют интересы международного сообщества, государств, народов и отдельных лиц в различных областях, а также конституционные права и свободы человека, экономическую деятельность и международную безопасность.

Abstract

The article examines the essence and features of the classification of criminal offenses in the field of informatization and communications (Chapter 7 of the Special Part of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan). Today, the rapid development of information and communication media has led to the emergence and development of various criminal offenses. Criminal offenses in the field of protecting computer systems and their damage are now in second place after drug trafficking and theft of works of art. Consequently, there is a need to study the specifics of such criminal offenses and to combat them.

Criminal offenses in the field of information and communication are one of the most recently studied and at the same time very dangerous criminal offenses. There are significant trends in the use of computer technology by organized criminal groups and transnational criminal groups. Computer crimes cross the borders of individual states and infringe on the interests of the international community, states, peoples and individuals in various fields, as well as constitutional human rights and freedoms, economic activity and international security.

ӘОЖ1343.8(574)

Ж.Б. Акшатаева, А.Ә. Жәділ

з.ғ.к., қауым.профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Түйін

Медицина қызметкерлерінің емделушілердің құқықтарын бұзуы туралы ресми статистика іс жүзінде жоқ десе де болады. Өйткені, денсаулық сақтау органдары әрдайым істің шынайы мән-жайын жасырады. Дегенмен, медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер құқық қорғау органдарына бұқаралық ақпараттар құралдары мен шағымданған азаматтардан келіп түседі. Бұның бәрі қарастырылып отырған іс-әрекеттердің қылмыстануына әкеп соқтырады. Медицина қызметкерлері тарапынан болған құқық бұзушылық әрекеттерінің көпшілігі жоғары деңгейде қоғамға қауіп төндірумен қатар, емделушінің денсаулығын толығымен немесе біршама нашарлатып, халық алдында медицинаның беделін түсіреді. Медициналық жоғары оқу орындарында білім беру деңгейінің төмен болуы, оқушылардың сапалы білім алмауы нәтижесінде дәрігерлердің өз кәсібіне деген сауатсыздығы; бақылаусыздық, медицинаның кері және шамадан тыс коммерциялануы; медицина саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасырынды болуы, яғни қылмыстық істің қозғалмауы немесе істің тергеу барысында тоқтатылуы, сот қарауына дейін жетпеуі сондай-ақ қылмыскерлердің жазаланбауы немесе оларға қолданылатын жазаның жеңіл болуы бұл қылмыстардың әрі қарай өсуіне ікеліп соғатынын ескеру қажет.

Кілттік сөздер: Халық денсаулығы, медицина қызметкерлері, құқық бұзушылық, мемлекеттегі қылмыстылық.

Медицинаның пайда болуынан бастап, күні бүгінге дейін өз қызметтік міндеттерін атқару барысында медицина қызметкерлерінің құқық бұзушылықтарға баруы бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерінің бірегейі болып танылуда. Халық денсаулығын қорғау жөніндегі мемлекеттің қамқорлығы әрдайым заңдармен қорғалып және реттеліп отыратыны – өркениетті елдегі адам құқықтары құндылығының бірден бір белгісі. 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – делінген. Оны қорғау – мемлекетіміздің басты міндеті.

Әр адамның денсаулығы оның өмірінде маңызды орын алады. Себебі, денсаулық – адамзаттың негізгі байлығы. Ол туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бекіткен 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді стратегиясының «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік» деп аталатын бөлімінің төртінші тармағында: «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі», – деп көрсетілген [1]. Сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы халықаралық құжаттардың арасында «Адам құқығы жөніндегі жалпыға бірдей Декларация» ең негізгісі ретінде танылады (1948 ж). Аталған Декларацияның 25-бабында: «адам денсаулығын және өзінің немесе отбасының жағдайын жақсарту, медициналық қарау және әлеуметтік қамтамасыз етуге байланысты лайықты өмір деңгейіне құқылы», – делінген [2]. Соңғы уақыттарда дүниежүзінде жыл сайын денсаулық сақтау мекемелері қызметкерлерінің өз қызметтік міндеттерін біліктіліксіз күйде атқаруы нәтижесінде, емделушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін іс-әрекет мөлшерінің өсуі белең алууда.

Медицина қызметкерлерінің емделушілердің құқықтарын бұзуы туралы ресми статистика іс жүзінде жоқ десе де болады. Өйткені, денсаулық сақтау органдары әрдайым істің шынайы мән-жайын жасырады. Дегенмен, медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер құқық қорғау органдарына бұқаралық ақпараттар құралдары мен шағымданған азаматтардан келіп түседі. Бұның бәрі қарастырылып отырған іс-әрекеттердің қылмыстануына әкеп соқтырады.

Медицина қызметкерлері тарапынан болған құқық бұзушылық әрекеттерінің көпшілігі жоғары деңгейде қоғамға қауіп төндірумен қатар, емделушінің денсаулығын толығымен немесе біршама нашарлатып, халық алдында медицинаның беделін түсіреді.

Мұндай келеңсіздіктердің негізгі себебі – медицина қызметкерлерінде алғашқы жоғарғы оқу дайындығының жоқтығы, әрі кәсіби деңгейінің төмендігі, сондай-ақ емделушілерге жүргізілетін медициналық эксперименттер мен олардан болатын салдардың құқықтық тұрғыда реттелмеуі. Сондай-ақ медицина қызметкерлері өздерінің кәсіби білімі мен дағдыларын, қылмыстарды қасақана жасау тәсілі ретінде қолдануда. Бұл мәселенің әрдайым жасырын болуына, жоғарыда айтылғандай, Қазақстандағы медицина қызметкерлерінің құқық бұзушылық туралы ресми статистикалық деректемелердің жоқтығы куәлік етеді. Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылық мейлінше жасырын жасалуына байланысты, жасалған қылмыстардың тұрақты саны мен сипаттамасын объективті талқылауда қиындықтар тудыруда [2].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біздің алға қойған мақсатымыз – медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ оған қылмыстық-құқықтық және криминологиялық тұрғыда зерттеу жұмыстарын жүргізу. Демек, аталған мәселелер тақырыпты, сондай-ақ диссертациялық зерттеудің жалпы бағытын, затын таңдауға себеп болып отыр.

Еліміздегі денсаулық сақтау мекемелерінде болып жатқан медицина қызметкерлерінің кейбір заңға сыймсыз әрекеттері халық арасында қобалжу туындатуда. Яғни, медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар – бұл күрделі әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қоғамдық қатынасқа қайшы бағытталған әрекет. Бұған дейінгі кейбір зерттеулерге жүгінсек, бұл қылмыстар кеңінен таралған және қауіпті қылмыстардың санаттарына жатқызылады.

Медициналық қылмыстық құқық бұзушылық (бұдан әрі МҚҚБ) ұғымына медицина және заң әдебиеттері әртүрлі түсініктер беруде. Осы ұғымдағы ашық ғылыми өлшемнің болмауы, заңнаманың толық жетіле түспеуі, сондай-ақ дербес криминологиялық көрініспен күресуде қарама-қайшылық пен тиімсіз тәжірибелерге әкеп соқтыруда.

Медициналық мекемелерде тәртіпті ұйымдастыру мен нығайтуды жетілдіру, дәрігерлердің кәсіби құқық бұзушылықтары туралы істері жөнінде сот-тергеу органдары қызметі заңдылығының кепілін күшейту – осының бәрі халықтың денсаулық сақтау ісін жақсартудағы қамқорлық. Егеменді мемлекетіміздің алғашқы жылдарында әртүрлі қарама-қарсы көзқарастардың қалыптасуы мәселелеріне Қазақстанның егемендік алғанға дейінгі теориялық тұжырымдамалар мен сот тәжірибесі өзіндік ықпал жасап отырды. Дәрігерлердің кәсіби міндетінің бұзылуы – сауатсыздығына байланысты қате, қылмыстық жазалауға тұратын әрекет емес, әкімшілік теріс қылық болып табылады деп, Кеңес өкіметіне дейінгі заңнамада айрықша дербес түрі ретінде бөліп көрсетілген [3]. Емделушіге емдеу кезінде абайсызда зиян келтіру, «сауатсыздық» белгісі жоқ заң жинағының басқа нормаларының жалпы негізінде зерттелетін. Сондықтан дұрыс емдеудің себебін анықтауға үлкен мән берілген. Бұл сот медициналық сараптамасы атқаратын қызметтің үлесінде болды. Көрсетілген ерекшеліктер сол кездегі тәсілмен теориялық ойдың негізінде, алдағы дәрігер әрекетінің абайсыздық түрлерін саралады. Сонымен қатар техникалық әрекеттерді атқарудағы жай ғана абайсыздықты (дәріні шатастырып алу, епсіздікпен жарақат салу), емдеу әдісіне қатысты дәрігердің кәсіби абайсыздықтан ажырату ұсынылды. Осы көзқарасты қолдайтындардың пікірінше, дәрігер жауапкершілігі тек жай ғана жаңсақтығы немесе ұқыпсыздығы үшін басталады деп көрсетті.

Айта кететін жайт, әдебиеттерде көрсетілген көзқарастарға сәйкес, егер дәрігерлер тарапынан құқық бұзушылық орын алса, онда дәрігерді қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізі бар болып табылады. Алғашқы кезеңдегі істің дұрыс сараланбауы, сондай-ақ ережеге сәйкес, алдын ала тергеу әрекетін жүргізуде, тергеушінің, медициналық практиканың, дәрігерлік деонтологияның түп негізіне жетпеуі және осы санаттағы істер бойынша сот практикасында дұрыс сарапталмауы істі ауырлатуына әкеп соқтырады. Себебі, осы уақытқа

дейін заң және медициналық жоғарғы оқу орындарында медициналық құқықтың іргелі қолданбалы курсы өтілмеген. Осыған байланысты іс-әрекеттің барлығы құқықтық біліктіліктің дұрыс емес болуынан туындайды, нәтижесінде сот өндірісінде медициналық құқық бұзушылықтар (әсіресе, қылмыстық) туралы істер өзекті болуда. Іске тиісті тәжірибесі бар адвокат қатысқанда, бұл жағдай дұрыс шешімін табатын. Алайда, осындай тәжірибесі бар білікті адвокаттар Қазақстанда көп емес. Мәселен, АҚШ және кейбір Еуропа елдерінде, тек қана медициналық және фармацевтикалық құқық жөніндегі сұрақтар бойынша жұмыс істейтін адвокаттық кеңселер бар.

Біздің елімізде медицина қызметкерлерінің құқық бұзушылықтарын қарастыратын заң нормалары өңделгенімен, әлі де болса реттеуді қажет етуде. Сондықтан халыққа медициналық қызмет көрсету саласында қылмыстық жауапкершілікке тартылу мәселесі мен медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін қарастыратын Қылмыстық кодекстің нормаларын игеруге көп көңіл бөлінуде. Бұл Қазақстан Республикасының 2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодексінде (бұдан әрі ҚК) өз көрінісін тапты.

Қабылданған жаңа ҚК-гі басты жаңалықтардың бірі – «қылмыстық құқық бұзушылық» институтының енгізілуі болып табылады. Заңға сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтың екі түрі: қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтан тұрады. Бұл жөнінде қолданыстағы ҚК 10-бабының 2 және 3-тармақтарында анықтамалар берілген. Жаңа қылмыстық заңнаманың қабылдануы мен түспа-түс келуіне байланысты, диссертациялық зерттеу жұмысымызды біз ескі қылмыстық заңнамамен салыстырмалы түрде жүргізуімізге тура келеді. Бұған себеп келтірілген мысалдар мен статистикалық мәліметтердің көпшілігі ескі заңнама бойынша қарастырылуда.

Заңдар мен заңнамалық актілерде «медициналық көмек» және «медициналық қызмет» ұғымдары кеңінен қолданылған, біз өз зерттеуімізде осы ұғымдарды пайдаланылуына байланысты оларды бір-бірінен ажыратып қарастырғанды жөн көрдік. Бұл жерде медициналық қызмет және кәсіп ұғымдары заңды айқындалған. Медициналық көмек тауар нысаны мен айырбас құнды иеленбейді және сатып алу-сату нысаны бола алмайды. Бұл жерде, медициналық көмек үшін мүдделі тұлға өзінің мүддесі үшін әрекет еткен адамға осы әрекеттерден туындаған қажет шығындарды өтеуін міндет етпейді дегенді білдірмейді[4].

Қазіргі кезде дәрігерлік қызмет, бір жағынан, негізгі әкімшілік нормативтік актілермен (дәрігерлік нұсқаулық пен бұйрықтар), екінші жағынан, кәсіптік ережелермен қатаң реттеледі. Бұл нұсқаулықтар мен бұйрықтарда емдеу қызметіне не жататындығы нақты бекітілген, ауруды қандай әдіспен емдеу керектігі, қандай жағдайда ота (операция) жасау қажеттігі, қандай жағдайларда емделушінің келісімін алу керектігі және т.б. анық айқындалған. Аса қажеттілік, орынды тәуекел мен жәбірленушінің келісімі жөнінде қылмыстық құқық қарастырған принциптер, осы уақытта дәрігерлік біліктілікке сәйкес дәрігерлердің кәсіби нұсқаулығында көрсетілген.

Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтарға – кәсіби міндеттерін пайдалана немесе оны орындау кезінде қалыпты медицина қызметін, сонымен қатар бүгінгі медициналық ғылым мен тәжірибе талаптарын, медициналық этика және дәрігерлік деонтология ережелерін, қабылданған заңдарды бұзатын қоғамға қауіпті, қылмыстық заңға қарсы, мемлекет мүддесі мен жеке адамдардың өмірі және денсаулығына қасақана немесе абайсызда зиянды зардап келтіретін немесе өлімге соқтыратын, медицина қызметкерлерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі жатады.

Сондай-ақ біз, медицина қызметкерінің кәсіптік немесе қызметтік міндеттерін бұзуын, қасақана немесе абайсызда жасалған құқыққа қайшы қоғамдық қауіпті іс-әрекетін, сонымен қатар халықтың денсаулығын сақтау саласына және қарапайым халыққа, жеке тұлғаға айтарлықтай зиян келтіретін немесе зиян келтірген басқа тұлғамен сыбайлас болуын медициналық қылмыстық құқық бұзушылық деп түсінеміз.

Түйіндей айтқанда, жүргізілген зерттеу медицина саласында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке топтарға бөлуге мүмкіндік берді. Яғни, осындай жіктеулер осы

қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтарды ескертудің тиімді құрылымын жасауда басты негіз болуы мүмкін. Бұл мәселелердің шешімі мемлекетіміздегі халыққа медициналық көмек көрсету сапасының жоғарлауына, емделушілердің денсаулығының жақсаруы мен халық алдында еліміздегі медицинаның беделін көтеруге мүмкіндік береді.

Адамның кез келген әрекеті сияқты, қылмыс нақты мінез-құлықтық шешім қабылдаудағы тұлғаның жеке қасиеттерінің өзара әрекеті мен объективті жағдайының нәтижесі болып табылады.

Мәселен, әрбір қылмыстық құқық бұзушылық бір жағынан, осы тұлғаның жеке ерекшеліктерімен, яғни оның қажеттіліктері, мүдделері, уәждері, мақсаттары, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік құндылықтар мен құқықтық нұсқауларға және тыйым салуларға олардың көзқарасы және арақатынасымен анықталады; басқа жағынан алғанда, жеке бас жағдайлары себебімен абайсызда қылмыстық нәтижеге соқтыратын әрекет (әрекетсіздік) етуіне немесе қасақана қылмыс жасауға бел байлауынан және ниетін оятатын, сыртқы объективтік жағдайлардың жиынтығынан тұрады.

Қылмыстың жүзеге асуына ықпал ететін жағдайлар дегеніміз – қылмысты туындатпайтын, бірақ соған ыңғай беретін әрекеттер. Белгіленген аумақ пен уақыт аралығында жасалған қылмыстарды (және оны істеген тұлғаларды) абсолютті мөлшерде анықтауда, жағдайлар – мамандар пайдаланатын ең маңызды көрсеткіштердің бірі болып саналады.

Криминологиялық ғылыми әдебиеттерде «қолайсыз әлеуметтік жағдайлар, қылмыстың себебі болып табылады» деген қалыптасқан пікірлер бар, яғни онда жағдайлар себепті тудырады деп көрсеткен. Ал, М.Н. Гернеттің еңбегінде бұл мәселеге байланысты кері көзқарастар бірілген.

Қылмыстың дамуына ықпал жасайтын жағдайларға қылмысты туындатпайтын, бірақ оның пайда болуы мен жүзеге асуына ықпал ететін әлеуметтік өмірдің болмысы жатқызылады.

Мәселен, В.Д. Малков қылмыстылықтың жағдайын үш негізгі топқа бөледі:

– жалғаспалы, яғни оқиғаның жалпы үлгісін қалыптастыратын, орны мен уақытының мән-жайлары;

– қажетті, онсыз оқиға орын алмауы да мүмкін;

– жеткілікті, барлық қажетті жағдайлардың жиынтығы [5]. Сөйте келе, қылмыстылық сипатын зерттеуде құбылыстар мен процестерді себептер мен жағдайларға бөлуді болжамдайды.

Ұзақ уақыт бойы қоғам мен мемлекеттегі қылмыстың болуына әсер ететін жағдайлардың бастаулары болып әлеуметтік қайшылықтар танылды. Сондықтан қылмысты болдыратын жағдайларға еліміздегі экономикалық, әлеуметтік, ынтымақтастық және өмірдің басқа да саласының объективті қолданыстағы қайшылықтары жатқызылады. Сондай-ақ бұл қайшылықтар кешенді сипатты иеленеді. Яғни, бұл аталмыш құбылыстың қоғамдық қауіптілігі медицина саласындағы қылмыстылық қоғамның денсаулық сақтау мүддесіне елеулі зиян келтіріп, Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілденген азаматтардың денсаулығын сақтаудағы құқықтарын шектейді, денсаулық сақтау саласындағы құқықтық нормаларды бұзады, халық қауіпсіздігінің деңгейін төмендетеді.

Бүгінгі таңда медицина саласындағы қылмыстылыққа төмендегідей жағдайлар ықпал етуде:

Бірінші кезекте денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіби деңгейінің төмендігі танылады. Яғни, медицина саласы мен ғылымы бойынша материалдық жағынан жеткілікті қамтамасыз етілмегендіктен, жоғары дамыған шетелдердегі ірі ғылыми-зерттеу орталықтарында қызметкерлеріміздің өз біліктілігін арттыру мүмкіндігі қиындауда. Сонымен қатар, мемлекетімізде денсаулық сақтау саласында басқару, қаржыландыру және

жоспарлау қызметіндегі мәселесі бойынша басқарушыларды арнайы даярлау мәселесі қолға алынбауда.

Медицина қызметінің барлық деңгейдегі мамандықтары бойынша өз мамандығын жете меңгерген дәрігерлердің жетіспеушілігіне байланысты оқу уақытында жұмыс орындарына уақытша алмастыратын мамандардың өте аз болуы осының бір себебі іспеттес.

Білікті медициналық персоналдың жетіспеушілігі – осы қылмыстылық жағдайының негізгі мәселе болып табылуда. Мәселен, Қостанай облысы Денсаулық сақтау департаментінің басшысы О. Бекмағамбетовтің айтуынша, соңғы 15 жыл бойы бұл облыс медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігін көруде. Нақты сол уақытта негізгі мамандықтар бойынша мамандардың саны жартылай қысқарыпты. Бұл қысқару бірінші кардиология, онкология, педиатрия, неврология және рентгенология мамандықтарына тиесілі.

Біздің пікірімізше, бұл қысқарудың себебі, осы мамандық бойынша қызметкерлердің әлеуметтік деңгейінің төмен болуы, сондай-ақ медициналық жоғары оқу орындарында сапалы білімнің жоқтығы. Яғни, осындай жағдайларға байланысты жас азаматтардың бұл мамандықтарға деген қызығушылығының төмен болуы әбден мүмкін.

Халыққа сапасыз көмек көрсетудің кей жағдайы денсаулық сақтау қызметкерлерінің шамадан тыс жұмыс жүктемесін атқаруымен байланысты. Іс жүзінде әрбір дәрігер екі немесе одан көп мөлшерде жұмыс жасауға, қосымша тәуліктік кезекшілікке қалуға мәжбүр. Әрине, бұл дәрігер зейінінің шаршауы мен әлсіреуіне әкеледі және жұмыс орнында психологиялық жай-күйінің емдеу сапасына әсер етеді.

Дәрігердің эмоционалдық, психикалық және жұмыс жүктемесі орташа қарқындылықтағы кәсіби күйзелістің созылмалы әсері ретінде, эмоционалдық қозу синдромының ұлғаюына ықпал етеді, ол өз кезегінде ағза қуатының әлсіреуі мен бұзылуына соқтырады.

Медициналық жоғары оқу орындарында мамандарды даярлау бойынша кәсіби дайындықтың төмен деңгейін атап өткен жөн. Дәрігерлерді нашар оқыту нәтижесінде, кейбір қызметкерлер жай ғана медициналық емдеу шараларын

– мысалға, ішкі қан тамырына екпе жасау, сыртқы жарақатты емдеу және т.б. орындауға қабілетті емес. Оқыту талаптары мен одан алынған білім сапасы өте төмен деңгейді көрсетуде. Бұл жағдайлардың орын алуына, атап айтқанда, оқушылардың оқуға деген көзқарастары мен талпынысы (белсенді және бәсең), оқу жылы бойы студенттерге қойылатын талаптардың төмендеуі, оқытушылардың кәсіби білімінің төмендігі мен сыбайлас жемқорлықтың жоғары дәрежеде орын алуы, оқу-әдістемелік базасының ескіруі сияқты мәселелер түрткі болуда.

Ашылуы қиын, жасырын қылмыстардың медицина саласындағы қылмыстылық жағдайына әсері, яғни, кейбір жасырын (латентті), қылмыстардың анықталмауын ескере келе, тәжірибеде қылмыстылықтың жағдайы қылмыстық статистика бойынша тек қана тіркелген қылмыстардың мөлшерімен (ашылмай қалған қылмыстарды қоса), сондай-ақ қылмыс істеген тұлғалардың санымен анықталуда.

МҚҚБ-дың айтарлықтай үлесі, қылмыстық тіркеу мен тергеу саласынан тыс қалудағы себептері әртүрлі болуда. Халықтың құқықтық мәдениетінің төмендігі, азаматтардың құқық қорғау органдарына деген сенімінің жоғалуы (қылмыстың төмен деңгейде ашылуы, оған негіз болуда), қылмыстық іс жүргізу рәсімінің күрделі болуы, қылмысты тіркеуден және ашудан жалтарған және жасыруға бағытталған (әсіресе ашылуы қиын істерді) қара ниетті құқық қорғау қызметкерлерінің әрекеті және т.б. себептер осыған мысал бола алады.

Статистикалық деректерге сәйкес, медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жеке түрлері бойынша (заңсыз түсік жасау, адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу), жасырын әрекеттер шамамен 85-90% жетуде.

МҚҚБ-дың жоғары жасырындылығы жөнінде прокурорлық тексеріс материалдары, өткізілген сауалнамалар, қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған материалдар, әкімшілік тәжірибе материалдары және т.б. бойынша талдау жасауға болады.

МҚКБ-дың жасырындылығы тіркелген қылмыстардың жалпы санының 1,29% құрайды. Істердің көпшілігі алдын ала тергеу сатыларында тоқтатылады, қалған жағдайларда соттар көбінесе сотталушының кінәсі дәлелденбегендіктен оларды жауаптылықтан босатуда. Қылмыстық іс қозғаудан қисынсыз бас тартқан тергеу органдарының саны да жоғары көрсеткіштерді көрсетуде. Қарастырып отырған саладағы қылмысы үшін жауапкершілікке тартылатын тұлғалардың жалпы санынан шамамен 6-7% жазаға тартылады. Жалпы қылмыстылықтың, әсіресе, медициналық қылмыстардың өршу жағдайында оларға қарсы құқық қорғау органдары тиісті мән бермеуде. Осы уақытқа дейін олар бұл қылмысты қоғамға аса қауіп тудырмайтын екінші деңгейлі деп есептеп келді. Сотта қарастырылған іс бойынша медицина саласында қылмыс жасаған тұлғаларға көп жағдайларда негізсіз жеңілдіктер жасалынууда. Белгіленген жаза түрі үшін Қылмыстық кодекстің тиісті баптарының санкцияларында қарастырылған ең төменгі жазадан да төмен жазаны қолдануы, жазалаудың неғұрлым жеңіліне өту, шартты түрде соттау және жазаны орындауды кейінге қалдыру бойынша істердің көлемі шамамен 81% құрайды.

Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы еліміздегі денсаулық сақтау саласында болып жатқан жағдайдың айғағы. Осы жайттарға біріншіден: медициналық жоғары оқу орындарында білім беру деңгейінің төмен болуы, оқушылардың сапалы білім алмауы нәтижесінде дәрігерлердің өз кәсібіне деген сауатсыздығы; екіншіден: бақылаусыздық, медицинаның кері және шамадан тыс коммерциялануы; үшіншіден: медицина саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасырынды болуы, яғни қылмыстық істің қозғалмауы немесе істің тергеу барысында тоқтатылуы, сот қарауына дейін жетпеуі сондай-ақ қылмыскерлердің жазаланбауы немесе оларға қолданылатын жазаның жеңіл болуы жатады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // http://akorda.kz/kz/official_documents/strategies_andprograms – Соңғы қаралым 17.11.2015.
2. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 10.12.1948, 392-393 баптар // http://un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml – Соңғы қаралым 17.11.2015.
3. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығы // http://akorda.kz/kz/official_documents/strategies_andprograms – Соңғы қаралым 17.11.2015.
4. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы: <http://npzdravrk.kz/index.php/health-c/112-2> – Соңғы қаралым 21.01.2016.
5. Б.Н. Тажибаев Медициналық қылмыстардың криминологиялық сипаттамасы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. // Алматы, 2015, № 1 (28), Б. 122-126.
6. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений. Российская академия наук. Институт русского языка им. В.В. Виноградова. – 4-е изд., доп. – М.: Азбуковник, 1999. – 944 с.
7. Б.Н. Тажибаев Медицина саласындағы қылмыстарға жаза тағайындау: тарихи аспектісі // Сапарғалиев оқулары: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы тұрғысындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қалыптасудағы мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 2014. – Алматы, 2014. – Б. 235-237.

Аннотация

Медицинские уголовные правонарушения-это действия или бездействие медицинских работников, которые умышленно или по неосторожности причиняют вред жизни и здоровью людей,

умышленно или по неосторожности причиняют вред здоровью или приводят к смерти, угрожающие обществу, нарушающие нормальную медицинскую деятельность, а также требования современной медицинской науки и практики, правила медицинской этики и врачебной деонтологии, принятые законы. Врачебная ошибка-это состояние, вызванное незнанием или игнорированием в сложившейся ситуации специальных юридически значимых требований к профессиональному поведению, возникшее вследствие выбора медицинским работником методов и средств. Низкий уровень образования в медицинских вузах, безграмотность врачей из-за некачественного образования студентов; отсутствие контроля, обратная и чрезмерная коммерциализация медицины; Следует иметь в виду, что сокрытие уголовных правонарушений в области медицины, то есть непринятие или прекращение уголовного дела, неприбытие в суд, безнаказанность или снисходительность правонарушителей способствуют дальнейшему росту этих преступлений.

Abstract

Medical criminal offenses are actions or omissions of medical workers that violate the normal medical activity, as well as the requirements of modern medical science and practice, the rules of medical ethics and medical deontology, the laws adopted, are socially dangerous, are contrary to criminal law, intentionally or unintentionally cause harm or cause death to the life and health of the state and individuals in the interests of the state. A medical error is a situation caused by ignorance or disregard of special legally significant requirements for professional behavior in the current situation, resulting from the choice of methods and means of diagnosis and treatment by a medical professional that pose a threat to the life or health of the patient-involving criminal arrogance, but often criminal negligence, with the exception of the consequences of force majeure or the natural development of the disease. Low level of education in medical universities, illiteracy of doctors due to poor education of students; lack of control, reverse and over-commercialization of medicine; It should be borne in mind that the concealment of criminal offenses in the field of medicine, that is, rejection or termination of a criminal case, failure to appear in court, impunity or leniency of offenders contribute to the further growth of these crimes.

ӘОЖ1343.8(574)

Ж.Б. Акшатаева, Н. Мейірбеков

з.ғ.к., қауым.профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Түйін

Халықаралық құқықтық талдауды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі мен Қазақстан Республикасының «Пробация туралы» Заңының жаңа редакциясына Қазақстан Республикасының жаңа нормативтік құқықтық актілері ретінде талдау жасалған. Сонымен бірге басты назар келесі мәселелерге аударылады: сотталушылардың құқықтық мәртебесі, жазаны орындау жүйесіндегі пробация қызметінің орны, пробациялық бақылауды жүзеге асырудың ерекшеліктері, «түрме тұрғындары», бас бостандығынан айыруды жүзеге асыратын мекемелердің жаңа жүйесі. Талдау негізінде қылмыстық жазаларды орындау тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсыныстар қарастырылады.

Пробация институттары мен прогрессивті жүйені тиімді жүзеге асыру үшін пробациялық бақылауды тағайындау және прогрессивті жүйенің әртүрлі институттарын қолдану функциясын соттан қадағалау комиссияларына беру керек. Біз жасаған ұсыныстар қылмыстық сот өндірісіне қатысты адамдардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету қылмыстық және қылмыстық атқару заңнаманы одан әрі жетілдіруге мүмкін емес, ең алдымен оларды мемлекеттік органдар қызметінде әлеуметтік бейімдеу және оңалту саласында мүмкін емес деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Кілттік сөздер: Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, пробация қызметі, сотталушылар, бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны орындайтын мекемелер.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында қойылған міндеттер заманауи құқықтық негіздерді құруды талап етеді және олардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді көздейді. Жаңа қылмыстық-атқару саясатын қалыптастыру саласында ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің және «Пробация туралы» ҚР Заңының жаңа редакциясы қабылданды [1].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде бұрын ұлттық қылмыстық-атқару заңнамасында болмаған бірқатар жаңа өзгерістер бар. Қазақстан ратификациялаған халықаралық құжаттардың маңызды ережелері жүзеге асырылды. Сонымен қатар, қолданыстағы Қылмыстық кодекстің ережелеріне айтарлықтай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, бұл біздің ойымызша, қылмыстық жазаның жекелеген түрлерін орындау тиімділігін едәуір арттырады. Оның үстіне жаңа Қылмыстық-атқару кодексінің мазмұнының өзі бұл заң құқық қорғау органдары, аталған органдар жүйесі мен тұтастай алғанда елдің қылмыстық саясатын жүргізетін профилактикалық қызметті реформалау үшін қажетті жағдайлар жасайды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Кодекстің мазмұны туралы тікелей айта отырып, қылмыстық заңнамаға енгізілген келесі жаңалықтарды атап өту керек.

Біріншіден, сотталғандардың жазасын өтеу барысында олардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құқықтық мәртебесі туралы мәселе тиісті деңгейге көтеріліп, ол қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының қызметін бақылау әдістерінің бірі ретінде заңнамалық түрде бекітілді: олардың шағымдану құқығы. Бұл ережелердің барлығы жеке 3-тарауда «Сотталғандардың құқықтық жағдайы» деген тарауда бар. Сонымен қатар, үкімдердің және басқа да қылмыстық заңнаманың шараларын орындауға қатысатын мемлекеттік органдардың құзыреті тұжырымдалды және заңға жеке тарау түрінде енгізілді. Сонымен, Қылмыстық-атқару кодексінің 4-тарауында үкіметтің, қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың функциялары бекітілген [2].

Жаза-тәрбиелік процеске қатысушылардың сотталушылармен құқықтары мен міндеттерін шектеу мәселелерін осылай шешу, біздің ойымызша, олардың қызметінің тиімділігін едәуір арттырады.

Екіншіден, кодекстің ережелері негізінде қылмыстық-атқару жүйесінде пробация қызметі деген жаңа орган құрылып жатыр, оның қызметі қылмыстық ортада өзін тапқан адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды қамтамасыз етуге бағытталатын болады. Қазіргі уақытта «Пробация қызметі» деп аталатын мекеме бар, бірақ оның сотталушылармен жүргізілетін тәрбиелеу үдерісіндегі рөлі және құқықтық мәртебесі жаңа кодекстегі ережелерге сәйкес келмейді. Егер қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасында пробация қызметі қылмыстық-атқару инспекциясының - қылмыстық-атқару жүйесі органының құрамдас бөлігі болса, онда жаңа кодексте инспекция пробация қызметінің құрамына еніп үлгерді.

Бұл шешім қисынды және ақылға қонымды, өйткені пробация қызметі атқаратын функциялар қылмыстық-атқару инспекциясының функцияларына қарағанда әлдеқайда кең. Сонымен қатар, шет елдердегі пробация қызметінің тәжірибесінен (мысалы, Ұлыбритания) онда қылмыскерлердің бейімделу процесінде жан-жақты барлық кезеңдерде оңалтуда, қылмыстық сот өндірісінде мұғалімдер, тәрбиешілер, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер және т.б. белсенді жұмыс істейтіндігін көруге болады. Осы жағдайларды ескере отырып, Кодекстің 5-тарауы пробация қызметінің құқықтық мәртебесін, оның функцияларын пробациялық бақылау арқылы жүзеге асыруды, сотталғандардың (кәмелетке толмағандардың) жекелеген санаттарына қатысты оны жүзеге асырудың ерекшеліктерін,

пробациялық бақылау шарттары және оларды орындамаудың салдарын және басқада ережелер реттейді [2].

Қылмыстық-атқару жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымын өзгерту қажеттілігі біздің еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап пайда болды. 20 жылдан астам уақыт ішінде оны реформалау үшін түрлі шаралар қолданылды. Алайда, ең маңызды мемлекеттік мәселе - «түрме халқын» қысқарту әлі шешілген жоқ. 1991 жылдан 2017 жылға дейін түрмедегі тұрғындардың саны бойынша Қазақстан әлемде үшінші орыннан 67-ге көшті [3].

Пенитенциарлық мекемелерде ұсталатын адамдар санының азаюына негізінен механикалық әдіспен - сотталушылардың жекелеген санаттарына рақымшылық жасау актісін бірнеше рет қолдану арқылы қол жеткізілді. Басқаша айтқанда, арнайы контингенттің саны елдің қылмыстық саясатындағы оны ізгілендіру бағытындағы түбегейлі өзгерістер арқылы емес, іс жүзінде жазаны өтеуден босатудың бір түрі - рақымшылық қолдану нәтижесінде ғана азайды. Шынында да, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасынан алынған статистикалық мәліметтерге сәйкес, соттың қылмыстық жазаның ең көп қолданылатын түрі - бас бостандығынан айыру. Арнайы контингент құрамындағы маңызды құрылымдық өзгерістер туралы да айту керек. Ауыр және ерекше ауыр қылмыстарға сотталған адамдардың саны бас бостандығынан айырылғандардың жалпы санының 85% -на жетті. Оның үстіне сотталғандардың 80% -ы 18 мен 35 жас аралығында [3].

Жоғарыда айтылғандардан, рақымшылық қолдану арқылы «түрме тұрғындарының» санын одан әрі азайту мүмкін емес - бас бостандығынан айырылғандардың негізгі санаты ауыр және ерекше ауыр қылмыстар үшін сотталған адамдардан тұрады, оларға қатысты осы гуманитарлық акт іс жүзінде қолданылмайды. Жоғарыда айтылғандар заң шығарушыны Кодекске қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымына бірқатар маңызды өзгерістер енгізуге итермеледі. Ең алдымен, заң шығарушы оны түзеу мекемелерінің атауларынан бас тартты, мұны жаңа қылмыстық саясатта оның мақсаттары өзгергенімен түсіндірді. Енді басты міндет - жазаны өтеу барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осы жағдайды ескере отырып, қауіпсіздік дәрежесіне байланысты атаулар келесідей өзгертілді:

қоныс-колонияның атауы қауіпсіздігі барынша төмен мекемесіне өзгертілді;

жалпы режимдегі колонияның атауы - орташа қауіпсіз мекеме үшін;

қауіпсіздіктің ең жоғары колониясының атауы - қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер;

ерекше режимдегі колонияның атауы - төтенше қауіпсіз мекеме;

түрменің атауы - толық қауіпсіз мекемесі [2].

Сонымен қатар, Кодекс тағы бір маңызды мәселені шешеді - жазаны өтеудің прогрессивті жүйесін (ең алдымен, бас бостандығынан айыру) орындау механизмін жетілдіру және оны сот шешімдерін орындау процесінде кең қолдану. Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау процесі сотталушының құқықтық мәртебесі шексіз және жан-жақты өзгертін прогрессивті, біртіндеп жүйеге құрылғандығына байланысты барлық түрдегі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстау шарттары біртұтас болды, олардың әрқайсысында сотталушылар әртүрлі құқықтық мәртебеге ие болады (құқықтар мен міндеттер). Осылайша, қоныс колониясында және түрмеде жаңа кодексте ұстаудың үш шарты қарастырылған - қатаң, қарапайым және жеңіл; жалпы, қатаң және ерекше режимдер колониясында - қатаң, қарапайым, жеңілдетілген және жеңілдік жағдайлары.

Прогрессивті жүйеде сотталушының құқықтық мәртебесі оның мінез-құлқына байланысты ұсынылған құқықтардың шеңберін кеңейтуге немесе оларды шектеуге қарай өзгертін кез келген қылмыстық жазаны өтеу процесін ұйымдастыру тәсілі ретінде сотталғанның түзелу дәрежесін анықтау үшін өте маңызды.

Сотталған адамды түзеу дәрежесі қатаң анықтауға және реттеуге бағдар бермейтін бағалау ұғымы екенін ескеру қажет. Қолданыстағы заңнамада сотталғандарды сипаттайтын,

олар қол жеткізген түзету дәрежесінің мазмұнын ашпай, мінез-құлқын дәл осылай бағалауға болатын адамдарға әртүрлі ынталандыру шараларын қолдануға мүмкіндік беретін жалпы тұжырымдар өте көп. Нәтижесінде, сондай-ақ қолданыстағы ынталандыру нормаларының бәсекелестігіне байланысты, құқық қорғау органының қызметкері сотталғандарды нақты жіктеу және оларға нақты жеңілдіктерді қолдану мүмкіндігінен айырылады [3].

Қазіргі жағдайды заңнамаға оң және теріс сипатталған сотталушылардың егжей-тегжейлі жіктемесін енгізу арқылы өзгертуге болады. Алайда, егер режимді бұзушыларға қатысты бұл мәселе шешілсе - жағымсыз сипаттамалар үш топқа жіктелді (жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар; жазаны өтеудің белгіленген тәртібін жүйелі түрде бұзатын адамдар; тұрақты бұзушылар жазаны өтеудің белгіленген тәртібі), содан кейін заң шығарушының оң сипатталған сотталушыларына қатысты, біздің ойымызша, логикалық негізделмеген шешім қабылданды. Заң шығарушы үш топты сақтап қалды, тек алдыңғы атауларымен бірге (түзету жолына түскендер, түзету жолына нық қадам басқандар және өздерінің түзетулерін дәлелдегендер), түзету дәрежелерінің сандық белгіленуі орнатылды (бірінші оң дәреже, екінші оң дәреже және үшінші оң дәреже).

Алайда сотталушыларды мінез-құлқына қарай жіктеу өз алдына мақсат емес. Жаңа Кодекстің жобасында әзірлеушілер ұстаудың белгілі бір жағдайларын тағайындауды және әрбір жіктеу тобына прогрессивті жүйе институтын қарастырды. Сонымен, ҚР ҚАК сәйкес, түзетудің бірінші дәрежесі әдеттегі ұстау шарттарына сәйкес келді; екінші дәреже - жеңілдетілген жағдайлар; үшінші дәреже - жеңілдік шарттары; төртінші дәреже - колония түрінің өзгеруі; бесінші дәреже - жазаның жеңіл түріне ауыстыру; ақырында, алтыншы дәреже - мерзімінен бұрын босату. Осылайша, сотталғандардың мінез-құлқын бағалаудың осы схемасын іске асыруда, біздің ойымызша, сотталғандардың түзеу дәрежесіне байланысты ұстау жағдайларын саралаудың практикалық маңызы арта түсер еді, сол арқылы мекемелердің іске асырылуының тиімділігі бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың өсуі, бұл түрме халқының азаюына әкеледі.

Жаңа Кодекстегі жаңашылдықтар туралы айта отырып, сотталғандармен жүргізілетін жазалау-түзеу процесіне қоғамның қатысуын реттеуді де атап өткен жөн. Атап айтқанда, 8-тарауда «Қоғамдық байқау комиссиясы» қоғамдық бақылау комиссиясы қызметінің негіздерін, оның мүшелерінің құқықтық мәртебесін, қоғамдық бақылау комиссиясының қызмет нысандарын және т.б.[2]

Бұл біздің елдегі азаматтық қоғамның дамуын, оның күрделі әлеуметтік мәселелерді шешуге қабілеттілігін айғақтайды.

Қылмыстық-атқару заңнамасында жаңалық - мемлекетіміз ратификациялаған халықаралық шарттарды жүзеге асыру арқылы ұлттық алдын алу тетігін құқықтық реттеу. 9-тарау «Ұлттық алдын алу тетігі» толығымен осы мәселені шешуге арналған.

Қазақстан Республикасының «Пробация туралы» Заңы туралы айта отырып, оның қабылдануымен бірге маңызды міндет - қылмыстық іс жүргізу саласында өзін тапқан адамдарды әлеуметтік оңалту және бейімделу үшін қажетті жағдайлар жасау керек екенін ескеру қажет [4].

Сонымен, егер қылмыстық-атқару кодексі пенитенциарлық саясатты жүзеге асыруды реттейтін болса, онда аталған заң қылмыстық процесте өзін-өзі тапқан адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту процесін құқықтық реттеуді қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, мемлекет қылмыстық субмәдениеттің таралуы үшін әлеуметтік ортаны азайту, құқық қорғау органдарының қылмыстардың алдын алу бойынша профилактикалық қызметін жетілдіру, қылмыс деңгейін төмендету (оның ішінде қылмыстың қайталануы) және т.б.

Пробация (ағылш. Probation - сынау) »- бұл сотталған адам арнайы органдардың қадағалауымен сот белгілеген сынақ мерзіміне орналастырылатын шартты түрде соттау түрі; бірқатар қосымша шектеулер де болуы мүмкін (белгілі бір жерлерге бармау, белгілі бір адамдармен сөйлесуден аулақ болу және т.б.). Қарастырылып отырған заң институтының ерекшелігі - ол туралы біртұтас жалпы қабылданған түсініктің болмауында.

«Шартты түрде соттау» терминіне келетін болсақ, оны әмбебап деп тану мүмкін емес, өйткені ол тек континентальды Еуропада қолданылады және осы мекеменің мазмұнын дұрыс емес жеткізеді (соттау нақты, ал жазаны қолданбау шартты деп саналады). Қадағалау жүктемесі бар үкімді орындау кезіндегі кейінге қалдыру (жай мерзімді кейінге қалдыру) және соттылықты кейінге қалдыру өздерінің ұлттық атауларына ие (пробация жүйесі, сот жүйесі, қылмыстық қадағалау, қорғау қадағалауы, пробация және т.б.), олар бастапқыда синонимдер ретінде олардың даму кезеңін қарастыруға болады. Алайда кейінірек көптеген елдердің, соның ішінде АҚШ пен Англияның заңнамасында қарапайым кейінге қалдыру (шартты түрде соттау) және күрделі кейінге қалдыру (пробация) тәуелсіз санкциялар ретінде бекітілді, бұл олардың жеке басы туралы айтуға мүмкіндік бермейді.

Кейбір штаттарда заң шығарушы пробацияны жаза ретінде анықтайды (мысалы, Швеция, Финляндия, Латвия), басқаларында бұл қылмыстық-құқықтық сипаттағы басқа шараларға қатысты (мысалы, Англия, Дания), ал басқаларында байланыстырады бұл шараны жазадан босатумен қолдану (мысалы, Эстония), ал кейбір елдерде бұл мекеменің табиғаты мүлдем көрсетілмейді (мысалы, АҚШ). Әрбір жеке мемлекеттегі заңнаманы жобалаудың ерекшеліктері мен көзқарастарының айырмашылығына қарамастан, шартты түрде соттаудың мәні барлық жерде бірдей - егер белгілі бір жағдайда жасалған қылмыс үшін жазаны орындауды кейінге қалдыру, егер жазаның мақсаты деп санауға негіз болса оған қызмет етпей-ақ қол жеткізуге болады [3].

Біздің ойымызша, осы саладағы ұлттық және халықаралық тәжірибенің үйлесімді бірін-бірі толықтыруы және үйлесуі «Пробация туралы» Заңның пробация процесінде дамитын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің жоғары әлеуетімен реттеуге мүмкіндік береді. Әсіресе, біз айтқан пікір сотқа дейінгі және қылмыстық-атқару пробациясын жүзеге асыруда шындық болып табылады, бұрын ұлттық қылмыстық іс жүргізу үшін белгісіз болған.

Пробацияның толық циклын енгізу, біздің ойымызша, қылмыстық процесс саласында өзін тапқан адамдарды әлеуметтендіру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді, бұл негізінен «түрме тұрғындарының» динамикасына және қылмыстың қайталану деңгейіне әсер етеді, яғни жазасын өтеген адамдардың қылмыстар жасауының қайталануы. Осы категориядағы адамдарды қайта әлеуметтендіру үдерісі халықаралық тәжірибеге сәйкес, оларға қатысты жүйелік, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар кешенін пробацияның барлық сатыларында (сотқа дейінгі, үкім, қылмыстық-атқару жүйесі, пенитенциарлық бақылаудан кейінгі) жүзеге асыруды болжайтынын атап өткен жөн. Пробация қызметі сотталушылардың отбасыларымен, туыстарымен және үкім шығарғанға дейін жұмыс істеген еңбек ұжымдарымен әлеуметтік байланысын сақтауға көмектесуі керек. Пробация процесіне азаматтық қоғам институттары қатысуы керек.

Сот істің мәні бойынша шешім шығарғанға дейін қылмыстық іс жүргізу саласында өзін тапқан адамдарды бейімдеу және оңалту процедурасын бастау қажет. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, сотқа дейінгі пробация соттың шешімінсіз қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адаммен әлеуметтік, тәрбиелік, профилактикалық және басқа шараларды жүзеге асыруды көздейді. Егер сот шешім шығарса (пробация үкімі шығарылса), онда ол көпшілік алдында болуы керек, қылмыскердің қылмыстық немқұрайдылығы жазасының пропорционалдығын және ол жасаған әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін нақты растайды.

Сонымен бірге пробация қызметі айыпталушылармен және сотталушылармен жүргізетін тәрбие жұмысы қорытынды жасау үшін олардың жеке басын, олардың криминогендік қараусыздық дәрежесін зерттеуден тұруы керек, оны сот шешім қабылдағанда істің мәні бойынша ескеруі керек. Сонымен бірге Пробация қызметі сот ісін жүргізудің барлық сатыларында, оның ішінде жазаны орындау кезінде (қылмыстық-атқару пробациясы) қылмыстық сот төрелігі саласында өзін тапқан адамдарға психологиялық және өзге де көмек көрсетуі керек. Шет елдердегі пробация қызметінің тәжірибесінен (мысалы, Ұлыбритания, Голландия) пробация қызметінде мұғалімдер, тәрбиешілер, дәрігерлер,

әлеуметтік қызметкерлер және т.б. қылмыскерлерді бейімдеу және оңалту процесінде қылмыстық процестің барлық сатыларында - сотқа дейінгі, үкім, пенитенциарлық және пост пенитенциарлық сатыларда жұмыс істейтіндігін көруге болады, бұл пробация қызметінің жан-жақты қызметін көрсетеді.

